

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты  
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

**Бекітемін**  
**Академия бастығының**  
**оқу ісі жөніндегі орынбасары**  
**з.ғ.д., профессор**  
**полиция полковнигі**  
**\_\_\_\_\_ З.С. Тоқыбаев**  
**« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2018 ж.**

**Пән бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)**

**KDKOKKE 1110 «Қазақстанның діни қауіпсіздігі және оның құқықтық  
қамтамасыз етілуі»**

**5B030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандығы**

оқыту нысаны: күндізгі

курс: 1

семестр: 2

кредит саны: 1

дәріс: 5 с.

семинар: 10 с.

тәжірибелік сабақтар: -

КООЖ: 15 с. (7 сағат аудиториялық, 8 сағат аудиториядан тыс)

КӨЖ: 15 с.

Курстық жұмыс: -

Емтихан: 2 семестр

**Қарағанды 2018**

**«Қазақстанның діни қауіпсіздігі және оның құқықтық қамтамасыз етілуі» пәні бойынша 5В030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS), 103 б.**

Құрастырған: Әділет Бауыржанұлы Жағыпар жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, полиция аға лейтенанты.

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды «22» мамыр 2018 ж., №19 хаттама.

Жалпы білім беретін пәндер  
кафедрасының бастығы  
полиция полковнигі

Х.К. Уразбаев

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ОӘК отырысында бекітілді

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2018 ж., № \_\_\_\_ хаттама

## 2.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	5B030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	1 курс, 2 семестр
3. Пән циклы	ЖББП
4. Кредит саны	1
5. Сабақ өткізу орны	кесте бойынша
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Жағыпар Әділет Бауыржанұлы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, тел. 30-33-82, іш. 3-41.
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Жағыпар Әділет Бауыржанұлы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, тел. 30-33-82, іш. 3-41.

**2.2 Пререквизиттер:** Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы, философия.

**2.3 Постреквизиттер:** Халықаралық терроризм мен экстремизм: қауіп-қатер факторлары, тарау тенденциялары мен оған қарсы әрекет шаралары, діни экстремизм және терроризм.

**2.4 Пәнді қысқаша сипаттау:** Дін дегеніміз – адамзат пайда болғалы бар және қазір де өміршеңдігін тоқтапаған, тіпті адамдармен бірге өмір сүре беретін тәңірлік жүйе. Адамзат тарихында, мейлі қай кезеңде болмасын, наным-сенімнен жұрдай бірде-бір қоғамды кездестіре алмайсыз. Тарихи кезеңдердің барлығында да адам баласының әйтеуір бір сеніммен өмір сүргенін жүргізілген зерттеулер көрсетіп берді. Демек, бұлардың барлығы қоғамды құратын негізгі принциптердің басында дін тұрғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, философия, құқық және этика секілді кейбір ғылымдардың қайнаркөзі – дін екендігі айқындала бастады. Виктор Кузин: «Әрбір нәрсе діннің төңірегінде, дін үшін және дінмен қалыптасты», – дей отырып, дін тақырыбы мен саласын одан әрі кеңейте түсті. Адамзат тарихындағы өте маңызды орынға ие «діннің» сөздік және терминдік мағыналарының осы орайда берілуі бұл ұғымның кеңінен түсіндірілуіне елеулі септігін тигізеді. Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі.

Діндердің пайда болуы және тарихи процестермен байланысын, дін саласындағы өзекті мәселелерге, Қазақстандағы діни жағдайдың дамуын оқытады. Сонымен қатар, дінді ұстанатын қоғамның, бірлестіктердің

өміріндегі алатын рөлін анықтау жатады. Қазіргі замандағы проблемаларға деген діндердің әсері және дінге деген өзекті және саналы ой тұжырымдарының қалыптасуын қарастыру. Осы пәнді оқыту барысында курсанттар «әлемдік діндер» түсінігімен, дін теориясымен, оның пайда болуы және қабылданылуы туралы ойларды танып біледі. Негізгі міндеттердің бірі, ол әлемдік өркениеттердің дамуында діндердің алатын орнын анықтау және қатынасқа түсу, қабылдау проблемаларын қарастыру. Дінтану курсының оқытудағы өзекті сұрақтарды қарастырып және түсіну.

Бұл курстың негізгі мақсаты:

- діннің қалыптасуы мен дамуын ашып көрсету;
- діни бірлестіктердің бейбіт қатар өмір сүрулеріне қолдау көрсету, әртүрлі дінді ұстанатын адамдар арасындағы өзара түсіністік пен толеранттылықтың орнауын түсіндіру;
- қазақстандық қоғамның консолидациялануы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету, оның рухани-адамгершілік әлеуетін сақтау және нығайту жолдарын зерделеу;
- жаһандану жағдайында дінаралық қатынастардың үйлесімділігіне септігін тигізетін рухани және мәдени байланыстарды сақтау және оны нығайтуды сараптау;
- Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі діндер мен діни бірлестіктердің қалыптасуы мен дамуын зерделеу;
- дінаралық толеранттылық пен татулықтың қалыптасуын түсіндіру;
- діни қатынастардың кейбір мәселелерінің шиеленісуі және бұл мәселелерді саяси-құқықтық реттеудің одан әрі жетілдіру жолдарын сараптау;
- Республикадағы діндер, діни бірлестіктер және дін жөніндегі заңнамалар реттейтін қоғамдық қатынастарды түсіндіру;

**Мақсатқа жетудің міндеттері** – курсанттардың дін тарихының мәнін, өзара түсінісуге мүмкіндік беретін ондағы адамгершілік құндылықтарын негіздеу тәсілдерін ұғынудың ерекшелігін білуімен және олардың осы пәннің мәселелеріне арналған діни, философиялық, көркемдік және публицистикалық мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларымен байланысты категориялық және методологиялық аппаратты меңгерулерімен байланысты. Курсанттар алуан түрлі философиялық көзқарастар мен пікірлерге салыстырмалы талдау тәсілдерін меңгеріп және олардың діни – философиялық, әдеби-көркемдік концепциялар мен тиісті өмірлік (практикалық, мінез құлықтық) көзқарастар арасындағы байланысты орната білуімен байланысты.

## **2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:**

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Орындау мерзімі	Бақылау түрі	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Семинар сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	Семинар сабақтарының жоспарына сәйкес	Семинар сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Құрсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 %дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КООЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
2	КООЖ сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	КООЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КООЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Құрсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар ж/е КООЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар және КООЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КООЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
3	Межелік бақылауға дайындық	Сабақтардың жоспарына сәйкес	сабақтарға дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Құрсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Коллоквиум (100% дейін)	Межелік бақылау	семестрдің 7 және 14 аптасы
4	Реферат, эссе жазу, слайд-проект дайындау	КӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Құрсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе реферат қорғау (100% дейін)	Үй жұмысы КӨЖ тексеру	Семинар сабақтары мен КООЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға дайындық	Курсанттардың пән бойынша қортынды білімдерін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімімен сәйкестігі	Барлық оқу процесі аралығындағы дайындық	Қорытынды бақылау	Қорытынды	Курс аяқталғаннан кейін емтихан кестесімен сәйкестігі

## 2.6. Курс саясаты.

Оқу процесінде курсанттарға қойылатын негізгі талаптар оқу курсының мақсаттары мен міндеттерінен шығады. Оқу уақытында белсенділік көрсету үшін курсант осы пәнді меңгеруге және топтың үлгеріміне ықпал етуі керек; бірігіп оқудың субъектісі, белсенділік пен жауапкершіліктің иесі болуға тиіс.

- Барлық тапсырмалар уақытында орындалуы керек;
- Сабаққа курсанттар дайындалып келуге тиісті;
- Қойылған сұрақтарға, проблемаларға шығармашылық тұрғысынан жауап беруге тырысуы керек;
- Курсант дәрістік және семинарлық сабақтарға міндетті түрде қатысуы керек;
- Міндетті түрде қатысатын сабақтары курсанттардың рейтингісіне әсер етеді;
- Сабаққа кешігуге болмайды;
- Сабақ кезінде бос әңгіме, газет-журнал болмауы керек;
- Ұялы телефонмен сөйлесуді тоқтату қажет; сағыз шайнау секілді өрескел әдеттерден құтылу қажет;
- Сабаққа себепсіз келмей қалуды тоқтату керек;
- Сабақ барсысында шығармашылық белсенділік көрсетуге тырысу керек;
- Үй жұмысын ұқыпты орындаған жөн.

## 2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

№№ р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
<b>1. Нормативтік құқықтық актілер</b>		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2017.10.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)	Астана, 2017.
2	«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы (2016.22.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)	Астана, 2016.
3	«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31-III Қазақстан Республикасының Заңы (2016.28.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)	Астана, 2016.
<b>2. Негізгі әдебиеттер</b>		
4	Асқаров Н., Кенжетәев Д., Сайлыбаев Ә., Тұяқбаев Ә. «Дінтану»	Астана, 2010
5	Әбсаттар Қажы Дербісәлі «Ислам және заман»	Алматы, 2008
6	Алтай Ж., Қасабек А., Мұхамбетәлі Қ. Философия тарихы: Оқулық	Алматы: Жеті жарғы, 2009.
7	С.Зиманов. Қазақ әдет – ғұрып заңдарының шариғаттың әсері.	Алматы 2008 ж.
8	Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін): оқу құралы 2-ші бас., толық., өнд	Алматы: Қазақстан, 2005
9	Ж.Омари. Қаздауысты Қазбек би.	Алматы 2008 ж.
10	Ғабитов Т.Ғ. Философия: жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық.	Алматы: Раритет, 2008.
11	Уалиев М.Е. Қазақтанның қазіргі заман тарихы. оқу құралы	Қарағанды: ҚР ИМ ҚА, 2016.
12	Ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі қазақстан тарихы. 5 том.	Алматы “Жеті Жарғы” 2012 ж.
13	Абил Е. История государства и право Республики Казахстан с древнейших времен до наших дней.	Алматы 2011.
15	Артықбаев Ж.О. “Жеті Жарғы” мемлекет және құқық ескерткіштері (Зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні); оқу құралы,	Алматы 2012.
16	Каняшин Ю.Н. Очерки по истории права в средние века.	Алматы 2010.
17	Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси құқытық көзқарастарының эволюциясы.	А: Атамұра 2008 ж.
18	Өзбекұлы С. Хан Тауке и правовой памятник “Жеті Жарғы”	А. Өркениет 2009.
19	Айтбаев О. Дінтану негіздері.	Қарағанды 2005.
20	Дін саласындағы өзекті тақырыптарға арналған 20 сұрақ пен жауап. 1 шығарылым: Мемлекет және дін / Құраст. К.Т. Калилаханова, Е.Е.Ибраев, Д.Б. Есенова, С.Б.Оспанова, Л.В. Стефогло, А.С. Ахметбекова, Г.М. Токтарова.	Астана: ҚР ДІА, 2014. – 34 б.
21	Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.	Астана 12 сәуір 2017 ж.

22	Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері».	Астана 10 қаңтар 2018 жыл.
<b>3. Қосымша әдебиеттер</b>		
23	Васильев Л. История религии Востока.	М. 1983
22	Бейсебаев А. Діни фундаментализмнен экстремизмге дейін және оның Қазақстандағы көріністері	Қоғам және Дәуір №3 (27) 2011.
23	Бұлұтай М. Қазақстандағы дін және мемлекет қатынастары	Дала мен Қала №8, 2011.
24	Борбасова Қ.М. Жаңа діни ағымдарды классификациялау мәселесі	Саясат №5 2010.
25	Иманбаев М. Қазақстанның діни кеңістігіндегі исламдық ағымдар мен ілімдер: мәселелерін шешу жолдары	Қоғам және Дәуір №3(31)2012.
26	Джемс В. Многообразие религиозного опыта.	СПб., 1993
27	Религия. Философия. Культура.	М., 1992
28	Тайлор Э. Первобытная культура.	М., 1989
29	Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет.	Алматы. 1993
30	Мұхаммед пайғамбар, өмірі мен қызметі.	Алматы. «Жазушы». 1991
31	Шәкәрім Құдайбердіұлы. Мұсылмандық шаты.	Алматы. «Қазақстан» 1993
32	Религия в Казахстане. Хрестоматия.	Алматы. 2002.
33	Салдбаев Т.С. Ислам.	М., 1993
34	Религии в Казахстане. Хрестоматия часть 1.	Алматы. 2002
35	Августин Аврелий. Исповедь.	М., 1989
36	Библия	М., 1976
37	Булгаков С.Н. Православие.	М., 1991
<b>4. Электрондық оқулықтар мен оқу құралдары</b>		
38	Уразбаев Х.К., Уалиев М.Е., Жағыпар Ә.Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Электрондық оқу құралы	Қарағанды: ҚР ИИМ ҚА, 2017.
39	Курс [Электронный ресурс] : история зарубежной философии / Симонов Д.А. - Электрон. текстовые дан. (454Кб). -	Қараганда, 2003.
40	Основы философии [Электронный ресурс] : учеб.пособие для студентов юридических вузов / Т.Х. Габитов. - Электрон. текстовые дан. (76.2Мб). -	Қараганда, 2000.
<b>5. Ғаламтор көздері</b>		
41	Сайт <a href="http://astanaormfni.kz">http://astanaormfni.kz</a> .	
42	История Великой степи [Электронный ресурс].-Режим доступа: <a href="http://ww.neonomad.kz/history/">http://ww.neonomad.kz/history/</a> .	
43	Архивы Казахстана [Электронный ресурс].-Режим доступа: <a href="http://ww.kazarchires.kz">http://ww.kazarchires.kz</a> .	
44	Сайт об известных людях и исторических личностях Казахстана. [Электронный ресурс] обзорный сайт.- Режим доступа: <a href="http://www.biografia.kz">http://www.biografia.kz</a> .	
45	Казахстанская Интернет Энциклопедия, Биографии Казахстана. - Режим доступа: <a href="http://www.encyclopedia.kz">http://www.encyclopedia.kz</a> .	
46	Асылмура. Музыкальное наследие Казахстана // <a href="http://www.asylmura.kz/">http://www.asylmura.kz/</a>	
47	Мәдени мұра. Ұлттық жоба. // <a href="http://www.madenimura.kz/">http://www.madenimura.kz/</a>	
48	Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. // <a href="http://www.iie.kz/">http://www.iie.kz/</a>	
49	Мемлекеттік тарих институты. // <a href="http://www.memti.kz/">http://www.memti.kz/</a>	
50	Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы // <a href="http://www.nlrk.kz/page.php?lang=2">http://www.nlrk.kz/page.php?lang=2</a>	
51	<u>Қазақстан – Ресей «Шекарадағы кездесулер» бірлескен мегажобасының электрондық кітапханасы</u> // <a href="http://www.nlrk.kz/data11/">http://www.nlrk.kz/data11/</a>	
52	Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты // <a href="http://www.kisi.kz/">http://www.kisi.kz/</a>	
53	Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі // <a href="http://www.akorda.kz">www.akorda.kz</a>	
54	Қазақстан Республикасындағы Митрополиттік Аймақ <a href="https://mitropolia.kz/">https://mitropolia.kz/</a>	
55	Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты <a href="https://Muftyat.kz">https://Muftyat.kz</a>	
56	Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің ресми сайты <a href="http://www.din.gov.kz">http://www.din.gov.kz</a>	
57	Дін саласындағы негізгі мәселелер бойынша материалдар жинағы: Мемлекеттік қызметкерлерге көмек ретінде / Құраст.Ж.Ж. Қарашолақов, Е.Е. Ибраев. Қазақшаға аударған: Г.М.Тоқтарова, Е.Е.Ибраев. – Астана, ҚР Дін істері агенттігі, 2014. –161 б. <a href="http://dinvko.gov.kz/uploads/images/Berenlbuk_kaz.pdf">http://dinvko.gov.kz/uploads/images/Berenlbuk_kaz.pdf</a>	
58.	Қазақстан халқы Ассамблеясы <a href="http://assembly.kz/ru">http://assembly.kz/ru</a>	

## 2.8. «Қазақстанның діни қауіпсіздігі және оның құқықтық қамтамасыз етілуі» курсы бойынша тақырыптық жоспар

№	Тақырып номері	Тақырыптың атауы	Аудиториялық сабақтар			КОӨЖ		КОЖ
			Дәріс	Семинар	Тәжірибелік	Аудитория-лық	Аудитория-дан тыс	
1	1	Дінтану ғылым ретінде. Қазіргі дінтанудың ұғымы және санаттары.	1	2	-	1	2	3
2	2	Тарихи контекстегі діннің дамуының негізгі ерекшеліктері.	1	2	-	2	1	3
3	3	Ұлттық және әлемдік діндердің өзіндік ерекшелігі және өзіндік болмысы	1	2	-	1	2	3
4	4	Қазақстанның діни қауіпсіздігі және оның құқықтық қамтамасыз етілуі.	1	2	-	2	1	3
5	5	Қазақстандағы конфессияаралық келісім және діни толеранттылық.	1	2	-	1	2	3
<b>Барлығы</b>			<b>5</b>	<b>10</b>	<b>-</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>15</b>

## 2.9. САБАҚ ЖОСПАРЫ

### ДӘРІС САБАҚТАРЫ

#### Дәріс тақырыбы 1. Дінтану ғылым ретінде. Қазіргі дінтанудың ұғымы және санаттары.

*Дәріс 1 сағат*

#### Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Кіріспе.
2. «Қазақстанның діни қауіпсіздігі және оның құқықтық қамтамасыз етілуі» пәні және құрылымы.
3. Пәннің басқа ғылым және білім салаларымен байланысы. Пәннің мақсаты мен міндеттері.

Дәріс тезистері:

«Дін» сөзі латынның «religio» деген сөзінен шыққан, «діншілдік», «құдайшылдық», «аса құрметті», «ғибадаттық» деген мағынаны білдіреді. Дін – бұл әлемді танудың бар әдісінің көмегімен түсіндіруге немесе логикалық ұғынуға беріле қоймайтын әлдебір ғажайыпқа сенуді білдіретін дүниетаным немесе дүниені сезіну (және оның адамның мінез-құлқына себепші болуы). Кез келген діни дүниетанымның негізін сенім құрайды.



Діндар адам Құдайдың бар екеніне логикалық дәлелдемелер немесе материалдық айғақтарды қажет етпейді. Оған құдайшылдықпен өзара әрекеттесудің өзіндік тәжірибесі, ішкі сенімділігі жеткілікті. Діни түсініктердің пайда болуы көптеген мыңжылдықтар барысында тәни және рухани дамыған адамның өзінің жетілуімен байланысты болды. Адамдарды қоршаған сыры білінбес, құдіретті табиғат бастапқыда адам табынған барлығын тегіс қамтушы және ұлы Құдірет болатын. Діннің тарихи ең ежелгі түрлері – тотемизм, анимизм, магия, сыйқырлық, шаманизм. Адамдардың діни түсініктері адамзат тарихының бір бөлігі бола отырып, адамзат қоғамымен бірге өзгеріп отырды. Ықпалды абыздық ерекше тобы бар, күрделі иерархиялы құдайшылдығы мен биліктің монархиялық жүйесі қалыптасқан ірі мемлекеттердің пайда болуы монотеистік дінге, яғни бір құдайлыққа өтуге негіз болды. Біртіндеп Бүкіләлемді жаратушы, барлығын қамтушы, бір Құдайға сенім пайда бола бастайды. Адам өмірінің мақсаты адамға рухани даму жолында көп жетістікке жеткен өзінің ағайындарынан (пайғамбарлар және т.б.) берілген өсиеттер мен уағыздар арқылы өзін-өзі жетілдіру болды. Монотеистік діндер (иудаизм, буддизм христиандық, ислам) дәуірінің келуімен адамзаттың діни тарихында жаңа кезең басталды. Жоғарыда айтылғанды түйіндей келе, дін адамзат мәдениетінің игілігі бола отырып, тарих барысымен бірге әрдайым өзгеріске ұшырап отырғандығын айтып өткен жөн. Сонымен, бір жағынан, діни сенім ілімдері адамды рухани байытты, оның жаңа өркениеттік деңгейге көтерілуіне септігін тигізді.

Дінің шығуы туралы көптеген көзқарастар бар. Солардың ішінен ең кең тараған екі көзқарасқа тоқтасақ, бірі "прамонотеизм" - дейміз. Бұл көзқарас бойынша, ерте дәурде көп діндердің шығуы алдында барлық адамдарда бірғана дін болған, яғни олардың барлығы бір Құдайға – Жаратушы күшке сенген дейді. Кейінен қоғамның тарихи өзгеруіне байланысты көп құдайға сену шығады дейді. Бұндай түсініктің беделі түсуі, ертедегі діндерді зерттеуден (анимизм, фетимизм...) шығады. "Прамонотеизм" - кәзіргі кезде теологиялық көзқарастың бір салалық көзқарас болып қалды. Екінші бір көзқарас "дінсіз дәуір", деп атасақта болады. Бұл көзқарас бойынша адамзатта өте үлкен уақыт дінсіз дәуірлер болды дейді., яғни адамзаттың шама мен жасын 2 млн.жыл деп алсақ, оның 1млн. 900 мың жылы дінсіз дәуір болады. Бұндай көзқарастың дәлелсіздігін ХІХ – ХХ ғғ. этнографиялық, антропологиялық, архологиялық зерттеу ғылымдары көрсете білді. Себебі, қанда бір төмен сатыда тұрған тайпа, ру болмасын олардың діни туралы көзқарастың барлығын көрсетеді.

Алғашқы діни сенімдер мифтік дүниеге көзқарастық системада өтіп жатты. Мифтік системасы әр түрлі салаларда жүріп жатты. Оның ішіне ең негізгі саласы «әңгіме тұрғыда баяндау» мен «түсіндіру». Өте ертедегі діндердің тарихи мәліметтері, бізге салт – жоралар арқылы жетті. Салт арқылы адамдар табиғат «хаосына» қарсы тұрып тәртіпке шақырады.

Фетишизм – (португ.сөзінен сиқырлы зат), деп әртүрлі заттарды, кейде өсімдіктерді киелі есебінде қарастыру. Әр алуан заттардан бірер заттарды немесе затты бөліп алып, оған киелі, құдіретті мән беріп, сол зат арқылы

өзіне қолайлы, керек оқиғаға әсерін тигізеді деп ойлау. Ондай фетиштік заттарды тек табиғи емес, қолдан да жасап алуға болады. Фетиштің заттары – табиғи: тас, ағаштың бөлігі, аңның тісі, ...келе келе қолдан жасалған заттар: талисман, крест, икон, жарты ай т.с.с. Осындай заттардың арқасында әр түрлі аурудан сақтану, көзтиюден сақтау, жаулардан сақтау, аң аулауда ол заттар жәрдем беруі және т.с.с.

Фетишизм сол бір ерте дәурде шыққан мен оның қалдықтары осы заманға күрделі діндерден де табамыз. Фетишистке сенудің шығу себебі әр түрлі заттардың қасиеттерін байқау, сол бір қасиеттерден түсінік арқылы діндегі заттар мен нәрселердің сыртқы көріністік, қасиеттерін бейнелеп білу, ал нәрселердің ішкі қасиеттерін, мәнін біле алмай немесе олардың ішкі қасиеттерін жаңылыс түсінуі арқасында кейбір зат киелі ретінде қабылданады.

Тотемизм- оның руды белгілі бір, румен және бір белгілі бір заттар, көбінде тірі заттар немесе жануарлардың ру негізі бір әке және анадан таралғанбыз деп санау. Ертедегі рулық қоғамда аң аулау мен үй жануарлардың адам өміріне, оның өмірі тікелей сол жануарларға байланысты болғандықтан (жануарлар тамақ болды, киіндірді, көлік болды) малдардың алдында рызашылығын білдіріп, жануарлардың бірер түрлерін киелі есебінде қарастырды. Киелі жануарларды кетін жемей, құрметтеп олар үшін әртүрлі аңыздар айтып, өлеңдер шығарып құрметтеді. Егер де тотемнің етін жейтін болса, онда үлкен салт - жораларында сойылған тотем етін сол ру мүшелдеріне таратып беріп отырады, ал ру адамдары "бұл біздің етіміз" деп пікрлесті. Ру тайпалық қаумдарда тотемдік түсінік табу (тиым салу) деген түсінікке алып келіп жеткізді. Табу арқылы ру – тайпалық қатынастарды реттеу және тотемдік жануарларды өлтіруге, етін жеуге тиым салу. Тотемдік түсінік арқасына «тийы салу» системасы шықты. Ондай табулық система сол қаумдардың ара қатнастарын реттеуге үлкен жәрдем берді.

Тағыда дінің жабайы түрін магия деп атайды. Магия -(грек.тіл. сиқыршылық, тәуішшілік), бір объектіге иррационалды түрмен әсер етуі, немесе әртүрлі сөздермен сол бір кезекті оқиғаны өзінің көзқарасына сәйкес етіп өзгерту. Оның шығу себебі, ертедегі қаумдағы адамдардың сөз, сөйлем, пікір байлығын игере бастағаннан шығады деуге болады. Ол адамдар сөз байлығы немесе пікірді қолдана білген адамның зор нәрсемен қаруланатынын білген. Сөзбен адамды жұтататын, әлсіз ауыру адамдарға дем беріп, оның жазылуына жәрдем беруге болатынын байқаған. Тағыда, сөзбен адам жүрегін жаралауға болатынын байқаған. Сондай сөзге шебер адамдар, адамның сөзбен психологиясына әсер ете отырып оны кәсіпке айландырады. Әлемге мифтік көзқараста, адамдар жеке затпен оның атын дербес айырмады.

Алғашқы кезде магия синкретикалық түрде болды да кейінен магияның әр түрге бөлініп кетті. Магияның қолдану түрлері өте көп болады. Қазіргі этнографтар магияның түрлерін қолдану әдісімен және не мақсатпен қолдануына байланысты – түрлерге бөледі. Магияның қолдану әдісі бойынша: тікелей объектімен жанасу; инициальды – объектмен жанасуға

мүмкіншілік жоқ; парциальды – бір заттар арқылы әсерін тигізу, шаш алу, трынағын алу...; имитативтік – объектігі ұқас объектімен әсер тигізу.

Магияның мақсаты бойынша: олардың ішінде ең үлкен тараған түрі өндірістік магия. Себебі адам өмір сүру жолы өндірістен басталғандықтан ол магия бірінші орын алады десекте болады. Магияның басқа түрлері: соғыс магиясы, денсаулық сақтау магиясы, сүйіспеншілік магиясы, т.с.с. Магияның өзінің бөлінуіне байланысты, магияның өзін кәсіп ретінде орындайтын адамдар шығады., олардың атын әр түрде айтады, шамандар, тәуптер, көзбояушылар, сықыршылар болып бөлінеді. Магияда басқа ертедегі діндерге ұқсап жойылып кетпейді. Қазіргі күрделі діндердің арасында магияның қалдықтары бар. Магия дінің бір түрі болғанымен, ол құдіретті "жасырын" күшке сенеді. Магия үшін реалді құдай жоқ. Магия сол себепте дінсіз әдет ғұрыптармен де орындала береді. Ол әртүрлі іс әрекетінің, сөздің, сөйлемнің жасырын "күшіне" сеніп сол арқылы объекте әсерін тигізуге әрекет жасайды.

Ең бір сөңгі жабайы дінің түрі анимизм деп атайды.

Анимизм (лат.тіл.жан)- деп, жан бар дегенге сену. Анимизмнің алғашқы түрі, Аниматизм деп аталады. Аниматизмдік түсінік жан мен тән (дене) бірге өмір сүреді. Тән өлсе немесе қираса жанда өледі. Ал, анимизмде «жан» тәннен дербес өмір сүрее алады. Бұндай түсінік ертедегі адамдарда шығу себебі көптеген құбылыстарды білмеуі, түсінбеуі. Мысалыға, түс көру, ауыру, өлім, тағы сондай әсерленушіліктен және галлюцинациялық елестетудің не екенін білмей, "Жабайы философ" денеді жан бар деп, ұйықтағанда ол жан, анда - санда денені тастап шығып келіп отырады деп түсінді. Ондай түсінік өлгеннен соң ол жан дербес өмір сүрер деп ойлады. Жан дербес өмір сүретін болса, оған да өмір сүретін орын керек болды, осыдан барып ол дүниеде олар өмір сүреді. Екінші жағынан, анимистік түсінік қоршап тұрған әлемдерге де тарады. "Жабайы" адам қоршап тұрған дүниенің барлығының жаны бар деп түсінеді. Оларда адамға ұқсап ойлайды, сезінеді деді. Э.Тайлордың (1832-1917) айтуы бойынша, түземіс аяғын ұрып алған тасты тістеп алуға дайын тұрады, оныда ауртқысы келеді – дейді. Осындай түсінік келе – келе барлық табиғаттың күшіне айналып құдіретті күшке айналады. Әрбір құбылыс жаны бар күшке айналып эволюциялық даму салдарынан политеистік (көп құдай) және дами келе монотеистік (бір құдай) діни көзқарас пайда болады. Анимистік түсінік қандай бір дін болмасын, қазіргі күрделі діндерде сақталып келеді. Олар, мәңгі жасайтын жан, әртүрлі періште, әруақ, жын-сайтан, домовой т.с.с. түсініктер қандай бір дін болмасын олардың негізгі түсініктерінің бірі болып отырады. Алғашқы дәурдегі жабайы діндердің барлығы бір бірімен араласа отырып, бір бірін толықтыра отырып өмір сүреді. Бірақ та ру- тайпалық қоғамда қандай шаруашылық басым болса сол бір төрт дінің бірі кеңірек тарап отырады. Сібір мен Қиыр шығыстағы адамдарда магия мен шамандық діни көзқарастар басым таралады. Профессинал – дін иелері, діни проффессиналдар шығуына байланысты дінді бір системаға келтіріп, негізгі догмаларын құрастырып тұжырымдады.

Болсада, діни профессионалдар бір дінен шықан жоқ. Ерте дәурдегі қоғамда адамдардың атқаратын міндеттері бөлінген жоқ. Барлығы бірігіп бірдей жұмыс істейді, бірдей тамақ ішті. Мистикалық әдет – ғұрыптарды барлығы бірге орындады. Әсті - әсті, білмдерінің, сана – сезімдерінің өсуіне байланысты, байлықтарының өсуіне байланысты қауым мүшелерінің арасында айрмашылықтарда өсе бастады. Әр бір аптада әртүрлі әдет ғұрыптар, ойын өнерлерді барлық қауым мүшелері орындай беруіне мүмкіншілік болмады. Бұндай міндетті бірер адамдар атқаратын болды. Бұндай адамдар шаман немесе верундар аң аулауды және басқа да шаруашылықты қойып профессионалды, шаман, жрец немесе көсемге айналады. Шаман "тілмаш" десек те болады, ол адам, әртүрлі әруақтармен және жын – сайтандармен «сөйлесе алады». Олардың тілін біледі де оларға өзінің әсерін тигізе алады. Шамандық көзқарас бойынша, қандай бір адам ауырмасын оның бойына жаман күш немесе жаман рух кіріп шықпай отыр дейді. Шаман өкілі сол күшпен әртүрлі ритуалдық іс әрекеттер, магиялық түрде арбау арқылы, байланысып, сол жаман рухты адамның денесінен кетуін талап етеді. Шаманның шамасы тағыда табиғаттың құбылыстарына әсері тигізеді, келешекті біледі, аң аулауға жәрдем береді, өлген адамдарды ол дүниеге жығарып салады. Шаман болу әрбір адамның қолынан келе бермейді. Ондай адамдар "шаманауруымен" ауыру керек. Ондай адамдар адамның психологиясын жақсы білу керек, гипнозды қолдана білу керек, өлең шығара білу керек, әртүрлі жаңалықтарды, өзгерістерді біліп отыру керек жән т.с.с. Қазыргі кезде шамандардың түрлері – бақсы балгерлер, тәуіптер болса соларға жатады.

Ерте ғасыр заманындағы діни түрлері осы айтылған түрлермен ғана шектеліп қоймайды. Келесі көне дәурдегі дінің өкілі көсем. Алғашқы көсемдердің ролдері: ұймдастырушылық, діни ритуалдарды басқарып орындаушылар. Оның негізгі ролі өзінің қауымымен жасырын күштердің ара қатынастарын реттеу болады. Көсемнің атқаратын функциясы: жауын жаудыру, малдарды көбейту, қауымды аурудан сақтау т.с.с. болады. Рудың күшін сақтау үшін, қаусаған көсемдерін өлтіріп отырады. Онымен бірге әйелдерін, құлдарын да бірге көміп отырады. Қауымдық қатынастық дамуына байланысты, көсемдер ру, тайпалардың реалді басшысы, патшасы болып шықты. Оның көптеген "молдалары" көсемнің басқарушылық күшіне жәрдемдерін беріп отырады. Архаика мәдениетінде тағы бір діни өкілдер болады – абыз (жрец). Абыздар құрбан шалатын, құдаймен екі ортадағы делдалмын дейтін адамдар. Абыздар болса бірінші профессионалды дінің өкілдері болды. Олар майда жын, сайтандар, перілермен сөйлеспей тікелей құдайлармен, космостық тәртіппен айналысатындар. Сол себепте абыздар "жрецтер" мемлекеттің істеріне де араласып патшалармен дауласып, тек халықтардың жалпы рухани өміріне емес, күнделікті өмірлеріне де араласып, мемлекетті басқаруға да бой салды.

Дінтану дегеніміз діннің шығуын, оның дамуын әр алуан түрлерін зерттейтін ғылым. Дінтану пән есебінде немесе жеке ғылым жүйесі болып

XIX ғасырдың соңында пайда болды. Дінтану жеке басқа ғылымдардың салаларымен араласа отырып дамиды. Сол себепте, дінтанудың ішкі құрамасы күрделі. Олардың ішінде ең бір басты орыны философиялық мазмұны болып есептеледі. Себебі философия әмбебаптың көзқарас болғандықтан, оның жалпы заңдылық көзқарасы мен категориялары барлық ғылым салаларына тікелей қатнасы бар. Дінтануды ғылымның бір саласына жатқызғандықтан, философия оның негізгі жүйесі болады. Екінші жағынан, дінтанудың негізді пәні дін болғандықтан, діни көзқарас тікелей философиялық көзқараспен сәйкес келгендіктен, дінді, «діни философиялық» пәнге де айландырып қарастыруымызға да болады. Сол себепте, діни философия мен философиялық дін дінтанудың ең негізгі теориялық тұрғысы болып есептеледі.

Дінтанудың құрамына тағыда көптеген ғылымдар тікелей алаласып, оның негізін құрастырады. Олардың ішінде социология, психология, феноменология, дінің тарихы және т.б. ғылымдар әсерін тигізеді.

Дінтану сабағының басқа гуманитарлық пәндерден айрмашылығы мен оның маңызы мынада:

- ❖ Дін мәдениеттің негізгі жүйесінің бірі болғандықтан, дінің негізін білу әрбір адамға парыз іс.
- ❖ Дінтанусыз жалпы өмірге деген көзқарастың толық қалптасуы мүмкін емес.
- ❖ Гуманистік көзқарастың қалыптасуы тікелей дінге де байланысты.
- ❖ Дінтану пәне қоғамдағы діни қауымдар мен мемлекет қатынастардың арасындағы байланыстардың заңдық жолдарын білуге. Қайырымдылық, адамгершілікке тәрбиелеу процессінде рөлі өте зор.
- ❖ Дінтану пәні ар-ождан бастандығының мәні мен мағанасын білуге жәрдем береді.

Теологиялық анықтама. Теология (грек theos - құдай және legos – ілім, сөз, ақыл, ес) құдай туралы дін ілімі- белгілі діннің ілімдерін жүйелеуі – деген түсінік береді. Қандай бір теологиялық көзқарастың түрлері болмасын олардың бастарын біріктіретін бір амал – иррационалдық көзқарас арқылы жүріп жатады.

Қазіргі кезде дінтану өкілдерінің бірқатар анықтаулары бар: теологиялық, философиялық, социологиялық (әлеуметтік), психологиялық және т.б.

Теологиялық анықтама бойынша – Құдай реалді күш және адам өзінің сүру процессінде онымен қатнас жасайды. Теология анықтау болса, барлық анықтаудан ерте де, бірінші болып есептеледі. Теология – барлық үлкен дінің догмаларының системасы. Бұл системалық көзқарас бойынша дінің табиғатын сол дінің «ішінен» түсіндіргісі келуге тырыстырады және сол бір діни тәжірибеге негіздейді. Дін дегеніміз Құдай мен адамның кездесуі деп түсіндіреді.

Діни сезім қоғам дамуына, жеке адамдардың мінез – құлқын жақсартуға, адамдарға рухани күш берудегі рөлі өте жоғары. Дін субективті құдаймен қатынас болса, ол обективті қоғам тарихымен қатынаста болады. Протестант

теологиясы Р.Отто (1869-1937), дін дегеніміз «адамның киелікті қасиетті басынан өткізу», – дейді. Дін құдайдан келіп жатқан киелі күш есебіне анықтайды. Бұндай күштік сезімдер адамның туа туғаннан қалыптасады.

Теологиялық өкілдердің дінге деген бірер көзқарастарына тоқтап өтейік. Протестант теологиясы Э. Трельч(1865-1923) дін туралы былай дейді. Дін дегеніміз туа туғаннан берілетін априорлық рухани сезім. Оның дамуы тікелей тарихи – мәдениетпен бірге жүріп жатады. Діни сезім қоғам дамуына, жеке адамдардың мінез – құлқын жақсартуға, адамдарға рухани күш берудегі ролі өте жоғары. Дін субективті құдаймен қатнас болса, ол обективті қоғам тарихымен қатынаста болады. Протестант теологиясы Р.Отто (1869-1937), дін дегеніміз, "адамның киелікті қасиетті басынан өткізу" дейді. Дін құдайдан келіп жатқан киелі күш есебіне анықтайды. Бұндай күштік сезімдер адамның туа туғаннан қалыптасады. Православияның діни философы П.А.Флоренский (1882-1937), дінге мынандай анықтама берді:"...

Қазіргі Батыс елдеріндегі діни өкілдердің оқымысты адамдары дін туралы әртүрлі көзқарастар бар. Дін деген не? деген сұрауға жауап беру оңай емес. Дін дегеніміз уақытқа ұқсас, барлығы уақыты сезеді, бірақ уақытты көре алмайды. Соған ұқсас дін деген сезім барлығымызда бар, оны анықтау қиын. Себебі, бір дінің елеулі белгісі, екінші бір дінге сәйкес келмейді. Сол себепте, барлық дінге сәйкес келетін жалпы, елеулі діни белгіні табу оңай емес. Бұндай белгілер бар бірінші белгі ең жоғарғы мақсатқа жету немесе адамның өмір сүру мақсаты : бір дінде күнәдан құтылып жұмаққа бару, екінші бірі өсиет алып, адамдарды таза жолмен жүргіз және нейрванға жету және т.с.с.

Екінші белгі дінді өзінің пәні тұрғысынан анықтау. Мысалы: Христиан дінінде құдайдың негізін ашып көрсету – оны теология дейді. Екінші бірі, дінде теология арқылы дін туралы пікірді, табынатын объектіні –діни философия дейді. Үшінші бірі, дінді бір идеал есебінде қарастырып, барлық адамдар сол бір идеалға жетсем дейтін көзқарас дейді. Евангелист – теолог Т. Лукман, дінді биологиялық табиғаттан тыс қарастыра отырып, мағаналық универсумның құрылысы деп қарастырды. Оның «көрінбейтін дін» деген түсінігі бойынша, көрініп тұрған реалді нәрселердің үстінен «символикалық универсумдың» система құрастырылады, олар-ғылым, өнер, философия, дін. Лукман бойынша, көрініп тұратын және көрінбей тұратын дін бар дейді. Көрініп тұратын дінге, ол шіркеулік формадағы діндерді жатқызады. Ал, көрінбейтін дінге жалпы әлеуметтік форманы жатқызады. Символикалық универсум мәңгілік есебінде, көрінбейтін діндерді сипаттайды. Көрінбейтін діндер барлық қауымдар, топтар, саяси топтар т.с.с. таралып, жайылын кетті. Бұл болса дінің жаңа түрі болып есептеледі.

Дінді философиялық тұрғыда анықтау.

Философиялық анықтау әрбір тұрғыда болды. Оның себебі, біріншіден, «анықтау» методы мен принциптеріне байланысты болды. Екіншіден, идеалистік және материалистік тұрғыдан анықтау.

Антикалық философияда дінге деген анықтамада, дінді бір «абсолютке» әлемнің рухына немесе бір жоғарғы идеяға теңеп анықтады. Бұндай

«абсолют» немесе «жоғарғы идеялар» әлемнің негізі ретіне қарастырылады, олар құдыретті күш емес, оларға бас июге, құрбан шалуға керек емес. Мысалыға: Аристотельдің Құдайлық түсінігі, «ең жоғарғы болмыс», денесіз әлемді «қозғаушы күш», мәңгілік себеп және дүниенің даму процесінің мақсаты.

Философтардың идеалистік топтары (олар да әрбір салаларға бөлініп кетеді), дінді адамның сапалық түсінігі ретінде, туа туғаннан берілетін сезім ретінде, оның керектілігін және мәңгілігін дәлелдейді. Осы идеалистік философтардың ең бір атақты философы И. Кантқа (1724-1804) тоқталып өтсек. Ол Құдайдың барлығын дәлелдейтін теологиялық көзқарастарды сынай отырып, құдайдың болмысын моральдық принциптермен теңиді. И.Кант өзінің «кіршіксіз тазы парасат шеңберіндегі дін» деген еңбегінде, танымның трансцендентті нәрсенің (о дүниеліктің) қарама-қайшылығын сезінуден басталуға тиіс екенін көрсете келіп жалпы алғанда философияның қарама-қайшылығын ашып берді, ал трансцендентті нәрселерге ол құдайлар және адамның трансцендентальді (осы дүниенің) ерекшелігі туралы түсініктер жатқызды. Келесі атықты неміс философы Г.В.Ф. Гегель (1770-1831), Құдайды абсолюттік идеямен, абсолюттік руханимен теңеп, барлық нәрсе солардан шығып, соларға қайта оралады деді. Діни көзқарас болса оны төменге сана, ал философия болса биік сана деп түсіндіреді.

Материалистік философияда дінді жеке адамның және қоғам өмірінің күрделі рухани құбылыс есебінде қарастырылады. Оларды топтап көрсетсек, мынандай негізгі аспектілерін көреміз:

- ❖ дін дегеніміз, жеке адамның, ұжымның қоғамның рухани өмірінің аймағы;
- ❖ дін дегеніміз әлемді рухани-практикалық тұрғыда менгеру;
- ❖ дін-рухани өндіріс аймағы;
- ❖ дін қоғам санасының бір формасы, идеалдік – жемісі мен формасы.

Материалистік философияның өкілінің бірі Л. Фейрбах (1804-1872), дінді адам болмасынын бейнесі ретінде түсіндірді. «Адамды жаратқан құдай емес, керісінше, адам өзіне сәйкес, өз бейнесі бойынша құдай жасап шығарған» деп түсіндірді. К. Маркс (1818-1883) болса дін туралы былай деді: «Адам дегеніміз – адамның дүниесі, мемлекет, осы қоғам дінді, дүниеге бұрыс көзқарасы тұғызады, айткені олардың өзі-теріс дүние.

Діни детерминизм.

Діни детерминизм деп, дінді әлеуметтік құбылыс ретінде жалпыға бірдей, заңды байланыстары, себепке тәуелділігі системалық формаларын көрсетуді. Зандық система байланысы дінің шығун, өмірсүруін және дамуын көрсетеді. Осындай қажеттілік байланыстарының детерминизімі: әлеуметтік психологиялық және гносиологиялық негіздері. Осы негіздер дінің шығуына, өмір сүруіне себептілік жағдайлар тұғызады.

Дінің әлеуметтік негізі – бірінші «себепті» топқа жатады. Бұл жерде әлеуметтің детерминацияда «алғашқы себеп» болып табылатын материалдың жағдай, экономикалық негіз шешуі рөл атқарады. Дінің әлеуметтік негіздерін ұғынуда ежелгі діндерде адамдардың бір-бірімен және табиғатпен

қарым-қатынасындағы шектілік бейнеленеді. Алғашқы қоғамдың құрылыста өндіргіш күштердің әлсіз дамуының нәтижесінде, адамдар табиғат күштерін меңгеруге мүмкіндіктері шамалы болды, еңбек процесінде адамдар ойдағыдай нәтижеге жете бермеді. Бұндай «әлсіздіктер» екі аспектіден құрастырылды – адам және табиғат, адам және қоғам немесе адамдардың бір-бірімен қатнастығы.

Қоғамдық психологиялық детерминантына мынандай факторлар жатады: 1) Қоғамның моралдық жағдайының дағдарысқа ұшырау кезеңі; 2) Қоғам пікірінің теріс көзқарасы; 3) Қоғам тобындағы адамдардың тікелей араласуындағы бұрыс көзқарас; 4) Қоғамдағы ата заманан сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, дәстүрлер, ритуалдар. Жеке адамдардың психологиясының детерминантына жататындар: 1) Жеке адамдардың қорқынышы, келешекте не боларын білмеу қорқынышы. Ежелгі Рим ақыны Стацияның «Құдайларды қорқыныш тұғызды» деген сөзін еске түсірсек, қорқыныш басқа психологиялық сезімдер тұғызады. 2) Ұзаққа созылған күйініш, қайғыру; 3) Адамдардың өзінің, сондай-ақ жақындарының өмірі үшін қорқыныш; 4) Әлсіз, зор ерік күші жоқ, боркемік; 5) Қайғы, жалғыз бастылық, күйзеліс жағдайда ұзақ болған адам; 6) Дәлелден гәрі сенімдіке тез берүтілік; 7) Өлім алдына қорқу және мәңгі өмір сүруге армандау және т.б. факторлар дінді қабылдауға жағдай түдрады.

Адамның танымы объективті және субъективті формалардың бірлігі. Танымның объективті мазмұны адамдарға субъективті формаларда түйсік, ұғым, түсінік, елес, пікір, арқылы берілген. Осы формалардың әрқайсасы объективті дүниені терең толдан білуге қызмет етсе, сонымен қатар шындықтан «шығандап», оны кері тұрғыда бейнелеу мүмкіндігі де бар. Бұл дерексіз ойлаудық нәтижесе. Мысалы, елестету арқылы әдетте дүниеде кездеспейтін діни немесе мифологиялық бейнелер бар. Абстрақты ойлау танымның объективті мазмұны мен субъективті формасының өте күрделі және қарсылықты бірлігін қалыптастырады. Абстрақты ойлау арқылы кез келген нәрселерді жалпылаймыз немесе олардың жалпы және мәнді белгілерін жинақтан «ұғым» тұдырамыз. Қандай бір ұғым болмасын оның реалді мазмұны және көлемі бөлу керек. Ұғымның мазмұны деп елеулі, өзіндік белгілерінің жинтығы да, көлемі сол ұғымды «ұғым» қылып тұрған тектік, түрлік, класстық және типтік белгілері. Миф пен дінің образдары осы көлемсіз ұғымдардан шығарып аламыз. Себебі шайтанның, перінің, кентврдің тегін, түріп қлассың және типтерін айта алмаймыз. Мазмұн жағынан қиялдан шығарып, ұғымға ұқсатын бір нәрсе туралы айтамыз. Олар реалді өмірде жоқ нәрселер.

Діннің элементтері мен структурасы.

Қандай бір діни ұғым болмасын олар күрделі әлеуметтік құбылыс ретіне қарастыру керек. Дін деген ұғымның елеулі белгілері: діни сана; діни ғибадат, іс-әрекет; діни қатнас және діни ұйымдар.

1. Діни сана. Дінді қоғам сананың бір түрі есебінде қарасак, онда оның басты негізі діни сенім деп айтамыз. Діни сенім деп қудіретке сенуді айтады. «Қудірет» діндарлар мен діни ғұмамалардың пікірінше ешқандай



материалдық дүние заңдылықтарына бағынбайды, ол объективті өмір сүреді. Ол объектімен байланысуға болады деген сенім. Байланысқанда одан қайырымдылық алуға болады. Әртүрлі мифтік ғажайыптарға сену. Діни догмаларды киелі есебінде сену және атақты діни өкілдердің күнәкарлықтары олардың беделділігіне сену.

Діни саналық сенім екі деңгейден тұрады: әдеттегі діни сана, яғни діни психология мен діни идеология. Діни психология – қарапайым діндарларға тән құдірет туралы жалпы елестету. Ол бұрынғы, толық емес, жүйесіз, орнықсыз болып келеді. Сондай-ақ жалпыға бірдей таралған, діннің қарапайым түрі.

Діни идеология – неғұрлым толық, орнықты әрі сабақтасты болып келеді құдіретке көзқарастың жүйесі. Діни идеологияның негізі «діни психология» болып табылады. Мұндай жүйені дін ғұламалары, сондай-ақ қызметшілері, яғни діни көзқарасты өз ісіне ойландырғандар қарастырады. Діни идеология, яғни теология кез келген діннің теориялық негізін құрайды.

2. Діни іс-әрекет. Діни ғибадат, іс-әрекет - әртүрлі объектілерге әсер етуге бағытталған рәміздік іс-әрекеттердің жиынтығы.

Діни ғибадаттық іс-әрекеттер және ғибадаттан тыс іс әрекеттер болып бөлінеді. Ғибадаттан іс-әрекеттерге әртүрлі діни шығарма жазу, діни әдет ғұрыптары шығару, басқару жұмыстар жатады.

Діни ғибадатқа – діни магиялық бағыттағы әдет-ғұрыптар, ритуалдар, құрбандық шару, ораза, құпиялар, дуға ету, сондай-ақ осы орайда пайдаланылатын мазарлар және т.б. діни іс әрекеттер.

Діни ғибадаттық іс әрекеттер діннің негізі және оның өмір сүру формасы. Діншіл мен діншіл емес адамдарды ажыратып көрсететін түрі. Керек болса сол бір діншіл адамдардың діни сана сезімінің тереңділігі мен таяздығын көрсететін элемент.

Діни қатынас. Діни қатнас сол бір діни іс-әрекеттер арқылы рухани жағдайда жүріп жататын процесстер. Діни қатнастың екі объектісі бар. Бірінші, діншіл адамдардың өзара қатнастары, ал екінші, діншіл адамдардық киелі деген объектімен қатнастары. Адамдардың қатнасына ұқсас, діни қатнастарда күрделі, жай көзбен қарағанда көптеген діни қатнастардық түрлерін көруге болады. Мысалыға: 1. Табиғаттағы тірі немесе өлі заттармен – (тотемдік, мазар, крес, икон) – заттық қатнастар. 2. Образдық қатнас – Құдай образы, аруақ, жан, періште, рух; 3. Тілдік, семантикалық қатнас-әртүрлі киелі сөздер, асыл кітап сөздерін қайталау, мантрилер, құран оқу; 4. Жеке адам басына табыну – жеке адамдарға пайғамбарлық, киелі мағана беріп табыну.

3. Діни ұйымдар. Діни ұйымдар – діни ғұрыптардық орталықтары, белгілі бір дінді ұстаушылардың бірлестігі.

Діни ұйымдардың көлемі әр түрлі болып келеді, діни кішкентай секті, қаум нан діннің миллиандағы біріндегі ұйымдарға дейін құрылады. Діни қауымдардың діни және дінсіз іс әрекеттер жасайды. Дінсіз іс әрекеттерге әртүрлі ұйымдық, басқарушылық (діни кеңес, тексеру комиссиясы, білім беру бөлімдері, жоғарғы оқу орындары, баспақаналық ұйымдар). Дінсіз іс

әрекеттер діни қаумдардың басып құрастрады. Діни қауымдық ұйымдардың үш түрі бар. 1. Шіркеу – діни ұйымдың аты, ол дін адамдардың кәсіби қызметі, орталықтандырылған дербес институт. Шіркеу деп ғибадат ету үйін, яғни храмды айтады. 2. Сektтілер ұйымы – ірі діни ұйымдардан болініп шыққан оппозиция ретіндегі бағыт.

Секталық көзғалыс қоғамның белгілі бір жаптары мен топтарының әлеуметтік қарсылығы іспетті.

3. Деноминациялық (лат. Оның өзгерту) – сектілік ұйым мен шірекеу арасындағы қауымдық ұжым. Ол ұжымның барлық мүшелері құдайдың тандап алған адамдары және олар барлығы жұмаққа баратындығы. Олардың айрмашылығы азаматтық қоғамның өміріне белсенді қатнасуы, бизнеспен айналысуы және олар шіркеу қауымдық денгейіне өсуіне тырысулары.

**Негізгі әдебиеттер:** [4, 5, 6, 7];

**Қосымша әдебиеттер:** [21, 23];

**Ғаламтор көзі:** [41,43,56]

## **Дәріс тақырыбы 2. Тарихи контекстегі діннің дамуының негізгі ерекшеліктері.**

*Дәріс 1 сағат*

### **Дәріс жоспары (1 сағат)**

1. Иудаизм дін ілімі және тарихы бойынша негізгі қайнар көздері.
2. Индуизмнің: пайда болуы, дамуы, негізгі бағыттары.
3. Даосизмнің: философиялық көзқарасы, наным-сенімнің дамуы және институттары.
4. Конфуция дін және философия ретінде.

Дәріс тезистері:

Еврей халқының ұлттық діні. Иудей аңызы бойынша, Иудаизм дінін жаратушы Тораны (Таурат) сол уақыттағы барлық жетпіс халыққа қабылдауға ұсынған. Тек Еврей ұлты ғана қабылдауға келіскен. Сондықтан діни мағынада «Израиль» бір Құдайды мойындағандар мен заң кітабы – Тора арқылы Құдайға бой ұсынуға ұмтылушыларды білдіреді. Иудаизм термині (Ивритте «Яаадут») Иуда еврей тайпа бірлестігінің атынан шыққан. Иуда ең ірі Израиль тайпасы болатын. Иврит тілінде «Иудаизм» термині ХІХ ғасырдың соңында кең тарала бастады. Давид патша Иуда тайпасынан болатын. Давид тұсында біріккен Израиль-Иуда патшалығының күш-қуаты арта түсті. Бұл б.з.б. ХІ ғасырдың соңында болды. Иудаизм дін ретінде және құқықтық, моральдық-этикалық. философиялық және діни түсініктер кешені ретінде төрт мың жыл бойы және бүгінгі уақытта еврейлердің өмір салтын айқындап отыр. Танах үш бөлімнен тұрады. Тора Мұса (г.с.) (бес кітабі Нэбним (Пайғамбарлар), Кэтувишм (Жазба), Танах б.з.б. Х гаеырдаи б.з.б. II ғасыр аралығында қалыптасты. Тадмуд екі бөлімшеден тұрады.

Бірінші бөлім – Мишна (Қайталау). Бұл – Тораға түсіндірме.

Екінші бөлімі – Гемара (толық гүсіндіру). Бұл – Мишнаның түсіндірмәсі. Талмудта. қылмыстық және азаматтық сипаттағы заңдар, адамгершілік заңдар отбасылық және жәке адам өміріне катысты кенестер бар. Талмудта 365 тыйым және 248 бұйрық әмір жәнәкталған иудей әдет-ғұрыптар жүйесі бар. Иудей діни ілімінің негізі дүниені жаратушы бір күдіретті Яхве Құдайына деген сенім. Иудаизмде күтқарушының келуіне деген сенім бар, яғни ол мессия (мәсіх) деп аталады. Иудаизм бойынша Мессия жер бетінде әділетті тәртіп орнатады деп есептелінеді. Акыр заман және өлілердің қайта тірілуіне сенім — еврей ұлтының жаратушының таңдаулы халқы екендігіне сенім. Бұл түсінік бойынша Жаратушы Моисей (Мұса) арқылы Израиль халқына Заң (Тора) беріп одақ құрған. Израильде Иудаизмнің дін институттары мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Жоғарғы раввинат діни ұйымдар мен бірлестіктерді қадағалайды. Парламент және үкіметте раввинаттың мүддесін қорғайтын басты діни-саяси партия Мафдал болып табылады.

Таяу Шығыс, Солтүстік Африка Балқан елінен келгендер - Сефард қауымын құрады. Еуропа. Америка, Австралия, ОАР-дан келушілер ашкеназиялық қауымды құрады. 1921 жылы Сефард және Ашкеназийлік бас раввиндер басқаратын жоғары раввинат кенесі сайланды. Израиль мемлекетінің қалалары мен елді мекендерінде 200 діни кеңес (моацот датиот), Израиль елінде 24 раввинат сот жұмыс жасайды. Діни мектептер (ешибот) үлесі орта білім беру орындарының 17%-ын құрайды. Израильдің барлық мектептерінде діни пәндер оқытылады. Білікті дін мамандары діни институттарда дайындалады. Иудаизмнің негізгі қағидаттары XII ғасырда өмір сүрген атақты философ – талмудшы, рабби Моисей бен Маймон (1135-1204) іліміне сүйсіген төмендегідей 13 ережеден тұрады: 1. Құдай бар. 2. Құдай бір. 3. Құдай денелік пішінде болмайды. 4. Құдан мәні бір. 5. Иудейлер тек бір Құдайға табынуы тиіс. 6. Құдаймен қарым-қатынас тек пайғамбар арқылы болады. 7. Моисей (Мұса) – ең ұлы пайғамбар. 8. Тораның шығуы қасиетті. 9. Тора өзінің мән-мағынасын еш жоғалтпайды. 10. Құдай адамдардың барлық іс-әрекетін біледі. 11. Құдай зұлымдықты жазалап, қайырымдылықты мадақтайды. 12. Құдай өзінің мессиясын жібереді. 13. Құдай өлілерді қайта тірілтеді. Сенім қағидаттары «Игдаль» (иврит-«ұлылық») әнұранында баяндалған. «Өмір беруші Құдай ұлылығы мен даңқы шексіз». бұл әнұранды Иудаизмді ұстанушылар Синагогада орындайды. Иудейлерде Құдай аты – Яхве (Яху, Яго, Иегова немесе Адонай). Яхве бастапқыдан Иудей-израильдік пантеонда айрықша орын алады. Құдай атын атауға болмайды. Ежелгі түсінік бойынша Құдай атын атау – бұл ажалға алып келеді. Яхвенің орнына Адонай («менің әміршім») «Менің Құдайым – Яхве» сөзі қолданылады. Алғашқыда ежелгі еврей құдайлар пантеонында Яхве жерді түзеуші. жай атқыш, жаңбыр беруші ретінде көрінеді. Аман-есендік игілік Яхвемен байланыстырылды. Тек кейінірек Яхве басты Құдай атанды. Яхве культін орталықтандыру процесі және Яхвені барлық еврейлердің жалғыз құдайы ретінде мойындату үшін күрес ұзаққа созылды. Кез келген иудей үшін Құдай. Тора және еврей халқы ең маңызды мағынаға

ие. Бұл – әлемнің барлық еврейлерін біріктіруші діни және ұлттық идея. Сондан-ақ қысқа да, нұсқа түрде иудей теологы Льюис еврейлердің құдайдың таңдаулы халқы екендігі идеясы догматикалық сипат алды. Яхве еврейлермен айрықша одақ құрып, тек еврейлерді өз халқы деп есептейді. Бұл идея сионизмнің діни негізін құранды. Зайырлы және діни Иудаизмнің ерекшеліктері бар. «Зайырлы Иудаизм ұғымы белгілі бір Иудей құндылықтарын, тіпті кейде діни мағына берілмейтін діни негіздегі еврейлердің философиясын сипаттайды.

Иудаизм термині (Ивритте «Яаадут») еврей тайпа бірлестігінің атынан шыққан. Иудаизм негізінде қатаң монотеизм жатыр және құқықтық, моралдық-этикалық ережелер осы идеяға негізделеді. Иудаизм дінінің негізгі догматтарына жалғыз Құдайды мойындау, еврей халқының құдайдың таңдаулы халқы екендігіне, Мессияға және оның алдында өлгендер мен тірілердің жауапталатындығы және қасиетті кітаптарға сенім жатады. Қазақстандағы иудейлік. Иудейлік Қазақстан территориясына Хазар қағанаты арқылы енді. Оны хазар ақсүйектері қабылдады. Қағанаттың ресми іс қағаздары көне еврей жазуларымен жазылды. XIV ғасырда еврейлердің бір тобы Ираннан Түркістанға қоныс аударды.

Патша үкіметінің көші-қон саясатына орай XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында республика жеріне қолөнерші еврейлердің көп отбасы келді. Кеңестер дәуірінде олар қоныстанушылардың жаңа толқынымен толықты. Қазақстанда алғашқы синагогалар революцияға дейін пайда болды. Олардың ең көнесі Семей қаласында сақталған.

Иудейлік дін ұстанушылар 1913-1932 жж. Аралығында 20 жұмыс істеген синагоганың 2003 ж. 90 жылдығын атап өтті. Қазіргі уақытта Астана, Алматы, Ақтөбе, Петропавл, Павлодар және басқа да ірі қалаларда еврей синагогалары бар. 2004 ж. Астана қаласында Орталық Азиядағы ең үлкен «Бейт Рахель – Хаббад Любавич» синагогасының ашылуы мен оның ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев және Израиль, АҚШ, Еуропа және ТМД елдерінің делегаттарының қатысуы Қазақстан еврейлері өмірінде маңызды оқиға болды 2011 ж. 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша Қазақстанның барлық облыстарында жұмыс істейтін 27 иудейлік қауымдастық тіркелген. 2002 ж. бастап Қазақстанда «Шалом» газеті шығып тұрады (құрылтайшы – Қазақстандағы Еврей конгресі).

Қазақстан иудейлері арасында Еуразиялық раввиндер конгрессінің ықпалы мықты, конгресс отырысы ТМД-ның ірі қалаларында өтіп тұрады, олардың қатарында Алматы қаласы да бар. Конгресс конфессияаралық келісім мен еврей діни қауымдастықтарының қызметтерін үйлестірумен айналысады. Қазір республикада бүгінгі заманғы иудейліктің барлық бағыттары бар. Қазақ жерінде мұсылмандар мен иудейлердің бейбіт қатар ғұмыр кешуі конфессияаралық келісімнің жарқын үлгісі бола алады. 1998 жылы Алматыда еврей мәдени орталығы салтанатпен ашылды. Ондағы синагогаға 1939 жылы Қазақстанға жер аударылған ребе Леви Ицхактың есімі берілген. Иудейлік дін өкілдері Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің үш съезінің жұмыстарына қатысты. 2009ж.

шілдесінде өткен III Съезд жұмысына Израильдің ашкеназилық бас раввин Йона Мецгер және сефардтық бас раввин Шломо Амар, сонымен қатар Қазақстанның бас раввині Ешая Коген қатысты. Сонымен қатар, Астанада өткен дінаралық форумға Израиль Президенті Шимон Перестің қатысуы маңызды оқиға болды.

Индуизм б.д. дейінгі бірінші мыңжылдықта пайда болды. Ол адамды рухани құтқарудың үш жолын ұсынды. Олар:

қасиеттері істер жолы;

таным жолы;

адалдық жолы.

Индуизмнің тұңғыш қауымы – «адживака» тақуалық жолын тұтып, тән құмарлығымен күресті. Бірақ, Вишнуға табынды. «Адживака» діни идеяларын «бхагаватами» толықтыра түсті. Ол Вишнумен қатар Кришнаға тең дәрежеде құрмет көрсетті. XII ғасырда брахмандар жарты құдай – Рамаға ерекше тұғыр орнатты. XV ғасырда діни ғұрыптар қара халықтың тілі болып саналатын хинди тілінде атқарыла басталды. Осының нәтижесінде Вишнудің көпшілік арасындағы мәртебесі жоғарылай түсті. Шиваға құлшылық жасау да осы құдайды мойындаушы қауымдардың бірлігінің нығаюына қызмет етті. Бірақ, көпқұдайлық үнді халықтарының одан әрі қауымдаса түсінуіне кедергі болған жоқ. Керісінше, осы көп құдайлар біртұтас діни түсінік аясында құрметтеліп, индуизм баршаның дініне айналды. Индуизм үшін «Махабхарата» және «Рамаэна» эпостары-Үндістанды арий тайпалары жаулап алуы кезеңіндегі үнділердің қаһармандық күресі туралы әңгімелейтін қасиетті аңыздар жинағы. Поэмада индуизм құдайлары пантеоны туралы әңгімелейтін қасиетті аңыздар жинағы. Поэмада индуизм құдайлары туралы кең әңгімеленеді. «Рамаэнада» Раманың және оның жұбайы Ситаның өмірі баяндалады. Индуизмнің діни ескерткіштерінің ішінде құрылымдық жағынын «Махабхарата» эпосына енетін дүниетанымдық проблемаларға түсініктемелер беретін «Бхагават-Гита» философиялық концепция тұтастығымен ерекшеленді. Концепцияның негізінкүллі болмыстың бастауы ретіндегі пракрит туралы және одан дербес таза рух – пуруша туралы ережелер құрайды. Осылардан шығарма авторларының екі негізді мойындаған дуалистік көзқарасы көрінеді.

Индуизм – Үндістанда пайда болып, қазіргі кезде дамып келе жатқан діни дәстүр. Бұл дінді ұста-ну-шылардың жалпы саны жер бетінде 700 миллионнан асады деген деректер бар. Оңтүстік Азия елдерінде (Үндістан жұртшылығының 83%-ы, Непалда, Шри-Ланкада, Бангладеште индуизмді ұстанады. Оңтүстік-Шығыс Азия (Малайзия, Индонезия, Сингапур) мен Африканың кейбір өңірлерінде де аздап таралған. XX ғасырдан бастап индуизм Еуропа мен Америка елдерінде тамыр жайып, жаңаша ерекшелігімен жұртшылықтың бірден назарын аударды. Бұған осы дінді зерттеуге арналған 18 томдық «Индуизм» атты энциклопедияның дайындалып жатқандығы дәлел десе де болады. Бұл энциклопедияға көптеген елдерден 1250 ғалымның 10000-нан астам ғылыми мақалаларын енгізу көзделіп отыр. Индуизм термині Синдху өзенінің парсы тіліндегі

атауы «Хинду» деген сөзден негіз алған. Кейіннен бұл сөз тек өзен мен оның жағасындағы Үнді елін ғана білдірмей, сол елдегі халықтың атауына айналған.

Индуизм дінінің ерекшелігі, мұнда құдайлардың саны өте көп, бәріне ортақ бір құдай жоқ. Діннің негізін салушы да, белгілі пайғамбар да жоқ, бірақ көптеген жеке білімдерді таратушы, рухани ұстаздар бар. Бір ортақ қасиетті кітап жоқ, оның орнына әр бағыттың негізі болып саналатын жазбалардың беделі өте күшті. Бұл дінде жалпы мойындалатын сенім символдары мен талаптары болмағанымен, индуистердің дүниетанымында ерекше орын алатын ұғымдар (дхарма, карма, сансара, мокша, Брахман, атман, варна, каста т. б.) бар. Индуизмдегі құдайларды бір атпен атау, бір түрге біріктіру мүмкін емес. Мұнда құдай тұжырымдамасы әр түрлі, себебі индуизм Үндістанда ғасырлар бойы жинақталған жазбалардың барлығын өзінің қасиетті кітаптары ретінде қабылдаған, сондықтан да осы кітаптарда аталған 33 құдайдың (11-і аспандағы, 11-і ауадағы, 11-і жердегі) бәрі индуизмде мойындалады. Брахман – әлемді жаратушы, бастапқы бірліктің барлық тірі және өтпелі шындықтың мәңгілігін жүзеге асырушы. Бірақ Брахманның адам алдындағы еңбегі дәстүрлі индуистік түсінік бойынша көрнекті болмады. Сондықтан да Брахманға онша сыйынбайды, оған арналған храмдар саны да санаулы ғана. Индуистердің көпшілігі Шива мен Вишнуға табынғандықтан, шиваиттер мен вишнуиттер болып екіге бөлінеді. Шиваның негізгі қызметі жою және өзгерту, сонымен қоса ол – өмірлік күштің және еркектік бастаманың иесі. Шиваға Лингама формасында еркектік өмір жасаушы бастама ретінде табыну өте көп таралған. Шива перілерге қарсы күрестерде ерекше батылдық көрсеткендіктен, оны көбінесе қатал жоюшы ретінде қабылдайды. Бұл ипостасында Шива ырғақ пен би құдайы да болып келеді. Бидің қозғалысындағы Шиваның төрт қолы оның құдіреттілігі мен мүмкіншіліктерін бейнелейді. Қастарының орта-сындағы үшінші көз де жоюшылық күшті білдіреді. Индуистер, әсіресе шиваиттер, Ұлы Шиваға өте көп функцияларды таңады. Соның бірі шакти – Шиваның өзінің бөлек рухани энергиясы. Шакти тек қажетті жағдайларда ғана көрінеді. Индуистердің түсінігі бойынша шактидің көмегімен адам өзінің негізгі мақсатына, мокшаға (жанның туу мен өлім тізбегінен босатылуы) жетеді. Шактиді киелі әйелдік бастама Шиваның зайыбы Шакти құдай деп қабылдайды. Бұл Шактидің көрінісі ретінде көптеген әйел құдайлар пайда болды. Солардың ішінде Дурға мен Калиге сыйынушылар өте көп. Вишну – индуизмдегі сақтаушы қызметіндегі құдай. Ол қарапайым және адамдарға өте жақын. Оның зайыбы Лакшми құдай нәзік әйел махаббатының бейнесін символдайды. Вишнудың аваторлары (басқа құдай түріндегі көріністер) өте көп. Төрт бейнеде ол жануар болып көрінеді. Вишнудың қалған белгілі бес аваторлары: Парашурама, Рама, Кришна, Будда және болашақта келетін Калка құдайы болып есептеледі. Будданы Вишнудың аваторы ретінде қабылдау буддизмнің индуизм жүйесіне кіргізілгенін көрсетеді. Рама – "Рамаяна" поэмасындағы патшаның ұлы, тақтың мұрагері, батыр бейнесі. Халықтың санасында ол құрметке бөленіп, Раманың, Вишнудың аваторына

айналған. Ал тағы бір белгілі эпостық жырдың кейіпкері Кришна да Вишнудың аваторы болып есептеледі. Кришна жалпы үнділік жоғарғы құдай дәрежесіне көтерілген. Жыр бойынша батыр жауынгер Арджу-наның атқосшысы болып жүріп, оған аспан заңы мен эпикалық заңдардың жоғарғы мәні туралы әңгіме айтады. Кришнаның бұл философиялық тұжырымдары Бхагавад – Гита тарауы түрінде Махабхарата жырына енгізілген. Кейіннен Кришна ақылшы философтан көңілді, жеңіл ойлы бақташы құдайға ауысады. Осы ипостасында ол Үндістан әйелдерінің сүйікті және өте белгілі құдайы ретінде дәріптеледі. Көктемгі діни мейрамдарда Кришнаға арналған көп діни ғибадаттар жасалады. Кришнаға табыну қазіргі кезде Америка және Батыс Еуропа елдерінде вайшнавизм, Кришна санасы қоғамдары арқылы кең таралған. Индуизмнің қасиетті жазбалары Ведалар болып есептеледі. Олар шрути – "тыңдау, естілу" деп аталады. Оның екі себебі бар: олар жоғарғы құдайдан естілген және шәкірттер ұстаздарының әңгімелерінен осы текстерді қабылдаған. Қазіргі индуизмде құдайға құлшылық еткенде осы ведалық мәтіндерден мантралар оқылады. Мантраларды (қасиетті сөздерді) тек санскрит тілінде оқу керек. Брахмандар – абыздардың сыйыну мен құлшылық ету оқулығы қара сөзбен жазылған. Бұлар ведалық әдебиеттердің екінші бөлігі болып есептеледі. Абыздар жеті Брахмандық мәтіндерді ерекше бөліп айтады. Келесі Араньяки мәтіндері де Құдайға құлшылық, медитация туралы айтады. Ал Упанишадтарда индуизм философиясының мистикалық тұжырымдамасы берілген. Упанишад – қатар отыру деген ұғымды білдіреді. Гуру (рухани ұстаз) қасына отырған таңдаулы шәкірттің қасиетті ілімі туралы кеңес берген. Дәстүр бойынша Упанишадтар 108 мәтіннен тұрады. Оларда индуизм философиясының мәнін ашатын категориялар берілген:

Жеке жан (Атман) және Әлемдік жан (Брахман)

Брахман мәңгі өмір сүреді, бірақ формасы болмайды.

Әлем бұл – елес (иллюзия, майя).

Жан тізбектелген өмір циклынан (сансарадан) өтіп отырады, оның келесі тіршілігі өзінің іс-әрекетіне (кармасына) байланысты.

Жанның азаптан босатылу қасиеті бар (мокша).

Жаратылған әлемдегі барлық заттар бірлікте болады.

Үнділіктердің белгілі эпостық жырлары "Махабхарата" мен "Рамайна" да қасиетті мәтіндер (смрити) құрамына кіреді. "Махабхаратаның" алтыншы кітабының бір бөлігі болып есептелетін "Бхагават-Гита" да индуистер үшін өте құнды кітап. "Бхагават-Гита" мәтіндерінде Жоғарғы Құдай туралы ұғым ерекше орын алады. Сонымен қоса, мұнда адам өмірінің мәні туралы философиялық тұжырым жасалады. Адамдағы ең маңызды нәрсе тәнде емес, сезімде емес, оның рухында. Әлемде Жоғарғы Рух Атманнан басқа еш нәрсе жоқ. Атман әр адамда бар, сондықтан өлуге де, біреуді өлтіруге де болмайды. Адамның тәні өледі, ал оның негізі – мәңгілік рух қалады. Осы шындықты адам түсініп, өлімнен қорықпай, өзінің адамдық міндетін орындауы керек. Яғни, адам ең бірінші өзін-өзі түсінуі керек. Алдына рухани мақсат қойған қауымдастықты Үнді жерінде арийлықтар қоғамы деп атаған. Олардың

элеуметтік құрылымы варнашрама-дхарма деп аталады. Бұл қауымдастық төрт таптан, төрт рухани даму сатысынан тұрады. Олар: брахмандар (ой-өріс-тері жоғары тап), кшатрилер (әкімшілік), ваишилер (саудагер-фермер) және шудралар (жұмыскерлер). Варнашрама-дхарма – тұқым қуалаушылық, касталық жүйеге айналған құрылым. Бұл құрылымды алғашында Жоғарғы Құдай Бхагаван қалыптаған-дықтан, адамдар оны табиғи түрде, ойға қонымды қабылдаулары керек деп есептеледі. Адамдар осындай табиғи таптарға бөлініп, рухани жетілу сатысында бірлікте болса, қоғам жоғары жетістікке жетеді. Төрт варнадан басқа жоғарыда айтылған төрт ашрама немесе өмірдің рухани сатылары бар: брахмачари (некесіздікті ұстанатын шәкірттік кезең), грихастха (отбасылық өмір), ванапрастха (қоғамдық өмірден бас тарту), санньяси (тариқаттылық). Қазіргі Үндістанда варнашрама-дхарма қасиетті кітаптарда жазылғандай, таза варнамшрам қоғамы жоқ деп сенімді тұжырым жасауға болады. Мұны индуистердің өздері де мойындайды. Себебі, қазіргі заман Ведаларда жазылған Кали-юга ғасыры, бүкіл әлемнің тоқырау заманы деп түсіндіріледі. Осы замандағы Құдайға жетудің бірден-бір жолы оған қажетінше құлшылық ету. Индуистердің осы жолдағы діни рәсімдері үш категорияға бөлінеді: нитья, наймиттика, камья. Нитья – бұл күн сайын жасалатын рәсім. Әр үндіс таңертең Күнге арнап сумен құрбандық шалады немесе отбасы құдайларының алдында пуджи (құдайларға құрмет көрсету) өткізеді. Наймиттиканы адам өмірінің ерекше кезеңдерінде жасайды. Бұл отбасына кіріс болғанда, балаға есім бергенде, некелескенде өткізілетін рәсім. Діни рәсімдердің үшіншісі – камья – діни саяхат. Бұл діни парызды орындау қажет деп есептесе де, әркімнің таңдауына ерік беріледі. Индуистер үшін діни саяхат табиғи өмір салтына айналған десе де болады. Діни мейрам кездерінде, әсіресе ана құдайға арналған қысқа діни саяхатты индуистар жаяу жасайды. Қасиетті қалалар мен әулиелер орналасқан алыс жерлерге ұзақ саяхатқа шығады. Индуизмде Ганг, Ямуна, Синдху (Инд), Сарасвати (жер астында орналасқан), Нармада, Гадавари және Кавери өзендері қасиетті деп есептеледі, сондықтан осы өзендерге шомылу адамның күнәсінен арылып, рухани тазаруына әкеледі. Кейбір қасиетті жерлер Гималай тауларында орналасқан. Индуизмде отбасында жасалатын діни ғұрыптар – самскаралар ерекше орын алады. Индуистердің көпшілігі мойындайтын он алты самскара мыналар: балалар дүниеге келгенге дейін: ұрықтану, құдайдан ұл сұрап жалбарыну, шашты тарау; бала жасындағы рәсімдер: баланың дүниеге келуіне байланысты жасалатын ғұрып, балаға ат қою, баланың алғаш үйден шығуы, баланың ең алғашқы жеген қатты тағамы, ер баланың алғаш шашын алуы, оң құлағының жоғарғы жағын тесу, шәкірттік мирас қабылдау, қасиетті жазбаларды оқуды бастау, Ведалық білімді меңгерудің аяқталуы; ересектерге арналған рәсімдер: некелесу, отбасы қызметін атқару кезеңі, қызметтен кету кезеңі, 60 жасқа толғанда жасалатын рәсім, кремация (денені отқа беру). Индуистердің діни ұғымы бойынша вегетериан-дықты ұстану қажет. Әйтсе де кейбіреулерінің қойдың етін тамаққа пайдаланатындығы кездеседі. Бұл діндегілер аюрведалық медицинамен емделеді. Себебі, мұнда табиғи



өсімдіктерден жасалған дәрі-дәрмектер қолданылады. Мемлекетте аборт жасау заңмен рұқсат етілгендіктен, индуистер қыз баланың дүниеге келуіне бөгет жасауды, қалаусыз болған жүктілікті тоқтатуды дұрыс деп қабылдайды. Индуистер үшін адамның өзіне-өзі қол жұмсауы ерсі әрекет емес, себебі, бұл аскетизмнің соңы, діни кемелденудің шыңы деп қабылданады.

Индуизм әлемдік діндер қатарында болмаса да бұл діннің ілімі дүние жүзінде өте кең тараған. Үндістанның өзінде Ария Самадж ұйымы үнділіктерді индуизмге бағыттау үшін жұмыс жасайды. Батыс және Америка елдерінде халықаралық Кришна санасы қоғамы индуизмнің бір тармағы ретінде Харе-Кришна қозғалысын дамытуда. Индуизм – Үндістанда пайда болып, қазіргі кезде дамып келе жатқан діни дәстүр. Бұл дінді ұста-ну-шылардың жалпы саны жер бетінде 700 миллионнан асады деген деректер бар. Оңтүстік Азия елдерінде (Үндістан жұртшылығының 83%-ы, Непалда, Шри-Ланкада, Бангладеште индуизмді ұстанады. Оңтүстік-Шығыс Азия (Малайзия, Индонезия, Сингапур) мен Африканың кейбір өңірлерінде де аздап таралған. XX ғасырдан бастап индуизм Еуропа мен Америка елдерінде тамыр жайып, жаңаша ерекшелігімен жұртшылықтың бірден назарын аударды. Бұған осы дінді зерттеуге арналған 18 томдық "Индуизм" атты энциклопедияның дайындалып жатқандығы дәлел десе де болады. Бұл энциклопедияға көптеген елдерден 1250 ғалымның 10000-нан астам ғылыми мақалаларын енгізу көзделіп отыр. Индуизм термині Синдху өзенінің парсы тіліндегі атауы «Хинду» деген сөзден негіз алған. Кейіннен бұл сөз тек өзен мен оның жағасындағы Үнді елін ғана білдірмей, сол елдегі халықтың атауына айналған. Индуизм дінінің ерекшелігі, мұнда құдайлардың саны өте көп, бәріне ортақ бір құдай жоқ. Діннің негізін салушы да, белгілі пайғамбар да жоқ, бірақ көптеген жеке білімдерді таратушы, рухани ұстаздар бар. Бір ортақ қасиетті кітап жоқ, оның орнына әр бағыттың негізі болып саналатын жазбалардың беделі өте күшті. Бұл дінде жалпы мойындалатын сенім символдары мен талаптары болмағанымен, индуистердің дүниетанымында ерекше орын алатын ұғымдар (дхарма, карма, сансара, мокша, Брахман, атман, варна, каста т. б.) бар. Индуизмдегі құдайларды бір атпен атау, бір түрге біріктіру мүмкін емес. Мұнда құдай тұжырымдамасы әр түрлі, себебі индуизм Үндістанда ғасырлар бойы жинақталған жазбалардың барлығын өзінің қасиетті кітаптары ретінде қабылдаған, сондықтан да осы кітаптарда аталған 33 құдайдың (11-і аспандағы, 11-і ауадағы, 11-і жердегі) бәрі индуизмде мойындалады. Брахман – әлемді жаратушы, бастапқы бірліктің барлық тірі және өтпелі шындықтың мәңгілігін жүзеге асырушы. Бірақ Брахманның адам алдындағы еңбегі дәстүрлі индуистік түсінік бойынша көрнекті болмады. Сондықтан да Брахманға онша сыйынбайды, оған арналған храмдар саны да санаулы ғана. Индуистердің көпшілігі Шива мен Вишнуға табынғандықтан, шиваиттер мен вишнуиттер болып екіге бөлінеді. Шиваның негізгі қызметі жою және өзгерту, сонымен қоса ол – өмірлік күштің және еркектік бастаманың иесі. Шиваға Лингама формасында еркектік өмір жасаушы бастама ретінде табыну өте көп таралған. Шива

перілерге қарсы күрестерде ерекше батылдық көрсеткендіктен, оны көбінесе қатал жоюшы ретінде қабылдайды. Бұл ипостасында Шива ырғақ пен би құдайы да болып келеді. Бидің қозғалысындағы Шиваның төрт қолы оның құдіреттілігі мен мүмкіншіліктерін бейнелейді. Қастарының орта-сындағы үшінші көз де жоюшылық күшті білдіреді. Индуистер, әсіресе шиваиттер, Ұлы Шиваға өте көп функцияларды таңады. Соның бірі шакти – Шиваның өзінің бөлек рухани энергиясы. Шакти тек қажетті жағдайларда ғана көрінеді. Индуистердің түсінігі бойынша шактидің көмегімен адам өзінің негізгі мақсатына, мокшаға (жанның туу мен өлім тізбегінен босатылуы) жетеді. Шактиді киелі әйелдік бастама Шиваның зайыбы Шакти құдай деп қабылдайды. Бұл Шактидің көрінісі ретінде көптеген әйел құдайлар пайда болды. Солардың ішінде Дурға мен Калиге сыйынушылар өте көп. Вишну – индуизмдегі сақтаушы қызметіндегі құдай. Ол қарапайым және адамдарға өте жақын. Оның зайыбы Лакшми құдай нәзік әйел махаббатының бейнесін символдайды. Вишнудың аваторлары (басқа құдай түріндегі көріністер) өте көп. Төрт бейнеде ол жануар болып көрінеді. Вишнудың қалған белгілі бес аваторлары: Парашурама, Рама, Кришна, Будда және болашақта келетін Калка құдайы болып есептеледі. Будданы Вишнудың аваторы ретінде қабылдау буддизмнің индуизм жүйесіне кіргізілгенін көрсетеді. Рама – "Рамаяна" поэмасындағы патшаның ұлы, тақтың мұрагері, батыр бейнесі. Халықтың санасында ол құрметке бөленіп, Раманың, Вишнудың аваторына айналған. Ал тағы бір белгілі эпостық жырдың кейіпкері Кришна да Вишнудың аваторы болып есептеледі. Кришна жалпы үнділік жоғарғы құдай дәрежесіне көтерілген. Жыр бойынша батыр жауынгер Арджунаның атқосшысы болып жүріп, оған аспан заңы мен эпикалық заңдардың жоғарғы мәні туралы әңгіме айтады. Кришнаның бұл философиялық тұжырымдары Бхагавад – Гита тарауы түрінде Махабхарата жырына енгізілген. Кейіннен Кришна ақылшы философтан көңілді, жеңіл ойлы бақташы құдайға ауысады. Осы ипостасында ол Үндістан әйелдерінің сүйікті және өте белгілі құдайы ретінде дәріптеледі. Көктемгі діни мейрамдарда Кришнаға арналған көп діни ғибадаттар жасалады. Кришнаға табыну қазіргі кезде Америка және Батыс Еуропа елдерінде вайшнавизм, Кришна санасы қоғамдары арқылы кең таралған. Индуизмнің қасиетті жазбалары Ведалар болып есептеледі. Олар шрути – «тыңдау, естілу» деп аталады. Оның екі себебі бар: олар жоғарғы құдайдан естілген және шәкірттер ұстаздарының әңгімелерінен осы текстерді қабылдаған. Қазіргі индуизмде құдайға құлшылық еткенде осы ведалық мәтіндерден мантралар оқылады. Мантраларды (қасиетті сөздерді) тек санскрит тілінде оқу керек. Брахмандар – абыздардың сыйыну мен құлшылық ету оқулығы қара сөзбен жазылған. Бұлар ведалық әдебиеттердің екінші бөлігі болып есептеледі. Абыздар жеті Брахмандық мәтіндерді ерекше бөліп айтады. Келесі Араньяки мәтіндері де Құдайға құлшылық, медитация туралы айтады. Ал Упанишадтарда индуизм философиясының мистикалық тұжырымдамасы берілген. Упанишад – қатар отыру деген ұғымды білдіреді. Гуру (рухани ұстаз) қасына отырған таңдаулы шәкіртіне қасиетті ілім туралы кеңес берген.

Даосизм (қытайша «дао цзяо» – «жол ілімі») б.з.б. IV-III ғасырларда Ежелгі Қытайда пайда болды. Аңыз бойынша бұл ілімнің құпиясын аты аңызға айналған Хуан-ди («Сары император») ашқан. Ақиқатында даосизм шамандық нанымдардан және ежелгі магтар ілімінен бастау алады, ал оның негізгі қағидалары данышпан Лао-цзынікі деп саналатын «Жол мен ізгіліктер туралы канонда» (Дао-дэ-цзинде) және философ Чжуан Чжоу көзқарастары көрініс тапқан (б.з.б. IV-III ғғ.) «Чжуан-цзыда» баяндалады.

Тұтас жүйе ретіндегі даосизм «Лэ-цзы» (б.з.б. IV-III ғғ.) және «Хуаинань-цзы» (б.з.б. II ғ.) еңбектерінде тұжырымдалған.

Даосизм – адамға қоршаған әлемнің сырларын ашуды, өмір мен өлім мәселелерін айқындауды мақсат етіп қоятын ілім. Даосизмнің негізгі категориясы дао (жол, ақиқат, тәртіп) – ғарыш болмысының ішкі заңдылығы, табиғаттың жалпы заңы іспетті, формалар әлемін тудырушы бастау. Дао тек бастапқы себеп қана емес, сондай-ақ соңғы мақсат, болмыстың аяқталуы. Даоны ешкім жаратпаған, бірақ барлық нәрсе даодан жаратылған және соңында даоға қайта оралады. Дао – бұл барлық нәрсе, сонымен қатар ол еш нәрсе де емес; ол – мәңгілік және шексіз; даоның аты да заты да жоқ болғанмен, ол – бәріне есім мен атау беруші бастама. Дао – беймәлім, оны сезім органдары арқылы танып білу мүмкін емес, ол уақыт пен кеңістік аясын қажет етуден ада. Даоның нақты көрінісі тек «дэ» (ізгілік) күші арқылы ғана байқалады: егер дао барлығын жаратушы болса, дә – қоректендіруші. Тақуа мақсаты – даоны тану, ол оны «ғарыш үйлесімділігі» – адамның табиғатпен қауышуы деп түсінеді.

Даосизм философиясының мәні – бес алғашқы элементтер (топырақ, ағаш, металл, от және су) туралы ілім болып табылады. Осы алғашқы элементтерден әлем құралған. Ал элементтердің өзі «киден» (алғашқы материя) бастама алып, элементтердің негізін құрайды деп түсінілген.

Даосизмнің тағы бір негізгі ұғымы «әрекеттенбеу» («у-вэй») – табиғи әлемдік тәртіпке кереғар келетін мақсаттық әрекетті терістеу, табиғи үйлесімділікті бұзбау, табиғат дамуына араласпау, адамның табиғилығын ұстану, қандай күйде жаратылса, сол күйде болу. Басынан жаратылған нәрсені өзгертуге тырысу ұмтылысын жоққа шығаратын әрекеттенбеу қағидатына сүйенген ел билеушісі Аспан асты елін тәртіпке келтіріп, мемлекетті басқарған, толқулардың алдын алған. Даосизм ғарыштағының бәрін бір тұтастық ретінде қарастырады, қарама-қайшылықтарды үйлестіруге талпынады.

«Чжуан-цзы» бойынша өмір мен өлім жалпылама метаморфозалардың тек сатылары ғана. Универсум сияқты кіші әлем – адам да мәңгілік. Оның физикалық тәні өлгенде рухы әлемдік «арнаға» сіңеді. Өмір бастауы ретіндегі даомен бірігу, діни пайымдау, тыныс және гимнастикалық жаттығу, жыныстық тазалық, алхимия және с.с. арқылы ғана мәңгілікке жетуге болады.

Тақуа-даошылар табиғат аясына кетіп, үйлесімділікке жету үшін онымен тұтасуға талпынды. Ажалды жеңу мен ұзақ өмір сүру үшін кем дегенде, біріншіден, «рухты қоректендіру» қажет. Даошылар адамды

көптеген рухтардың мекені, құдіретті күштердің шоғырлануы ретінде қарастырады. Тәндік рухтардың осы жүйесіне аспандық иерархия сәйкес келеді. Аспандағы рухтар адамның жақсы-жаман істерін тізіп, санап, өмір ұзақтығын анықтап, өсиеттерді орындауға, ізгі болуға шақырады. Ұзақ өмір сүрудің екінші шарты «тәнді қоректердіру» – қатаң диета сақтау және организмге тіршілік дарытатын эфирді тарататын тыныс гимнастикасын жасау болып табылды.

Ұзақ өмір сүру мен мәңгілік өмір сүру идеяларын уағыздау даошыл магтар мен уағыздаушыларға халық арасында және император алдында үлкен бедел әкелді. Олар жаңа діннің негізін қалап қана қоймай, сонымен қатар мәңгілік өмір сүруге мүмкіндік беретін дәрілер мен эликсирлер жасайтын «алхимияны» дамытты. Сондай-ақ даошылдар астрология, бал ашу, геомантия, магия және дерт шалған адамды айықтыруға септесетін медицинамен айналысты.

Көне даосизмнің философиялық ұстанымдары ортағасырлық даошылардың діни ілімдеріне негіз болды. Ортағасырлық даосизмнің көрнекті өкілдері Гэ Хун (VI ғ.), Ван Сюаньлань (VII ғ.), Ли Цюань (VIII ғ.), Тянь Цяо (Тянь Цзиншэн) (X ғ.), Чжуан Бодуань (XI ғ.). Конфуцийшілдік білім алған интеллектуалды элита да даосизм философиясына қызығушылық танытты, оларға қарапайымдылық пен табиғилықтың көне культі қатты ұнады, табиғатпен тұтасуда творчестволық еркіндікке қол жеткізілді. Даосизмге деген ықылас, әсіресе, Хань династиясы құлап, конфуцийшілдік ресми дін ретінде өз мүмкіндігін сарқыған уақытта орын алды. Буддизмнің Қытай жеріне бейімделуі барысында даосизм одан бірқатар культтер мен философиялық ой-тұжырымдарды қабылдады, буддалық ұғымдар мен философиялық концепциялар қытайларға түсінікті даолық терминдерге аударылды. Даосизм неоконфуцийшілдіктің дамуына ықпал етті.

Магия және физиогномистикамен байланысқан оккульттік даосизм халық бұқарасын өзіне тартты, сол себепті ол билік тарапынан қарсылыққа ұшырады. Билік одан көтерілісшіл-эгалитарлық дәстүр ұшқынын сезді. Даолық көзқарастар құпия қауымдардың идеялық негізіне («Ұлы теңдік жолы», «Ақ лотос ілімі» және т.б.) және шаруалар көтерілісінің жебеушісіне айналды (мысалы, 184 жылғы «Сары орамалдылар» көтерілісі).

Барлық адамдардың анасы, туылмаған Ана-Сиванму құдайының мекені – Батыс жұмағы туралы ілімді дамытқан даошылар, баршаның теңдігі және әлеуметтік әділеттілік идеясын негіздеді. Емшілер мен көріпкелдер де осы идеяларды жақтағандықтан, олар көпшілікке кең таралды.

Даолық дін көне анимистік нанымдарды, Көкке табынуды және әулие даналар культін өзіне қабылдады. Ортағасырлық даосизм қытайдың рухани мәдениетімен тығыз байланыста болды. Даошылар күнәһарлар жаны жазаланатын эзезілдер патшалығы мен әділетті жандар үшін дайындалған құдайлар мекендейтін аспан бар деп сенді. Орта ғасырларда мәңгілік туралы ілім ұзақ өмір культіне, ал өмір бастауы ретіндегі дао доктринасы көп балалық культіне және т.б. айналды.

Құдайлар иерархиясына аңыздық ел билеушілерді, мифтік батырлар мен даналарды, конфуцийшілдіктің көрнекті қайраткерлерін, тарихи тұлғаларды қабылдаған даолық пантеон синкретизмнің айқын көрінісі болып табылды. Халық арасында әділеттілік пен ізгі істі жақтайтын сегіз мәңгілік данышпан тұлғалары кең таралды (оларға адамдық және сиқырлық қасиет тән деп саналды).

II ғасырда «Аспан ұстаздарының жолы» деп аталатын Чжан Даомин (I-II ғғ.) негізін қалаған бағыт пайда болды. Аңызға сай ол Лао-цзыдан аян алып, оның жердегі өкілі болу құқын иеленеді. Оның «Көктен түскен ұстаз» титулы осы уақытқа дейін ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. IV ғасырда «Жоғары тазалық» және «Рухани асыл қазына» атты даолық мектептер пайда болды. Олар медитациялық пайымдау тәсілдеріне көп көңіл бөлді.

IV-VI ғасырлардан бастап даолық ілімінің көптеген қағидалары қайта қарастырылып, ресми мәртебеге ие болды. Біртіндеп кең ауқымды иерархиялық канон жасалды. VII-VIII ғасырларда монахтық институттар мен монастырлар, VIII ғасырда Қытайдың солтүстігінде көптеген мектептер қалыптасады, солардың бірі – «кемелденген ақиқат ілімі» осы күнге дейін жетті.

Кейінгі даошылар өз ілімін мемлекеттік дінге айналдыруға талпынды. Олар буддалық үлгідегі өсиеттерді жинақтап, ізгі адамдардың игі істері мен қызметтерінің тізімін жасады. Мемлекетке опасыздық жасау мен көтеріліс жасағаны үшін қатал жазалар қолданылды. Тан әулеті өз тегін ресми құдайландырылған Лао-цзыдан бастады.

Қазіргі уақытта даосизм ҚХР, Корея, Тайваньда, Сянганда және қытай эмигранттары арасында кең таралған. Даосизмді күнделікті тұрмысқа енгізген діни синкретті топтар 1960 жылы ҚХР-да қудалауға ұшырады, бірақ 80-ші жылдардан бастап олар, әсіресе, шет аймақтарда өз ықпалын қалпына келтіруге талпынды. Белсенді әрекет ететін Қытай құдайлары пантеонында шаман – медиумдар, галлопаттар, бал ашатындар, физиогномистер қызмет жасайды. Даолық храмдарға, монастырлар мен киелі орындарға мыңдаған діндарлар барады. Қытайдағы «Даосизм ілімін ұстанушылардың бүкілқытайлық ассоциациясы» жұмысын қайта жандандырған.

Кореяға даосизм Лао-цзы мен Чжун-цзы идеяларымен бірге орта ғасырда үш патшалық кезеңінде Қытай арқылы ене бастап, саясат, мәдениет және күнделікті өмір салтына таралды. Даосизм Кореяда басты орындардың бірін алмаса да, қуғынға ұшырап отырды, дегенмен, қазіргі замандық корей қоғамында даосизмнің әсерлері байқалады.

Даосизмнің қазіргі күні әлемде кең таралған оккульттік практикасы фэн-шуй немесе геомантияға ерекше назар аударуға болады. Сөзбе-сөз фэн-шуй «жел және су» – өмір ағымының қозғалысы деп аударылады. Бұл – адамның ішкі дүниесін үйлесімділікке келтіріп, сыртқы ортадағы заттардың көмегі арқылы әлеммен гармонияда болуы.

«Фэн-шуй» жүйесі – адамның жанында энергетикалық үйлесімділік құру әдісі ретінде танылады. Бұл жүйемен шұғылданушылардың пікірінше, заттарды дұрыс орналастыру мен түрлі түстердің гаммасын орынды қолдану

арқылы денсаулыққа, энергетика тұрғысынан жетістік пен табысқа қолайлы жағдайларды жасауға болады. Адам бұл жүйеде ғаламның энергетика заңдылықтарына бағынатын кішігірім объектісі ретінде қарастырылады.

Фэн-шуй ТМД аумағына Қытайдан емес, Батыс елдері, соның ішінде Англия мен Германиядан келген. Батыста халықаралық «Фэн-Шуй» орталығы құрылған, ал оның Қазақстандағы филиалы 2000 жылдың 3 мамырында тіркелген. Алматы мен республиканың бірқатар ірі қалаларында фэн-шуй жүйесін практикада қолдану бойынша жұмыстар атқаратын орталықтар бар.

Геомантия немесе фэн-шуй идеялары медицинаның, яғни шөппен емдеудің қытайлық әдістері, акупунктура, инемен емдеу жолдарына бастама берді. Фэн-шуйден басқа даосизм іліміне негізделген бағыттар цигун – тыныс алу гимнастикасымен байланысты психологиялық-физиологиялық практикалар, сондай-ақ дәстүрлі ушу өнерінің кейбір стильдері де танымал.

Жалпы алғанда, даосизмнің қытай мәдениетіне үлкен әсері болды. Алхимиямен шұғылдану химия, фармакология саласында бай эмпирикалық материалдың жиналуына ықпалын тигізді. Даолық ғалымдардың шығармаларында металдар мен минералдар, қағаз жасау сыры, оқ-дәрі, фарфор, жібек, дәрілер рецептін баяндайтын деректер сақталған.

Қазіргі Қытай халқының ең беделді ұлыттық діні – Конфуций ілімі болып саналады. Оның негізін қалаушы Кун-Фу-Цзы, яғни Күн-ұстаз. Конфуций б.з.б. 551 ж. шамасында өмірге келген. Оның негізгі ілімі бізге оныңшәкірттері Мән-Цзы және Сюн-цзының еңбектері арқылы жетті. Кун-цзы бала кезінен-ақ білімге өте құштар болып ұлы уағызгер көне заман тарихын қызыға оқып, ескі салт-дәстүрерді өте жақсы көрген.

Кун-фу-цзы өмірге келген кездерінде қытай қоғамында тайпалық күрестер гөрі, адам арасындағы қарым-қатнас, тәрбие, тәртіп мәселелеріне үлкен көңіл бөлді. Ол елдегі бей-берекетсіздіктен құтылу және халықтың тұрмыс-тіршілігін дұрыс жолға қоюдан басты жолы-ата-бабалар дәстүрлері мен зақдарына, көне заман тәртібіне оралу деп санады. Бұл мақсатты жүдеге асырау үшін, әр бір адам даоның жолымен жүруі керек деді. Ол үшін үш ұғымды біліп: "тең орта", "адамгершілік" және "өзара сүйспеншілік" деген мағынаны білсе ол адам дұрыс жолмен өмір сүреді деді. Осыған қоса әр бір адам "Ли" принцип бойынша талапты орындау қажет: бұрынан келе жатқан әдет-жораларын сақтау, әртүрлі салт – жораларын бұлжытпай орындауды құдайдың берген міндеті есебіне санау.

Конфуций өзінің өмірлік қағидаларын қағыз бетіне түсірген жоқ, бірақ оның айтқан ой тұжырымдарын шәкірттері жазба түрінде «Әнгімелер мен пікірлер», «Лун юй» деген еңбекте жан-жақты бояндайды. Қытайлардың көптеген ұрпақтары бұл кітаптарды үлгі тұтын, басшылыққа алған. Бұл ілім ертедегі қауымдық қоғамдағы діндерінің жалғасы десекте болады. Себебі, Конфуций біріншіден бабалардың рухына сенуге және адамдарда «Шандиға» табынуға шақырады. Кун-ең жоғарғы жаратушы күш, ол жерде әділеттілік болуын қодағалап отырады. Қоғамдағы тенсіздік, әр түрлі

сатыдағы топтардың (бай, кедей) болуы – Құдайдан. Олай болса Аспан сондай тәртіпті өзі береді де, өзі қорғайды.

Жалпы Конфуцийшілық діни көзқарас философия – этикалық ілімі десек те болады. Кун-фу-цзыдың философиялық көзқарасы бойынша, «аты түзету» деген көзқарасын қарастырайық. Барлық заттардың, адамдардың аттары болу керек. Сол аттарына сәйкес мінездері болу керек, ат пен атағы сәйкес келуі керек, әке - әкеге, бала – балаға, билеуші – билеушіге, шенеунік – шенеунік болып аттарына байланысты ғана емес, шын мәнісінде де қалулары керек. Билеуші - әке, халық оның балалары. Олай болса, "білу дегеніміз табиғатты емес, адамдарды танып білу". Қараңғы адамдар данышпандарға бағыну тиісті. Олай болмаған күнде елде тыныштық болмайды. "Лун юй" деген Конфуция сөздерінің жинақ кітабында "текті адамдарға" қарапайым адамдары қарсы қояды. "Текті адам" заң мен парызды басшылыққа алса, қарапайым адам қалай тимді орналасып пайда тапсам деп ойлайды. "Текті адамға" үлкен маңызды шаруалар тапсыруға болса, қарапайым адамға тек қана ұсақ – түйсек тапсырма болады. "Текті адам" "жанжақты жетілген адам мен немесе "толық" адам мен де теңеліп қарастырылады. "Толық адам" адамгершілігі зор, қоғамда үлгілі, табиғаттың заңы мен қоғам заңдарының гармониясы, олар - данышпандар. Данышпан адам табиғат заңы мен қоғам өміріне сәйкес "алтын жолмен" жұмыс жасау керек. Сол себепте, ол табиғат заңы мен қоғам заңын сәкестіріп, Космос тәртібімен тірі жандары сақтау керек. Данышпан адамдары теңаралық пен тұрақтылықты сақтайды, ал қарапайым адамдар бұған қарсы әрекет жасайды да бәрін де талғаусыз істеп береді.

Конфуцидің Ғарыштық гармониясы, қоғам өмірінің таптық гармониясына да тарайды. Бұл көзқарас бойынша қожа мен қызметкердің, әке – шешесі мен балалардың, ерлі – зайыпты адамдардың, қарттар мен жастардың арасында ерекше қарым – қатнас орнатады. Әсіресе «отбасалық этиканы» мемлекеттік этикаға көтерді. Әрбір семья "кішкентай мемлекет" деп көрсетті. Сол себепте семьялық тәртіп бойынша ғана мемлекет жұмысына араластырады. Конфуция бойынша бес "тұрақты" маңызды нәрсе бар: ритуал, гуманизм, ақиқатты – қарыз іс, білім және сенім. Осының ішінде ең негізгісі Ритуал. Ритуал арқылы Аспан мен Жер байланысты болады. Жеке адамдар, қоғам, мемлекет қатынастары осы Аспан мен жердің реттеуші заңы мен жүріп жатады. Осындай этикалық көзқарас, ең төменен жоғарғы тұрған "бағыныштылық" сананы бекітеді. Төменгі сатыдағы адамдар "бағыныштылық" этиканы "кемітуі" немесе "қорлаулық" көзқараспен қабылдамайды, Космостың, Аспаның берген заңы есебінде қабылдайды. Сол себепте Ритуал арқылы қоғамның халықтарын тәрбиелейді.

Конфуций б.д.д. II ғ., оны философ – данышпан есебінде Қытай халқы қабылдады, ал б.д.д. I ғ. мемлекеттік ілімге және IX ғ. бастап Қытайдағы негізгі діни көзқарас айналды. Бірақта Конфуцияның өзі, өзін ешқашанда дінің негізін қалауы есебінде санаған жоқ және өзін пайғамбар немесе құдай есебінде көтерген жоқ. Қытай халқы оны Ұлы данышпан жеке мұғалым

есебінде қабылдады. Бірақта келе-келе Конфуцияншылық діни көзқараска айланды десек болады. Себебі бұл көзқарас бойынша ерте заманан жоғарғы Аспанға, мемлекет басшыларына Ата-бабаның аруақтарына киелі реттіне бас уру, табыну, болсада дінің атребуты деп есептейміз.

XX-ғасырда Конфуций дінінің Қытай халқына деген беделі әлсірей бастады. Әсіресе 1949 жылдары халық революция кезінде және мәдениет революциясы кезінде Конфуция идеясы екінші орынға ауысты. Бірақ соңғы кезде әдет-ғұрыптық нормада, тәрбие беретін институттарда Конфуцияның беделі өсіп келеді. Қытайда және Тайванда Конфуциялық салт-жоралар мемлекет тұрғысында жүріліп жатыр.

**Негізгі әдебиеттер:** [4, 5, 6, 7, 19, 20];

**Қосымша әдебиеттер:** [21, 23, 29, 33, 34];

**Ғаламтор көзі:** [41,42, 51, 52, 53,55]

### **Дәріс тақырыбы 3. Ұлттық және әлемдік діндердің өзіндік ерекшелігі және өзіндік болмысы.**

*Дәріс 1 сағат*

#### **Дәріс жоспары (1 сағат)**

1. Буддизмнің қоғамдық-тарихи пайда болу шарты, ілімнің негізін қалаушы.
2. Христиан дінінің пайда болуы, таралуы, діннің ерекшелігі.
3. Ислам дінінің түсініктері және негізгі идеясы.

Дәріс тезистері:

Будда діни ең бірінші, ең ертедегі дүниежүзлік дінге жатады. Ол VI ғ. бір мыңыншы жылы б.д.д. Шығыс Үндістаннан шықты. Буддизм дінінің шығу себебіне сол кездегі Үнді мемлекетінің әлеуметтік – экономикалық және мәдени дағдарысқа ұшырап жатқан кезі еді. Таптық қоғамының қалаптасуында, рулық байланыстар, рулық құдайлар сол болып жатқан өзгерістерге, рухани талаптарға қамтамастық көрсете алмады. Будда діні, оның негізі идеалды көзқарастары таптық қоғамның шығуына, дамуына жол беріп отырды. Сол кездегі рулық-брахман дініне оппозиция болған Будда діне, варна-қастылық бөлуге қарсы шығып елдердің басын біріктіруге талпынды.

Алғашқы кезде Буддизм брахман дінінен бөлініп шықты деп есептейді, себебі көптеген догмалық түсініктер брахман дінінен алынды. Мысалыға, «сансара», «карма», әртүрлі мифтік түсініктер брахман дініне үлкен орын алған. Таптық мемлекет құрылуы кезеңінде қастық айрмашылықтардың, құдайға сыйынудың және құрбандың шалудың күрделі ырымдарын қасиет тұтқан брахман дініне қарсы халық бұқарасының наразылық білдіруінің арқасында, қастыдан тыс діни көзқарас – будда діні шықты десек те болады.

Бұл діни – философиялық ағымның шығу тарихы принц Садхартта Гаушаманың (б.д.д. 563-483 ж.ж.) есімімен тығыз байланысты болды.

Аңыз-тарихы бойынша, расында осындай адам болуы керек, Солтүстік үнді елінде Шакья тайпасынап, рудың патшасының Сиддартханың ұлы Гаутама жастайынан шатық өмірдің рахатына батып, 29 жасқа толғаннансоң



патша сарайынан шығып ел аралайды. Ел аралап өмірден азап тегің шегіп жүрген адамдарды көріп терең ойға батады. Сөйтіп, өмірде бақытсыздық, ауыру, өлім барып біліп, өмір тек қана азап шегушілік ден түсінеді. Өмірдің мәнін ойластыру үшін оңаша жер іздеп кетеді. Сөйтіп 7 жыл Ганг өзенінің аймағында ел аралап, бір күні шаршап бір Бодхи ағашының саясында демалып отырып уйықтап кетеді. Сол кезде көз алдынан өмір ақиқаты ашылады, ол Буддаға (даналық) айналары.

Будданың ашқан өмір ақиқаты немесе ілімінің негізі – «азап шегушілік» туралы төрт игілікті ақиқаттан тұрады. Бірінші ақиқат-өмір сүру-азап шегу болып табылады. Екінші ақиқат – азап шегудің себептері адамның тлегі мен құмарлығына байланысты болады. Үшінші ақиқат-азан шегуден құтылудың жолдары – құмарлықтан құтылу керек. Төртінші ақиқат – тілектер мен құмарлықты шешу үшін адамдар Будда көрсеткен жолдармен жүруі тиіс. Ол жолдар мыналар: Буддаға деген қалтықысыз наным, дінге нұксан келтірмей дурыс талаптану, тәртіпті болу, адамдармен кісі өлтірмей, соқтығыспай жақсы қарым-қатнасты болу, өзін-өзі ұстау және андап жүру. Қысқаша айтқанда Нирванға жету. Нейрвана деп адамның ерекше жайын білдіретін бүтіндей тыныштыққа бөленіп, айналаны қоршағандардың бәріне өнжар қараушылық. Соған жеткен адам қайта туудан құылып, адап шегу тоқталады. Нерванға тікелей жетудің сегіз сатысы болады: түзу көзқарас, түзу батылдық, түзу сөз, түзу жүрыс-тұрыс, түзу тұрмыс қалпы, түзу күш салу (өзін өзі ұстай білу), түзу ықлас, түзу жұмылдыру.

Сангха болса Будда ілімін (Дхарма) халықтарға жеткізу үшін жұмыс істеді. Алғашқы Сангха бірте-бірте өсіп, дами отырып «Әлемдік» буддизм ге айналды. Алғашқы 300 ж.б.д.д. Сангхи бір-қалыпты дами отырып, онан бірнеше ағымдар бөлініп шығып, айрықша мектептерге айналды. Әлемдік буддизм және монактық көзқарастар бірте-бірте индуизм және гректің, иранның діни көзқарастары үлкен әсеріп тигізе бастады. Біздің жаңа дәуірдің басында Сангханың әртүрлі ағымдарынан екі үлкен мектеп пайда болды, Хинаяна (кіші күйме) және Махаяна (үлкен күйме). Хинаяна болса Тхеравада (ескі өсиеттік жол) көзқарасын дамытты. Махаяна болса, ол әлемге деген жаңакөзқарастық пен дамыды.

900 жыл гулденгенен кейін (250 жылдан б.д.д., 650 жылға дейін б.д.), буддизм үнді мемлекетінде дағдарысқа ұшырай бастады. Бірақта буддизм діні Шығыс елдеріне, Азия материктеріне тарап үлгеріп, сол елдерде дамып өмір сүре бастады. Біздің уағымызда барлық мектептері, әдет-ғурупптары Байтыс Европа және Шығыс Америкаға да тарап, әсті-әсті «Европалық буддизм» мағанасына айналын келеді.

Будда дінінің уағыздары. Будда туралы ілімдер көптеген ғасырлар бойы ауызша айтылып отырады, тек қана біздің э.д. және б.ғ. аралығында. Цейлонда алғашқы рет 29 томдық (10 мың бетке жуың) будда ілімі кітапқа жазылады. Ол кітапті «трипитака» деп айтады. «Трипитака», «Три корзины» (заң) немесе «Ұш жинақтама» уш бөлімнен тұрады: «Сутра- питака» (жіп) - әнгіме, Будда әнгімесі және оның негізгі ілімі; «Винайя - питака»(тәртін) – монахтардың қалай өмір сүру ережелері; және Абхидхама – питака (жоғарғы

ілім), Будданын шәкіртерінің қурастырғап еңбегі. Осылардың ішінде ең бір ерте болімі «Сутра» және «Винайя» - қалай қурастырылған сол қалпында біздің дәуірімізге жетті. Қалған бөлімдері көптеген өзгерістерге ұшырап, толқтандырылып отырды. Осындай жазбаның арқасында Буддизмның 250 жылдық даму мәліметтерін біз білеміз. Будда ілімі бойынша өмір деген айнымалы, ешбір тұрақты ештеме жоқ. Осы өмірдің тұрақсыздығы, айнымалдылығы айырлмайтын болмысы екенін түсіндіреді. Жеке адамдардың өзінде қандай әлеуметтік сатыда тұрса да аурудан, кәріліктеп, өлімнен құтыла алмайды. Әлемде тұрақты еш нәрсе жоқ, барлығы өзгерін, бір көріністеп екінші көрініске ауысып отыратын байқады. Бұрынан келе жатқан көзқарас бойынша осы ауыспалы өмірде бірақ тұрақты нәрсе бар, ол «жан» немесе Құдай деген көзқарасты Будда болса басқалап шешті. Өмір сүру деген уздіксіз кезендерден тұрады. Әрбір кезең жойылғанда, келесі кезендерге жол береді, немесе Буддалық сөзбен айтқанда «Барлық шыққан нәрселер жойылады, тұрақты еш - нәрсе жоқ, сол себепте тұрақты нәрсені іздеу керек, өмір қалай тұылады және солай тез өтіп кетеді». Қасиреттік нәрсе адамның өзінен, себебі өзгерін отыратын заңдылықты тоқтатқысы келеді. Мәнгі жасайтын жанға сену дегені өзін өзі алдау деген, өзгерісті ешкімде тоқтата алмайды. Қастреттен құтылудың бірден-бір жолы - Сансардан (өзгеріс шеңбері) шығу үшін әрбір адам ең болмағанда төрт түрлі ақиқатты білуі қажет:

1. Өмір сүру деген қасирет шегу деген. Өмірге келу, кәрілік, ауру, өлім, жақсы көрген нәрсеңнен айырылу, қажетіңе жете алмау, т.б. осылардың бәрі – қасирет.

2. Қайғы – қасиреттің пайда болуы себептері туралы ақиқатты білу. Ол - өмірге, ләззатқа, байлыққа деген құштарлық.

3. Құштарлықтан құтылу арқылы оны жену.

Қуштарлықтан құылу жолдарын білу. Оның жолдары сегіз қағиданы (сатыны) бұлжытпай орындау керек. Жоғарғыда көрсеткендей олар: дұрыс жол, дұрыс шешім; дұрыс сөз; дұрыс іс-әрекет; дұрыс тұрмыс қалпы; дұрыс күш жұмсау; дұрыс өй бағыты; дұрыс жинақтала білу. Дұрыс жинақтала білудің өзі төрт сатыдан тұрады.

Христиан діні – екінші әлемдік дін. Ол I ғасырда Рим империясының шығыс өлкесінде, дәлірек айтсақ, Израильде (Палестинада) 30-100 ж.б.д.д. еврей және басқа ұлттардың арасында пайда болды. Палестиналық еврейлер Вавилон, Персия, Македондық жаулауды басынан өткізді. Тек 140 ж.б.д.д. Израильді өздерінің Иудей династиясы басқарды. Ал 63 ж.б.д.д. Римнің әскери қолбасшылары Гней Помней Иудейге өз әскерлерін алып кіргізді. Сонымен Иудей Рим империясының бір бөлігі болып қалды. Саяси бостандықтан айырылған Палестина халықтары бұл жасағанды трагедия есебінде қабылдады. Бұндай саяси оқиғаны діни мәнде бой ұсынды. Саяси оқиғаға олар діни мазмұн беріп қабылдады. Ата-бабаларының діни салт-дәстүрлерді бұзғаны үшін құдай жолында адамдар әділетті жазаға тартылады деген діни көзқарастар таратылды. Әсіресе осындай идеялар еврей ұлтының діни қауымдарында, хасидее тобында, фарисей ұжымында

кеңінен етек алған. Фарисейлер болса басқа елдің діни өкілдерімен араласпауға, иудаизм дінінің таза болуына, діни әдет-ғұрыптарға үгіт-насихат таратты. Бастапқы кезде бұл қауымдар иудаизм дінінің әдет-ғұрыптарын, діни мейрамдарын орындағанымен, олардың өзіндік ерекшеліктері болды. Мысалы, аптасына, жексенбі күні бір жерге жиналып тамақ ішуі, нанды үзіп жеп, шарапты ұрттап ішуді әдеттендіріп салтқа (ритуалға) айналдырды. Келе-келе ондай салтқа тек шоқынған – «крещения» адамдар ғана қатынасатын болды. Империяның басты күші құлдар еді. Құлдардың өндірістік күші әлдеқайда төмен болды. Құлдық империяның дағдарысқа ұшырай бастағаны көріне бастады. Мемлекеттік ауыр салмақтар халық бұқарасының әлеуметтік тұрмыс жағдайын нашарлатты. Құл илеушілерге қарсы күрес ұлғая түсті. Халық арасында эсхатологиялық пиғылдар кеңінен тарады. Бұндай көзқарастың шығу себебі – құлдар көтерілісінің жеңіліске ұшырауы еді. Рим империясы әлі де болса өте күшті еді. Езілген бұхара халық өздерінің тұрмыстарын жақсартамыз деген үмітінен айырылып, басқа жолдар іздей бастады. Ол кезде «құтқарушылық» жолы тең дін арқылы ғана мүмкін болды. Көрініп тұрған әлемнің күні таусылып келеді, ақырзаман болады деген тозақ туралы діни ілімдер күшейе түсті. Табиғатта жасырын әрекет жасайтын күштердің бар екені, ізгілік пен зұлымдықтың күресі туралы, о дүниенің барлығы т.с.с. түсініктер пайда болды. Ақырзаманнан соң жаңа өмір басталады. Ондай өмірді Құдайдың өкілі Христос деген алып келеді. Ол адам ұрпағын құтқару үшін азап шекті, о дүниенің рахаты туралы аңыз оп-оңай тарап кетті. Сонымен, образ бойынша айтсақ, «Христостың жеңу себебі – Спартактың жеңілуінен» шықты десек те болады. Халықтар жер бетінде әділеттілікке, теңдікке қол жетпегендіктен, олар Құдай алдында теңдік идеясы христиан дінінің қалыптасуына, сол кездегі халық арасында таралып және қолдау тапқан түрлі идеологиялық ағымдар да ықпал етті.

Христиан дінінің идеялық қайнар көзі.

Христиан апологтиктері: Христиан дінін адамдар жасаған жоқ, оны «Құдай адамы» арқылы немесе Құдайдың баласы Иисус арқылы адамдарға таратылған, - дейді. Бірақ та Христиан дінінің догмасы мен идеологиясын тарихи салыстырмалы жақтан қарастырсақ, онда бұл діннің шығуына әр түрлі діни, философиялық және этикалық білімдердің әсерін көреміз. Діни жағынан, христиан дінінің қалыптасуына, митраизм, ертедегі шығыс діндерінің философиялық көзқарастарының тигізген әсерлерін байқаймыз. Мысалы, иудаизм дінінің бір құдайлық «монотизм», миссиялық, ақырзаман (эсхатология) туралы идеяларын толығынан христиан діні қайта өңделіп негізгі библияның ескі өсиетінде кездестіреміз. Әсіресе, христиан дінінің әлемге деген көзқарасының қалыптасуына аналитикалық философия үлкен жәрдем берді. Библияның Жаңа өсиеті, бөлігі тек христиан дініне тән десек, оның құрлысы, терминдері, ұғымдары Платонның, неоплатондық, Аристотельдің философиялық системасының құрылымдық ойынан шыққандығын көріп отырмыз. Солардың ішінен ең бір елеулі көзге түсетін неоплатондық Филон Александрийскийдің (25 ж.б.д.д. 50 э.б.д.) Христиан

дінінің негізгі догмасын құрастырудағы рөлі өте жоғары десек болады. Құдай мен материалдық дүние арасындағы делдалды – періштелер мен мессияны Филон «Логос» (ақыл, ой, сөз, парасат) деп атады. «Логос» Филон бойынша киелі сөз, ол арқылы жаратқанды сезіп білуге болады. Құдайды тек «Логос» арқылы біліп, тануға болады, басқа жол жоқ. Барлық адамдар туғаннан күнәлі. Күнәлар адам мен Құдай арасында құтқарушы «миссия» бар, адамның жоғарғы мақсаты – күнәдан құтылып, құдаймен табысу, бұған жету үшін ең қажет нәрсе – мессияға сену, шын жүректен жалбарыну. Мессия – барлық адамзатты күнәдан құтқарушы. Ең биік Логос ол – Құдайдың баласы Иисус. Ол адам сияқты болғанымен де, ол адам емес, Құдайдың өзі, ол дүниеге келеді де, қайтадан ғайып болады, енді тек адам ойында, көңілінде ғана сақталады делінеді.

Православие-христианшылдықтың Шығыс немесе Византиялық бөлігі. Қазіргі кезде бір-біріне тәуелсіз автокефальды 15 православие шіркеуі бар: Константинополь (Туркия), Александрия (Египет), Антиохия (Сирия, Ливан), Иерусалим, Орыс, Грузия, Сербия, Румын, Болгар, Кипр, Эллада (Греция), Албан, Поляк, Чехославак және Американдық, тағы басқа үш автономдық шіркеулер бар (синая, фиин және жапондық). Әрбір дербес шіркеулердің шекарасын сол дербестік берген автокефальды шіркеу анықтайды. Шіркеу басшысын жалпы соборда сайлап, оны кейін дербес шіркеудің патриархасы етіп даярлайды. Константинопольдің патриархы «Әлемдік» деп аталады, бірақ ол басқа шіркеулерге қатынасы жоқ.

Әкімдік жағынан православия шіркеулері: экзархат (автономия), епархия (өлке), викариант (облыс), благочин (район) және приход (жергілікті, кішкентай) шіркеуі болып бөлінеді. Барлық православия шіркеулерінің канондары, діни догмалары мен ғибадаттары бірдей. Православие шіркеуінің ілімі Никкей соборында (325 ж.) және Константинопольде (381 ж.) әлемдік соборларда, жетінші Никкей (787 ж.) соборын қоса есептегенде, қабылданған. Православие ілімі негізінен екі жағдайды ақиқат деп түсінеді: христиан догмалары мен Құдайдың адамдарға жіберген шындықтары. Негізнен догмалары: Құдай үш мүсінді (бейнеден) тұрады, Құдайдың адамнан тууы мен күнәні кешіруге болатындығы. Бұл догмалардың мазмұны: Құдай материалдық және рухани түрде өмір сүреді. Оның мәні: Құдай үшеу де болса – біреу: әке Құдай – Савооф, бала Құдай – Иисус Христос және Құдай – Қасиетті рухтан (ол тек әке-құдайдан шығады) тұратын, бірақ бұл үшеуі біртұтас қасиетті үштікті (троицаларды) құрайды. Оның кереметтігі – үшеуі болса да біреулігінде. Әке Құдай ешкімнен еш нәрседен жасалған емес, күдіретті Құдай. Ол бізді қоршаған дүниені, соның ішінде о дүниені де жаратты. Жерден Құдай бірінші Адамды жаратты, оның қабырғасынан Хауа (Ева) бірінші әйелді жаратты. Адамды жарату себебі, олар Құдайды білу, сүю және жалынып мақтау керек, сонда ғана олар бақытты, рахатқа батады. Құдай өз жағынан адамдарға қамқор болады, бәле-жаладан сақтайды, дұрыс жолға салады. Бала Құдай Иисус Христос - өмір-бақи өмір сүретін Құдай. Әке Құдай бала Құдайын адамнан туғызып, адамдарға жіберіп, олардың күнәлерін өзіне алып, қайта аспанға ұшып кетті,

бірақ ол тағы келеді. Үшінші ипостась (үштіктің бірі) – Қасиетті рух-Құдайы. Ол әке-Құдайымен адамдардың рухани дүниесін жасады, адамдарға Құдай алдында қорқу құдіретін және де тақуалықты, жігерлікті, данышпаншылықты танып білуді үйретті (381 ж.). Константинопль соборына бектілу бойынша қасиетті рух-Құдай әке-Құдайынан шығады да ақиқат болып есептеледі. Библия кітабы бойынша, Қасиетті рух-Құдайы Христос тірілгеннен соң, 50 күннен кейін апостолдарға от жалыны болып әрқайсысына енеді. Қатардағы христиандармен жалбарына дұға оқу арқылы, жасырын ғажайып істер арқылы «Қасиетті рухпен» байланысуға болады.

Орыс православие шіркеуінің бүгінгі таңдағы үлкен екі мәселені шешті. Бірінші, Русьтің шоқындырылғанына 1000 ж. толуына арналып, 1988 ж. маусымның 6-да Троице Сергеев Лаврында ашылған орыс православие шіркеуінің жергілікті соборы көп көңіл бөліп, міндеттер қойылды. Жергілікті собордың барлық қатысушылары бірауыздан шіркеу өміріне өзгеріс енгізу қажеттігін мақұлдады. Шіркеуге тән шіреулік қайырымдылықты өрістетуді қажет деп тапты. Діни білім беру және ағарту мәселелері де сөз етілді. Соборда «Орыс православие шіркеуін басқару туралы Устав» қабылдануы маңызды оқиға болды. Міне осыдан бастап шіркеудің қоғам өміріне тигізер әсері өсіп келеді. Осыған байланысты мемлекет көптеген бұрынғы діни ғимараттарын, мекемелерін, құрылыстарын, көптеген діни кітаптар мен икондар, қоңыраулар т.б. бағалы нәрселерді қайтарып берді. Екінші жағдай, 2000 ж. 13-16 тамыз айында Орыс Православие шіркеуіне Архиерей юбилейлік салтанат соборы өтті. Бұл соборда «Негізгі әлеуметтік Орыс православие шіркеуінің концепциясы» деген қаулы қабылданды. Бұндай қаулы бұрын-соңды болмаған әлеуметтік ресми шіркеу құжаты болып есептеледі. Бұл құжатта шіркеу қызметкерлері қазіргі кездегі әлеуметтік проблемаларға өте кең көңіл бөлген. Бұл проблемалар әрбір салада – экономикалық, саяси, мемлекет шіркеулік, моральдік, денсаулық, ғылыми, мәдениет, білім алу және т.б. мәселелер бар. Бұл құжаттық бағдарлама шіркеу кононымен салыстырылады. Себебі, барлық Орыс православие шіркеулерінің ұжымдарына осы құжатты орындауын талап етеді. Бірақ бұл құжат догма есебінде қабылданған жоқ, қоғам мен мемлекет өмірінің өзгеруіне байланысты, шіркеулік әлеуметтік көзқарасы да өзгеріп, жетілдіріп дамытылып отыру қажет екенін мойындады.

Католик шіркеуі және Католик ілімі ертедегі Христиан дінінен бөлініп шықты. ІҮ ғ. Рим империясы Батыс және Шығыс империя болып бөлінген кезде, Батыс Рим империясының христиан шіркеуі батыстық немесе Рим-католик шіркеуі болып аталды. Католик немесе «Католикос» деген ұғым грек тілінде «әлемдік», «барлық» деген мағына береді.

Христиан діні батыс және шығыс шіркеулеріне бөлінбей тұрғанға дейін, ІІІ ғ. басында Рим империясы экономикалық, саяси дағдарысқа ұшырады. 330 ж. империяның орталығы Константинопльға көшеді. 395 ж. империя екіге бөлінеді (Шығыс және Батыс болып). Жоғарыда айтқандай, империяның шығыс бөлігі ол кезде феодалдық қатынас күшейген әрі Константинопль ең күшті қалалардың бірі болды. Ал, батыс империя болса, феодалдық қатынас

әлі қалыптаспай, әр түрлі варварлар Римге шабуылын жасап, хал жағдайларын әлсіретіп жатқан кезі болатын. Осымен қатар батыс империясының өзінің ішінде де императорлық таққа талас жүріп жатты. Осылай мемлекетке әкімдік бірлік болмаған жағдайда Католик шіркеуі өзі саяси күшке айналып, мемлекеттің барлық қоғамдық саяси өмірін басқарып кетті. Рим епископтары, Папа Григорий біріншінің (590-604 жж.) беделі өскені соншалық, олар өздігінен кез келген феодалдары орнынан алып, мемлекет басшыларын сайлап, басқа мемлекеттерге діни соғыстар ашып, шіркеу барлық феодалдық Батыс Европаны бір ірі саяси орталыққа біріктірді. Он бір ғасыр бойы ҮШ ғ. – 1870 ж. Рим шіркеуі Италияның мемлекетіне қосылғанша Папалық жеке мемлекет болып тұрды. Бірақ та 1929 ж. Папа Пий XI және Италия мемлекетінің басшысы Муссолиимен келісе отырып, Рим қаласына 44 гектар жер беріп, Католик шіркеуін дербес шіркеу ретінде жеке мемлекет болуына жәрдем берді. Содан бастап Ватикан мемлекеттік қала ретінде барлық католиктердің осы күнге дейін орталығы болып есептелінді. Католик шіркеуінің үлкен діни және саяси күшке айналуына Католик доктринасының қалыптасуына атақты теолог философтардың еңбектері үлкен әсер етті. Олардың ішінде әсіресе, Тертуллиан к.с. (160 ж. маңайынан 220 ж.) дінді ақылмен емес, сезіммен сену керек, «сенемін себебі дұрыс емес» «верю, ибо нелепо» деген ұрандық сөзді ұстанды. Сенімді адамның ақылынан жоғары қояды. Иринея (130-200 ж.) католик догмасының негізін салушы және гностиктерге қарсы шығушы теолог Амвросий М. 339-397 шіркеу оқытушы, Христиан этикасын үгіттеуші, ол дүниені мақтаушы теолог Аврелия Августина (354-430), болса ең елеулі теолог болды. Оның еңбегі мен шығармасы католик шіркеуінің құрылуына аса үлкен пайдасы болды. Әр түрлі идеялық көзқарастың басын біріктіріп, католик философиясын бастап кетті десек те болады. Ол шіркеуді мемлекеттен биік санады. Тиократиялық мемлекет құрылуын жақтады. Сол себепті, оның еңбегі сегіз ғасыр бойы католик теологиясының философиясы ретінде қабылданды. Ең бір үлкен апологет, католик шіркеуінің идеологі, схоластик Фома Аквинский (1225-1274), католик шіркеуін, оның пайда болуын құдайдың шешімімен болған еді. Шіркеудің басшысы Құдайдың әмірімен қойылған, тірі адам Құдай есебінде көрсетуге тырысты.

#### Католик шіркеуінің ерекшелігі

Католик діні қасиетті жазуы мен әулие өсиеттердің жинағына негізделген. Осыған байланысты Құдайдың адамдарға жіберген киелі өсиеттері апостолдар өлгеннен соң тоқтады. Христостың шәкірттері, бірақ та құдай өсиеті, оны дұрыс түсіну арқылы шәкірттері, бірақ та құдай өсиеті, оны дұрыс түсіну арқылы тереңделіп әрі қарай дами береді. Апостолдардың шәкірттері епископтар, Папа (грек, әке), олар қазіргі Христостың өсиетін дұрыс түсініп, әрі қарай таратушылар. Папа болатын болса ол киелі өсиетті апостол Петрден тікелей қабылдап алып, діни ілімді ешбір бұзбай адамдарға әрі қарай таратады дейді. Сол себепті, католиктер Папаны Иисус Христостың жердегі басқарушысы деп жариялады. 1870 ж. I Ватикан соборында Папа ең басты, бірінші священник ретінде күнәсіз деп табылып, оның шешімі

епископтың мақұлдауынсыз-ақ күнәсіз деп жариялады. Папаның күнәсіздігі туралы қағида католицизм авторитарлық принципті одан әрі нығайтты. Сонымен, католик діні тек киелі кітап ретінде «Библияны» ғана емес, әрбір ірі богославтардың діни еңбектерін де киелі есебінде Библиямен қатар қабылдайды. Православниктер тек қасиетті ілімдер деп канонға кірген киелі жазу мен киелі өсиеттерді ғана мойындайды. Католик ілімі бойынша: адамдардың күнәдан арылу жолы, Құдай жолына түсуі тек шіркеу арқылы. Шіркеуден тыс адамдар күнәдан құтыла алмайды. Тек шіркеудегі әулие адамдар ғана бірінші күнәдан қалай құтылуға болатын жолын біледі. Олар Құдай өсиеттерін терең білетіндер, Құдайдың «Қайырымдылық қорын» қалай қолдануды біледі. Сол бір «Қайырымдылық қорын» адамдарға, олардың күнәлерін жеңілдетуге жұмсай алады. Міне осы түсініктің арқасында Католик шіркеуі филиокве «тазартқыш» (чистилище) деген түсінікті шығарды. Шіркеу ілімі бойынша өлгеннен кейін адамның жаны «тазартқышқа» түседі. Осы кезде жанның жұмақ немесе тамұққа бару мәселесі шешіледі. Осы кезде шіркеу адамдары Құдайдың «Қайырымдылық қорын» қолданып, өлген адамның жанының жұмаққа баруына жәрдем береді. Іс жүзінде өлген адамның жақындары садақа беру оны күнәлардан құтқара алады дегенді уағыздайды. Садақа беру кейіннен «индульгенцияға» айналып кетті. Шіркеу индульгенция арқылы жанның «тазартқыш» (чистилищеде) болу мерзімін қысқарта алады. Чистилище туралы догмат 1439 ж. Флорентиский соборында қабылданды да, 1562 ж. Тридентский соборында бекітілді. Никое-Константинопольский (325 ж. және 381 ж.) соборында қабылданған басқа, өзге де жан символдық сенім қосымша қабылданды. 589 ж. Толедский соборындағы шешім бойынша Рух Құдай тек әке-Құдайдан емес, бала-Құдайдан да тарайды деп бекітті. Соның арқасында үш мүсінді құдайы біріктіріліп Папаның беделін көтерді, өйткені ол Иисус Христостың жердегі ісін жүргізуші болып саналады.

Протестанттық - Христиан дініндегі негізгі үш бағыттың біреуі, өзінің шығу тегі жағынан Реформациямен Еуропада XVI ғ. кең тараған католик дініне қарсы ағыммен байланысты өз бетінше қызмет ететін шіркеулер жиынтығы.

Реформацияның басталған кезі шамамен 1517 жылдың 31 қазаны деп есептеледі, ол кезде католиктік монах және теология докторы Мартин Лютер Виттенберг храмының есігіне өзінің католиктік кейбір догматтарға, ең алдымен, индульгенция сауда тәжірибесіне қарсы бағытталған әйгілі 95 тезисін алып келген.

Православ және католик дінінде уағыздалатын христиан діні ілімінің негізіне протестанттық қолсұқпаушылықты қалдырды: бұл Құдайдың бар екендігіне сену, Троица туралы догмат (Құдай әке, Құдай ұл, Қасиетті Рух Құдай), жанның мәңгі өлмейтіндігіне және о дүниедегі өмірге сену, тозақ пен жұмақтың барлығына, Иисус Христостың оралу миссиясына сену, Қасиетті жазба - Тауратқа сену.

Протестанттықтың діни - догматтық ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1) Иисус Христостың оралу миссиясына жеке сену арқылы өзін құтқару туралы ереже. Православ және католик дінінде тірек етілетін басқа тәсілдер (құпиялықты орындау, қайырымды істер) болмайтын жағдайлар деп есептелінеді;

2) Барлық дінге сенушілердің қасиеттілігі туралы догмат. Бұл Құдайға сөз арнау тек дін басыларына ғана емес, басқа да тіршілік иеліріне тән, арадағы жалғастырушы деген айрықша статусынан айрылып қалады, Рим Папасы мен священниктердің аңызға айналған ғажайып миссиясы жоққа шығарылады;

3) Қасиетті берілуді сенім көзі ретінде теріске шығаруда, жалғыз сенім көзі ретінде Таурат танылады;

4) табынуды қысқарту, екі құпияны ғана - шоқыну мен причащениені сақтап қалу; қасиеттілер оларға табыну мен иконды оқуды теріске шығару;

5) дін басылары үшін целибатты алып тастау монахтықты тарату;

6) шіркеуді арзандату;

Сол кезде қасиетті мақсат үшін латын тілін пайдаланған католик дініне қарағанда, протестанттық Тауратты тірі тілдерге аудару және Құдайға құлшылық етуді ұлт тілдерінде жүргізу тәжірибесі енгізілген. Дінге сенушілерге Тауратты оқуға, түсінуге және талқылауға рұқсат ету протестанттықтың жіктелуіне әкеп соқты.

Лютерандық - протестанттықтағы алдыңғы қатарлы бағыттардың бірі, оның пайда болуы Виттенберг университетінің (Саксония) теология пәні бойынша, оқытушысы, монах Мартин Лютердің (1483-1546) атымен байланысты, ол - Германиядағы Реформацияның бірден-бір ірі қайраткері. Лютерандардың сенімі мен догматикасының көзі ретінде Таурат, сондай-ақ М. Лютер еңбектері, әсіресе, оның «Қысқаша катехизис» еңбегі танылады. Тауратты кез келген дінге сенуші оқи және түсіне алады.

Лютерандық шіркеу иерархиясын және құлшылық ету құпиясын теріске шығарады. Лютер: «Христос - біздің құдай алдындағы жалғыз жалғастырушымыз, кепіліміз және ұстазымыз» - деп жазды. Лютерандықтың орталық догматының бірі Христостың оралуы құрбан екендігіне сенім арқылы өзін құтқару ереже болып табылады.

Екі құпиялық сақталған, олар - табыну және причащение. Сөйте тұра лютерандық католик және православ діндеріне тән «пресуществление» (ең жоғары тіршілік) ұғымын, яғни «нан мен шараптың», «жаратушы денесіне және қанына» айналуы туралы догматты сақтап қалған, алайда «пресуществление» терминінің орнына «соприсутствие» (жалғаспалы) ұғымын қолданып, оған сол түсінікті береді. Осылайша, «қысқаша катехизисте» причащение құпиялығының мәнін түсіндіре келіп, Мартин Лютер «Бұл біздің жаратушымыз Иисус Христостың шынайы денесі және шынайы қаны, Христостың өзі белгілеген нан мен шарап біздерге, христиандарға, жеу үшін және ішу үшін берілген».

Шоқындыру үлкен адамдарға да, балаларға да жүргізілген, өйткені Лютер балаларды шоқындыру онда сенімнің пайда болуын туғызады деп есептеді. Шоқындыру суды үш рет бүрку арқылы жүргізіледі.



Лютерандық өкінген адамның күнәларын кешіріп, ол күнәларды өкінбейтіндерге өкінгенге дейін аударудағы айырықша билігін мойындайды және осыған байланысты ғибадат етуді енгізеді. Лютерандық іс арқылы емес сенім арқылы ақталуды оқытады. Лютерандық адам тағдырын салыстырмалы түрде алдын - ала анықтауды теріске шығарады. Лютерандарда шіркеу жылы Христостың туған күні алдындағы төртінші жексенбіден басталады да, Адвент (шіркеудің жана жылы) деп аталады. Қазіргі кезде әлемде 80 млн. лютерандықтар бар. Соңғы 100 жылда олардың саны 37% өсті. Республикамызда лютерандық ең көп неміс ұлты арасында тараған, сондықтан бұл дінге сенушілердің және қауымдастықтың саны соңғы жылдары объективті себептерге байланысты тұрақты түрде төмендеп келеді. Егер 1993 жылдың 1 қаңтарында республикада 152 қауымдастық болса, 2006 жылдың 1 қаңтарында олардың 29 ғана қалды.

Меннониттер - Нидерландыда пайда болған протестанттықтың бір ағымы, оның негізін салушылардың бірі - Менно Симонс (1485-1561). Меннониттерде сену көзі ретінде тек Таурат танылады, Шіркеудің мемлекеттен бөлінуі марапатталады, азаматтық міндеттерден шеттеу және әскери қызметтен бас тарту қажеттігі уағыздалады.

Меннониттер өз сенімдерінің негізгі бөлігі ретінде зұлымдыққа қарсылық жасамау ілімін толықтай қабылдаған.

Меннониттер мына дәстүрлерді мойындайды: дінге саналы түрде сенушілерді сумен шоқындыру (жаңа туған нәрестені шоқындырғанға карағанда өзгеше); причащение - Құдай кештері, оның алдында «аяқты жуу» жүзеге асырылады («ағалар» мен «апалы- сіңілілер» жұбы бір -бірінің аяғын жуады («аға»-«ағанікін», «апа»-«апанікін») және бір -бірлеріне касиетті сүйісу арқылы сәлем жолдайды). Причащение кезінде, меннониттер догматикасы бойынша, «пресуществление» болмайды. Бұл салт айына бір рет жүргізіледі. Қазақстанда меннониттер басқа протестанттар сияқты патша үкіметінің қоныстандыру саясатын жүзеге асыру нәтижесінде пайда болған. Соңғы кездері меннониттердің этноконфессионалдық ұйымы көп ұлтты болып келеді. Алайда сенушілер саны неміс халқының шетелге қоныс аударуы есебінен шұғыл төмендеп кетті, ал кеткен сенушілер миссионерлік іс-әрекетін жалғыстыруда. Шіркеулік меннониттер қауымдастығы өмір сүруін тоқтатты деуге болады, тек Қарағандыда бауырлас меннониттердің аздаған қауымы және Қарағанды, Ақмола облыстарында бірнеше филиалдары (сенушілер тобы), барлығы 300-ге жуық адам қалды.

Баптистер қауымы - протестандықтың бір бағыты ретінде XVII ғ. басында пайда болды. Басқа да протестанттық ағымдар сияқты сенімнің жалғыз көзі деп Тауратты санайды. Меннониттер ілімі сияқты, баптистік доктрина сенушілерді саналы жасында ғана шоқындыруды (ереже бойынша 16 жастан бастап) мойындайды. Шоқындыру суға толық батыру арқылы не ашық суларда, не баптистерияда - сыйыну үйіндегі арнайы салынған жасанды бассейнде жүргізіледі.

Сонымен бірге, баптистер причащение салтын (Жаратушы Кеші) жүргізіледі, бірақ нан мен шараптың Христостың денесі мен қанына

«айналуы» деп есептейді. Салт дінге сенушілердің Иисус Христостың күреске таңылған азабы туралы ұмытпауын еске түсіреді және оны жасауға шіркеуде жазаланбаған және өз жандарын «тексерген» дінге сенушілер ғана қатыса алады. Причащение демалыс күні Құдайға құлшылық еткенде әр айдың басында немесе шіркеу мерекелерінде жасалады.

Баптизм Құдай өзіне сеніммен келгендердің бәрін құтқарады деген идеяны ұстанады. Баптизм сондай-ақ жергілікті шіркеудің тәуелсіздігінің қағидасынан келіп шығады. Қазіргі кезде әлемде 72 млн. баптист бар, олардың саны соңғы 100 жыл ішінде 5 еседен аса өсті. Баптизм Қазақстанда ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында пайда болды. Г.Янценнің тұжырымы бойынша алғашқы қауымдастықтар Әулиеата жерінде (Жамбыл облысы) байқалған. Алайда, қазіргі кезде Қазақстан Республикасында ЕХБ басшылары евангельдық қозғалыс 1903 жылы Қостанай облысы Таран ауданының Николаевка селосында Д.И. Воронкин негізін салған баптистер қауымдастығының пайда болуынан басталады деп есептейді.

Евангельдік христиан баптистердің шіркеу кеңесі (ЕХБ ШК) 60-жылдардың басында дінге сенуші баптистердің кейбір бөлігінің саясаттағы діни табынушылыққа қатысты, ұждан бостандығына нұқсан келтіретін өзгерістерге қарсы көзқарасына байланысты құрылды. Уақыт өте келе ЕХБ ШК «Христианин» заңсыз типографиясың құру арқылы өз іс-қимылын ұйымдастырды, қазіргі кезде Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында ЕХБ ШК-ң аздаған шіркеулері мен топтары жұмыс жасайды, олардың кейбіреулерінде ғана қол қусырған дін қызметкерлері бар. Бұрынғысынша ЕХБ ШК өз қауымдастықтарын үкімет органдарында тіркеуден бас тартады, бұны әр түрлі республикаларда діни бірлестіктер туралы әр түрлі заң бар, ал олардың діни орталығы біреу деп түсіндіреді.

Ислам (арабшадан аударғанда-«тыңдау», «мойынсұну», «бағыну») әлемдік діндер қатарындағы ең жас дін: ол б.з. VII ғ. басында пайда болды. Бүгінгі күні ислам дінін ұстанушылар 1.180 млрд., ол жер бетіндегі 19,5% камтиды. ХХ ғасырда мұсылмандар саны 5,5 есе артты.

Арабтардың қазақ жерлерін жаулап алғаны жөніндегі тарихи мәліметтер өте аз. Кейбіреулері бір-біріне қарама-қайшы. Жекелеген зерттеушілердің әртүрлі оқиғалар бойынша айтқан пікірлері ғана сақталып қалған. Осы ғылыми деректерден біз араб басқыншыларының қазақ даласындағы көшпелі халықтармен алғашқы шайқастары VIII ғасырдың 30 жылдардың аяғында болғанын айқын көреміз. Тарихи мәліметтерге қарағанда, түркі тектес көшпенділер Түргештің Сұлу деген қағанатының басшылығымен Орта Азияның басқа халықтармен қосып алып, араб басқыншыларына күшті қарсылық көрсетеді, Арабтардың шапқыншылығына Орта Азия халықтары мен тайпалары тегеурінді тойтарыс берді. Бұл алапат соғыста сағдиліктердің белсенді одақтастары көшпелі түркілер болды.

Амудария өзенінің жағасында 737 жылы соғдиліктер мен олардың одақтастары көшпелі түркілер арабтармен қырғын шайқасқа түсті. Арабтар бұл соғыста жеңіп шықты. Алайда қазақ жеріндегі көшпенділер арабтарға қарсы күресін мұнымен тоқтатып қойған жоқ. Осыдан екі жылдан кейін 739

жылы Сырдарияның жағасында көшпелі түріктер арабтардан ойсырай жеңіліп қалады. Осы соғыста көшпелі түргештің басшысы Курсуль қамауға алынады, қолға түседі. Бұл оқиға туралы шығыс тарихын зерттеуші белгілі ғалым академик В.В.Бартольд өзінің “Жетісу тарихының очеркі” деген еңбегінде былай деп жазады: “739 жылы Сырдарияның жағасында жасы келіп қалған Курсульдің өзі арабтардың қолына тұтқын болып түсті. Ол өзінің бодауына арабтарға 1000 жылқы мен 1000 түйе бермекші болады. Бірақ Насыр деген арабтың әміршісі бұған көнбей, оны өлтіруге бұйырады. Сүйеген түркілер аулына алып кетпес үшін отқа жағып жібереді. Бұл жағдай көшпелі түркілерді Курсульдің өлімінен бетер қинайды. Шамамен айтқанда, VIII ғасырдың 40 жылдары арабтар көшпелі түркілермен бірнеше рет соғысып, ақыры оларды жеңіп шығады, түргеш қағанаты түпкілікті жойылады.

Иман құдайдың бейнесі мен іс-әрекеті жөніндегі құран уағыздарымен тығыз байланысты. Алланың өмір сүруі туралы мәселе, оның тіршілік атаулы мен адамға қатынасы туралы мәселе құран сүрелерінде маңызды орын алады. Мұсылман дін иелері осы мәселені түрліше шешеді. Алланың бейнесінің қалыптасуына арабтармен көршілес халықтардың діндері күшті әсер етті. Түрлі политеистік және монотеистік діндердің құдайлары түрлі политеистік және монотеистік діндердің құдайлары жөніндегі ұғымдардан келіп алланың бейнесі қалыптасты. Адамдарға тән қасиеттердің бәрі де аллаға апарылып таңылды. Құран уағызы бойынша бәрі де алланың құдіретімен болмақ. Алла жарық, нұр сәулесі. Ол барлық жерлерде де жүреді және оны ешкім көріп, біле алмайды. Алла бәрін де көреді, біледі, естиді.

Мұхаммед 626 жылы намазды қай жаққа қарап оқу керек екендігін белгілейді. Мұны қазақтар құбыла дейді. Құбыла үшін алғашында Иерусалим қаласы алынса, кейіннен Мекке қаласындағы Қағба белгіленді. Құранда намаз саны көрсетілмеген. Онда тәулігіне оқулыға тиісті үш намаз туралы айтылады. Күніне үш рет намаз оқу ғұрпы ертеректегі яһуди дініндегілер мен христиан дініндегілер арасында таралған болатын. Кейіннен ерте замандағы ирандықтардың зороастризм дінінің ықпалымен осы намаздың екеуі екі-екіден оқылатын төрт намаз болып алынады да, мұсылмандарға күніне бес рет намаз оқу парызға айналды.

Намаз үстінде айтылатын сөздердің бәрі де аллаға сыйыну, содан тілек тілеу, оған құлдық ұру. Араб тілін білмейтін адамдар үшін бұл сөздер еркше бір сиқырлы, құдаймен тілдескендей көрінеді.

Мұсылман дін иелері намаз адамдарды күнадан тазартып, оларды тәртіпті, бойсұнғыш, тіл алғыш етіп тәрбиелейді дегенді айтады.

Мұсылмандардың жылдық табысының оннан бірін діни мемлекеттің пайдасына төлейтін салығы зекет деп аталады. Зекет ислам дінінің қажеттілігін өтеу үшін және кемтарлыққа душар болған мұсылмандарға жәрдем беру үшін жиналады.

Ораза мұсылмандардың міндетті түрде орындауға тиісті парыздарының бірі. Біздің еліміздегі діндарлардың басым көпшілігі осы діни парызды ораза десе, кейбіреулер оны басқаша айтады.

Шариғат бойынша мұсылмандар хажыға жаяу бару тиісті. “Құдай үйіне саяхат жасау туралы халықтарға хабарла, олар алыс ерлерден жаяу немесе түйемен келетін болсын” (22,28) делінген құранда. Осылайша хажылық жалпы мұсылмандық сипат алып, хажыға баратын халықтардың саны арта түсті.

Мұсылмандар Меккеге өз күналарынан арылу ғана емес, сонымен бірге мұсылман дүниесінің бірлігін сақтап, оның қуатын және салтанатын көрсету үшін жиналады.

"Ваххабизм" термині бұл діни және қоғамдық-саяси қозғалыстың негізін салушы Мұхаммед ибн Абд аль Ваххаба (1703/1704-1792 ж.ж.) атынан келіп шыққан. Бұл қозғалысқа осы атауды оның қарсыластары берген, ал жақтаушылары ешқашан бұл терминді пайдаланбайды, өздерін олар «мұсылмандар», «бір құдайға сыйынушылар» деп атайды. Ваххабиттік идеологияның негізінде тавхид қызмет етеді, бұл-бір құдайшылдық, қасиеттілерге табынушылықты жоққа шығару және шариғатқа жаңадан енгізілгендердің бәрін теріске шығару. Осы орайда мынаны айта кету керек, Саудтардың әскеріне арқа сүйенген аль Ваххаб өз идеяларын насихаттап қана қойған жоқ, оны іске асырды: қасиетті жерлерді, ертедегі ислам батырларының мазарларын қиратып жойды. Ваххабизмге қосылудан бас тартқан барлық мұсылмандар көпқұдайлылар деп айыпталды, олардың өмірі мен жеке мүлкі шынайы мұсылмандардың (ваххабиттердің) «қол астында» болды, оларға жиһад жарияланды, бұл дирийлердің басып алу соғыстарының сылтауы болды, соның нәтижесінде Саудтықтар мемлекеті пайда болды. Қазіргі кезде Сауд Аравиясында аль Ваххаба идеологиясы Исламның ресми тірегі болып табылады. Әйтсе де, соңғы көпқұдайлыққа деген көзқарас барынша өркениетті сипат алып отыр, соның арқасында корольдықта шейіт тұрғындардың қатар өмір сүруі байқалуда.

Суннизм шиизмге қарағанда Мұхаммед дүниеден өткен соң Алла мен адамдар арасында делдал болу мүмкіндігін мойындайды, Әлидің айрықша жаратылысы туралы идеяны және оның ұрпақтарына имаматта (қауымдыстықты басқаруда) айрықша құқық берілуін теріске шығарады. Шейіттердің пікірінше, имамат жаратушының белгілегені. Сондықтан да шейіттер шығарған Құранда Әлидің айрықша рөлі туралы сүре - «екі жарық беруші» бар. Шейіттердің хадистер жинағы Ақбар (хабар) деп аталады. Олар өздерінің имамдары және Әлиді, оның ұрпақтарын басынан бастап қолдаған мұсылмандар жасаған хадистерді ғана мойындайды. Олардың ішіндегі ең шындыққа жақыны Мухаммед аль-Кумми (993 ж. қайтыс болған) мен Мухаммед аль - Кулайни (939 ж. қайтыс болған) жасаған Ақбарлар деп есептеледі. Осыған байланысты, шейіттердің жафарит мазхабы шейіттерінен басқасы Абу - Бакра, Омар, Осман халифалардың заңды өкіметін мойындамайды, олар Мұхаммед пайғамбардан кейінгі заңды халифа деп Әлиді ғана есептейді.

Шейіттердің басты ағымы - имамиттер. Олардың нанымы бойынша, Әли руынан шыққан 11 - имам аль - Хасан аль - Асқари (873 ж. қайтыс болған) дүниеден өткен соң, 12 - имам болып оның жасөспірім баласы Мұхаммед

тағайындалған, бірақ ол аз уақыттан соң кенеттен «жоғалып кетті» не «тығылып калды». Сондықтан ол «жасырын» имамға сену әр түрлі мұсылман секталарының пайда болуына әкеп соқты. Сонымен бірге, ішінен лағнет айтып, жауларға қарғыс жолдау керек; тақийаның ең қатал шеңберінде суннизм ұсынылады - бұл тек өлім қаупі төнген жағдайда ғана мүмкін. Салт жоралғыларында тазару, намаз оқу, және т.б. ережеслерінде де кейбір айырмашылықтары бар.

Исламдағы мистикалық бағыт суфизм (сопылық) болып табылады, бұл - Ортағасырлық Шығыстың діни философиялық және қоғамдық ой-пікіріндегі аса күрделі құбылыс. Ежелгі сопылардың пікірінше, әрбір жеке тұлға діни жетекшінің басшылығымен бұл дүниеден бөлек және тақуалық өмірдің қызығынан бас тарту арқылы Құдаймен тілдесуге қол жеткізуге қабілетті. Ежелгі сопылықта кедейлік (факр) уағыздалды, әділетсіз пайдадан және басқаның күшін пайдаланудан тұратын өмірге жол берілмеді. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, суфизм атауы «суф» сөзінен шыққан «суф» - ақ қалың матадан тігілген желбегей, бұл әлемнің байлығын жаны жаратпаушылық, жеккөруді көрсетеді. Сопының мақсаты Құдаймен тікелей қатынасуға қол жеткізу болып табылады.

Өзінің мистикалық жолында сопы мынадай кезеңдерден өтеді:

1. шарифат - Ислам заңдарын бұлжытпай орындау;
2. тарикат - аса беделді сопы қарияның (шейх, пире) алдында мүрид ретінде дәріс тыңдау, намаз оқу арқылы, сондай-ақ өз ерік-жігерін жоюға ұмтылуы арқылы мүрид бола алады;

3. марифат - ақылмен емес, жүрекпен Құдайдың бар әлемде жалғыз екендігін, барлық діндердің қайырымдылық пен зұлымдыққа қатысты өзара тең екендігін тану;

4. хакихат (ақиқат) - жаратушыны танытуда толық теңестірілу. «Ақиқат» жағдайына қол жеткізу туралы ілім - адам жаны құдайға тарап кеткендегі жай, сопылықтың пантеистикалық бағытына тән. Оның жарқын өкілі 922 ж. Бағдатта өлтірілген аль - Хусайн аль Халлядж болды, ол «Мен -шынаймың» деген тіркесті колданды, ол «Мен құдаймын» дегенмен бірдей еді.

Сопылықтың монотеистік ағымы тарикаттың ең жоғарғы кезеңінде адам жаны құдайдың нұрын бейнелей алады, бірақ онда тарап кетпейді дейді. Монотеистикалық сопылықтың көрнекті өкілі аль - Газали болды.

Сопылық тәжірибенің маңызды элементі зікір болып табылады, оның мақсаты - сопының Құдайға жақындағанын танытатын мистикалық экстазға қол жеткізу. Зікір кезінде мына формула Алла хайй (Алла тірі); ля иляһа илля-ллах (Алладан басқа жаратушы жоқ) және т.б., сондай-ақ намаз оқылып, әнұран айтылады. Зікір айғаймен, тіпті саз бен барабан қосыла жасалады немесе тыныш түрі де болады (іштей жасалатын). Тыныш зікірге Мұхаммед Әбу-Бақр пайғамбар үңгірде, Меккеден Ясрибке көшкен кезде жауларынан үш күн бойы тығылып жатқан кезде үйреткен деп есептеледі. Айғайлы зікірге Мұхамедті Әли үйреткен. Сондықтан да екі зікір де тең мағыналы, және әр түрлі сопылық ордендер екеуін де пайдаланады. Зікір жасау кезінде

қозғалыс, отырыс, дем алу ырғағы реттелінеді. Мерекелік зікір бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.

Бүкіл ислам ағымы салтанатты түрде екі мейрамды атап өтеді:

1) Ораза айт (Ийд-альфитр)-ауыз бекіткеннен кейінгі ауыз ашу мерекесі; ол Құран түсірілген Рамазан айынан соң келетін Шавваль (мұсылман күнтізбесінің тоғызыншы айы) айының алғашқы күнінде атап өтіледі.

2) Құрбан айт (Ийд-аль-адха)-құрбандық шалу мейрамы. Ол мұсылман жылының соңғы айы Зу-ль-хиджа айының оныншы айында атап өтіледі, Меккеге жасалатын сапар аяқталған соң бірден болады. Бұл күні қолында қаржысы бар әрбір мұсылман ешкі, қой, т.б. малды құрбандыққа шалады. Құрбандыққа шалынған малдардың еті туралы Құранда былай жазылған: «...оны жеңдер және ғаріп-қасірлер мен сұрауға ұялатындарды тамақтандырыңдар». Бұл мерекелерден басқа мұсылмандардың салтанатты мерекелі-Мәулет-Мұхаммед пайғамбардың туған күні-мұсылман күнтізбесіндегі үшінші ай-Рабби аль Авваль айының 12-ші(9-ші) күні.

**Негізгі әдебиеттер:** [3,4,5,6,7,19,20];

**Қосымша әдебиеттер:** [21,23,29, 33,34];

**Ғаламтор көзі:** [49,50,51,60,61,71]

#### **Дәріс тақырыбы 4. Қазақстанның діни қауіпсіздігі және оның құқықтық қамтамасыз етілуі.**

*Дәріс 1 сағат*

#### **Дәріс жоспары (1 сағат)**

1. Дәстүрлі емес діни ағымдардың түсінігі.
2. Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ағымдардың бағыттары.
3. Қазақстан Республикасы дін туралы мемлекеттік заңнамасы және осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары.

Дәріс тезистері:

Дәстүрлі дін мен дәстүрлі емес діндердің ара-жігін ажырата алмайтын жандар қоғамымызда әлі де көптеп кезігеді. Дәстүрлі дінде заң аясында жүйелілік бар. Дәстүрлі емес діндердің іс-әрекеттерін жүйелі бақылап отыру аса күрделі құбылыс.

Соңғы кездері бұрын – соңды атын естімеген дәстүрлі емес діни ағымдардың көбеюі осының дәлелі. Бақытты өмір қандай болатыны жөнінде түрлі – түсті етіп безендірілген кітаптарды тарататын адамдар пайда болды.

Тіпті тыңдауға уақытың жоқтығын айтсаң да артынан қалмай діни брошюраларды ұсынып, өмір туралы өз қағидаларын судырата жөнеледі. Жат ағымдардың құрығына жастар жағы жылдам түсіп жатыр. Олар жастар санасын тек қана уландырып қана қоймай, сонымен бірге өз қатарларына

адамдар жинауда, өздеріне пайда әкелетін істермен де айналасуда жастарды пайдаланады.

Жалпы, дәстүрлі емес діни ағымдардың көздеген мақсаты - халықты айтқанға көнетін ойсыз топқа айналдырып, оларды жанды қуыршақ сияқты басқару, санасына әмір жүргізу болып табылады. Кез келген адамды халықтың, не болмаса қандай да бір ұйымның құрамдас бөлігі ретінде қарастырсақ, тұлға ұйымның ортасына түскен кезде сол ұйымның ықпалына бейімделгіш келетіні белгілі. Тұлға ұйымның арасында қалған сәттен бастап бұрынғы табиғи қалпынан өзгеріп, мүлде басқаша ойлай бастайды, сол ұйымға тән іс-әрекеттерді жасайтын болады.

Мәселен, ерік-жігері төмен жандар сыртқы күштердің әсерімен болған өзгерістерге бейімделгіш келеді. Дәстүрлі емес діни ұйымындағыларды салқын санамен ойлау, ой қорыту қабілеті мүлде тән емес десек, артық айтпаймыз. Осы орайда, бейімделгіш жанды ерекше қаһармандықты, не болмаса қатыгездікті талап ететін әрекеттерге оңай айдап салуға болады.

Мұндай жағдайда, жүрексіну, тіпті өзін-өзі сақтау инстинктіне де бағынбауы ықтимал. Себебі ол өзін шексіз күшті сезінеді. Тағы бір айта кетерлігі, бейімделгіш жандар аңғал, сенгіш келеді. Оларды алдап-арбау, қандай да бір теріс мақсаттарға қолдану дәстүрлі емес діни ұйым көсемдері үшін аса қиын шаруа емес.

Себебі жүйкесі, ойлау қабілеті зақымданған адамдар шындық пен өтіріктің арасындағы алшақтықты айыра алмайтындықтан, көсемдерінің айтқанына тез бой алдырады. Әрине, белгілі бір тұлғалардың айдап салуымен ашуызаға бой алдырған мұндай топқа қарсы келу, оларды жолынан қайтарам деу өте қауіпті екені түсінікті.

Қазіргі таңда дәстүрден тыс діни ағымдар қоғамды іштен ірітіп жатқандығы туралы жиі айтылуда. Алайда, жастар теріс пиғылды ұйымның өз жұмысын нақты қандай әрекеттер арқылы жүргізетінінен бейхабар. Олар дәстүрден тыс діни ағымдар, дәстүрлі діндерден іргесін аулақ салған, белгілі бір діни мақсатты көздейтін ұйым екендігін біледі.

Алайда, олар өздерін адамның рухани қажеттіліктерін өтейтін, өмірдің мәнін ұғынуға көмектесетін, рухтың мәңгілік екендігін түсіндіретін, пендеге тән қайғы-қасіреттерден құтқарып, өзін-өзі жетілдіруге ықпал ететін адам ретінде көрсетуді шебер меңгеріп алған. Олар діни сауаты жетіле қоймаған, өмірлік бағыт-бағдары жаңа қалыптасып келе жатқан жастарды алдау-арбау арқылы өз қатарларына тартады.

Дәстүрден тыс діни ағымдар кез келген коммерциялық дәстүрден тысқары діни культтер, құбылыс пен процестер сияқты қазіргі социумның іргелі мәселелерінің индикаторлары болып табылады. Адам осындай жағдайда бұрын-соңды тәжірибесінде кездеспеген мәселемен бетпе-бет келеді. Соған орай, оны шешудің сенімді құралдарынан да бейхабар болады. Аталған мәселеге қарсы тиімді күресудің саналы түрде жасалған мәдени тетіктері де қалыптаспаған.

Түрлі діни ағымдардың жетегінде кету арқылы отбасын ойрандатып, қоғамды шулатып, тыңшылық, экстремистік, террорлық іс-әрекет жасап,

мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне орасан зиян тигізуі әбден мүмкін. Сонымен қатар, дамыған немесе даму үстіндегі тыныш жатқан бір елді тоқырауға жіберудің бір тәсілі түрлі діни ағымдар арқылы қоғам ішінде іріткі тудыру.

Бүгінде әлемдегі дінаралық кикілжіңдер мен қақ-ты-ғыстарға куә болудамыз. Әрине, 16 миллион халқы бар Қазақстанға 40 түрлі конфессия (дін) өте көп. Мысалы, соңғы уақыттарда кейбір отбасыларда әкесі бір дінді, баласы бір дінді, анасы бір дінді ұстанатын халге келдік. Қазақ отбасыларында кикілжің туа-тын болса, әркім өз жақтастарын мәселеге ара-лас-тырып, арты бітпес жанжалға ұласып кетуі мүмкін.

Осы жағдай уақыт өте келе дінаралық қақтығыс тудыруы мүмкүн. Дін атын жамылған ұйымдар қоғамды діннен, руханияттан алшақтату арқылы қоғамды дінге қарсы қояды. Жалған діндер дәл осылай еркінсіп білгендерін жасай берер болса, болашақта қоғамды діннен, руханияттан азарда-безер ететін халге жеткізеді. Діни ағымдардың әрекетіне күйінген халық дінге деген көзқарасы өзгеріп, дінсіздікке ұшырауы мүмкін.

Ақиқатында, діни бірлестіктердің басым көпшілігі кейбір аңғал жандар ойлағандай биік мақсат-мүдделерді көздемейді. Дәстүрден тыс діни ағымдар атаулының түпкі ниеті біреу-ақ, ол - қарапайым адамдарды өз мақсат-мүдделеріне пайдалану, сол арқылы материалдық игілікке кенеліп, билікке қол жеткізу.

Әдетте, дәстүрден тыс діни ағым мүшелері "көсемнің немесе "ұстаздың" айтқанын бұлжытпай орындайтын темірдей тәртіпке мойынсұнады. Ұйымның түпкі мақсатын аттөбеліндей аз топ, яғни "таңдаулылар" ғана біледі. Жаңадан қабылданғандар сектаға жән-тәнімен берілгендігін "ұстаз" бен "таңдаулылардың" алдында дәлелдей білсе, "қызмет баспалдағымен" өрлеуге мүмкіндік алады. Көріп отырғанымыздай, ұйымдардың құрылымы да мемлекеттік құрылым сияқты. Маман психологтар мен заңгерлердің оларды "қауіпті" деп жүргені бекер болмаса керек.

Енді осы ағымдар қарапайым адамдарды қандай айла-әдістермен еліктіретініне тоқталайық. Біріншіден, жаңадан қабылданған "шәкірт" ұйым мүшелерінің психологиялық қысымына ұшырайды. Ол осы жерде дәстүрден тыс діни ағымдардың "махаббатына бөленеді". "Құдай сені жақсы көреді, сен асқақ арман-мақсаттарды бағындыратын таңдаулылардың бірісің. Бізден басқа әлемнің барлығы күнәға белшесінен батуда" деген сияқты эпсананы құлағына құяды.

Нәтижесінде, судай жаңа діни ағымдардың осы "бақытты отбасының" бір мүшесіне айналуға деген құштарлығы күшейе түседі. Топтасып ән шырқау, бір-бірімен төс қағыстырып құшақтасу, мадақтау сияқты кішкентай балаларды алдайтын тәсілдердің барлығы ұйымда кеңінен қолданылады.

Екіншіден, дәстүрден тыс діни ағымдар мүшелері қоршаған ортасынан іргесін аулақ салып, өз бетінше бөлек өмір кешеді. Ал ұйымнан тысқары әлемнен қол үзген адам уақыт өте келе "ұстазының" айтқандарының анық-қанығына ой жүгірту, оны шынайы өмірмен салыстыру мүмкіндігінен айырылатыны түсінікті жәйт.



Үшіншіден, қауіпті діни ұйымдарда мүшелерінің ойлау қабілетін тежейтін түрлі әдістемелер қолданысқа ие. Мәселен, бір сарынды әндерді жиі шырқату, бір қимылдарды үнемі қайталатудың ақыры адамды психологиялық тәуелділікке ұрындырады.

Тағы бір айта кетерлігі, "отбасында құпия болмау керек" дегенді желеу еткен "ұстаз" "шәкіртіне" жасаған күнәларын мойындатып, арылуға "көмектеседі". Ішкі сырларын жайып салғаннан кейін өзін күнәһар жан ретінде сезінген "шәкірттің" бойында қорқыныш, үрей күшейе түседі.

Бесіншіден, "рухани тұрғыда шынығу" үшін ұйқыдан бас тартқандар мадақталады. Тоя тамақтанбау рухани тұрғыда жетілуге көмектесетін диета деп саналады. Сондай-ақ, ұйымға жаңадан қосылған жандардың оңашада ой қорытуына мүмкіндік бермеу үшін ұйымның өзге мүшелері оны ешқашан жалғыз қалдырмайды. Осылайша, дәстүрден тыс діни ұйым санатына қосылған жан аз уақыт ішінде ой-санасы өзгерген, мүлде басқа кейіптегі адамға айналады.

Дәстүрден тыс діни ұйым шырмауына ұшыраған адам өзін қалай сезінеді? Психологтардың айтуынша, "ұстазына" құлдық ұрған "шәкірттің" көкірек көзі ашылып, ақиқатқа көз жеткізеді, құдайдың нұрын сезінеді. Оның бойында жаңа психологиялық қасиеттер дамиды. Қарапайым тілмен баяндар болсақ, дәстүрден тыс діни ұйымдардың алдап-арбауының салдарынан сәби қалпына қайта оралғандай күй кешеді.

Ол өзінің бұрынғы қадір-қасиеттерін тәрк етіп, сол ұйымдарға ұнамды бейнені қабылдайды. "Ұстаз" бен "таң-даулылардың" айтқаны ол үшін бұлжымас қағидамен тең. Мәселен, "Бірлік шіркеуі" деп аталатын сол қауіпті ағымдардың әлемнің көптеген елдерінде кәсіпорындары бар.

Шіркеуге тиесілі кәсіпорындарда жұмыс істейтін дәстүрлі емес діни ағымдардың мардымсыз жалақы үшін есіл еңбектерін сарп етуде. Аталған ұйым жаңадан қосылған мүшелерінен табыстарының бір бөлігін беріп тұруды және барлық жиған-терген мүліктерін өздерінің атына аударуды талап етеді.

Ұйымға "өз еркімен" қосылған адам үшін "жаңа отбасын" тастап кету туралы ойлаудың өзі қорқынышты. Ұйым мүшелері де оны өз қатарларында қалдыруға тырысып бағады. Қазіргі таңда, дәстүрден тыс діни ұйымның мүшелерін құтқарудың екі түрлі тәсілі бар.

Бірінші тәсіл "қайта программалау" деп аталады. Яғни, адамды сол қауіпті ұйымнан күштеп ұрлап әкетіп, бір бөлмеге қамап, оған "тату-тәтті отбасы" туралы барлық шындықтың бетін ашу. Әрине, жан-тәнімен сеніп келген "ұстаздың" алаяқ екенін есту, өзінің алданғанын түсіну оған оңай соқпайды. Және бір айта кетерлігі, діни ағымдар осындай жолмен жақынын құтқармақ болған адамның үстінен тиісті органдарға шағым түсіре алады. Мұндай жағдайда дәстүрлі емес діни ағымдар қылмысын дәлелдеу қиынға түсетіндіктен, көп жағдайда сот процесінде олар жеңіп шығады.

Дін - мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Еліміздегі ортақ ауызбіршілік, елжандылық, адамды сүю, бейбітшілік пен тыныштық - дәстүрлі діндерінің

басты ұстанымы, ал ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіретін жат ағымдардан бойымызды аулақ ұстап, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелегеннен ұтылмасымыз анық.

Қазір елімізде түрлі діни конфессиялар бар. Мемлекет олардың қайсысына рұқсат берген, қайсысына тыйым салғаны туралы біле жүрудің артықтығы жоқ. Сол себепті, осы жолы оқырман қауымның назарына зайырлы мемлекет, секта, экстремизм, терроризм, елімізде тыйым салынған ағымдар мен Ислам атын жамылған керағар ағымдар туралы түсініктемелер жинағын топтастырып беруді жөн санап отырмыз.

Дәстүрлі емес діни ағымдар. Біз зайырлы мемлекетпіз. Әлемде мемлекет пен дінаралық қатынасты реттеудің онға жуық формасы бар екен. Қазақстан осылардың ішінде зайырлылық формасын таңдаған. Яғни, зайырлылықтың бірінші мағынасы – мемлекет тек бұл дүниелік мәселелерді реттеуді мақсат етеді, теократиялық жүйедегі сияқты о дүниелік бақытты басты мұрат етпейді. Екіншісі, дін мемлекеттен бөлек, мемлекет дінге, дін мемлекеттің ісіне араласпайды.

Мемлекет – діни еркіндікті бергенімен, халықтың тек бұл дүниедегі қажеттілігін өтеуге күш жұмсайды. Қоғамдық қатынастар діни нормалар негізінде емес, азаматтық негізде реттелетін, мемлекеттік органдардың шешімдері діни тұрғыдан шығарылмайтын мемлекеттің сипаты. Зайырлы мемлекеттің заңнамасы толықтай немесе ішінара діни нормаларға сәйкес келуі мүмкін, оның зайырлылығы діни түсініктерге қарама-қайшылықпен емес, одан азат болуымен анықталады. Зайырлы елде әрбір адам ешқандай діни институттарға қатыссыз өмір сүруге құқылы. Мысалы, некені тіркеу және әділ сот жүйесі мемлекеттің айрықша құқығы болып табылады. Сол сияқты зайырлы елде барлық конфессия өкілдері заң алдында бірдей. «Зайырлы» сөзі араб тілінде «захири» (зайырлы) яғни «ашық, сыртқы» деген мағыналарда қолданылады.

Секта сөзін естігенде оның мағынасына бойламай жатып, көбіміз селк ете қаламыз. Олай болатын жөні де бар. Өйткені, бұл сөздермен адам өміріне қауіп төндіретін оқиғалар байланыстыра айтылады. Секта латын сөзінен шыққан, алғашқыда екі мағынада қолданылды. Біріншісі – бір заттың бөлігі де, екіншісі – сана образы, оқу дегенді білдіреді. Бұл сөз «sequi» — ізіне түсу (қандай да болсын оқудың артынан ілесу) сөздерімен мағыналас. Демек, секта азаматтарға тек қана өз пікірін таңып мақұлдату, зорлық-зомбылық көрсету, еркінен тыс әрекет пен мүлкін тартып алу, тіпті кісі өміріне қауіп төндіру сияқты істермен ерекшеленеді.

Экстремизм термині (латынша – шеттеу) сөзбе-сөз шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығару деген сөз. Саяси тұрғыдан алғанда экстремизм қалыптасқан әлеуметтік құрылымдар мен саяси институттардың тұрақтылығын бұзып, өз мақсаттарына жету үшін оларды әлсіздендіріп, түбінде құлатуды мақсат ететін қарсылық әрекеті.

Терроризм – латынша (terror) қорқыныш, үрей деген сөз. Яғни, саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану. Бұл ұғым XVIII ғасырдың соңында ұлы

француз төңкерісі кезінде якобиндіктер жүргізген репрессиялық саясатты атауда қолданылды. «Террор» ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе тоталитарлық жүйенің өз азаматтарына қатысты күш қолдану және үрей туғызу саясатын сипаттауда қолданылады. Терроризм – ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүркін-дүркін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс.

«Салафизм» ұстанушыларын «салафи-мадхали», «салафи-суррури», «салафи-жиһади», «такфир» деп өзара бірнеше топтарға жіктеуге болады. «Салаф» (алдын болу) сөзінің жай мағынасында бірінің орнына бірі келетін кез-келген уақытта қолданылады. «Бұрынғы, ілгеріде» сөздерімен пара-пар. Аталған ілімді ұстанушылар қарулы «Жиһад» идеологиясын ашық қолдамайды. Заңды мемлекет басшыларына қарсы шығу жолын ұстанбайды. Зайырлы мемлекет заңдылықтарын, Құран мен сүннетке қарсы келмейді. Сондықтан, мемлекет заңдарымен жүруге дұрыс болды деп есептейді. Мадхалидтік жамағат ислам рухани құндылықтарын бір жақты түсінеді. Жергілікті ұлттар мен ұлыстардың әдет-ғұрпы, дәстүрлерін мұсылманның тұтынуы тұрғысындағы еркін шектейді. Исламның әуелгідей бір елде ғана емес, бірнеше құрлықтарға таралып тарихи-әлеуметтік шегі мен мәні артқанын ескере бермейді. Сондықтан, исламда әуел баста болмаған бірқатар жергілікті дәстүрлі құндылықтарды және басқа да ағымдарды мойындамайды.

Салафизмнің екінші тармағы «Мәдиналықтар». Бұл ұйым мүшелері шейх Абу Мусъаб ас-Сури (1958 ж) іліміне сүйенеді. Бұл ғылымдағылардың ұстанымы бойынша мемлекет заңдылығы Шариғат заңына қарсы келмеуі керек. Олар Қазақстанда бірінші болып ҚМДБ-нан бөлек діни қоғамдастық құруға әрекеттенген, мұсылман атын жамылған бүлікші топ. Бұл ұйымда басқарудың тарикаттық құрылымдардың тәсілдері қолданылса, ал қаржылық жүйеде пирамидалық элементтері пайдаланылады. Жасырын мәліметтердің жетекшілеріне сырттан тапсырма беру арқылы көпшілікпен сайланған «әмір» және «шаруалар» (кеңес мүшелері), ортақ қазына, білім орындары «худжралар» болады. Демек, белгілі бір дәрежеде ұйымдасқан әрекеттер жүйесін жасау талпынысы бар. Мемлекеттік құрылымды мойындамауға үндейді.

«Әт-Такфир уәл хижра» — өткен ғасырдың 70-ші жылдары Мысыр университетіндегі студент жастардың арасында қалыптасты. «такфир» қозғалысының негізін салушы 1942 жылы туылған мысырлық Мұстафа Шукри есімді азамат. Бұл қозғалыстың мақсаты, бөлек мұсылман қауымын құру арқылы зайырлы мемлекеттік қағидаларға қарсы күресу. Осы идеологияның негізінде Алжирде «қарулы ислам тобы» (GIA), қарулы ұйымдар пайда болды. 1977 жылы Мысыр үкіметі ресми түрде тыйым салды. 2004 жылы Европа одағына кіретін мемлекеттер аумағында «Такфир» ұйымының әрекет етуіне тыйым салу арқылы бұл ұйым мүшелерінің тізімі жасалынып, Европа одақтастығы мемлекеттеріне кіруіне шек қойылды. Бұлар «такфир» идеясын қолдамаған мұсылмандарды кәпір деп есептейді. Зайырлы мемлекет заңдылықтарын ұстанатын Қазақстанды – кәпірлер елі

деп атайды. Мемлекет заңына бағынуды құлшылықтың бір түрі деп есептеп, құдайдан басқа нәрсеге табыну деп есептейді. Төрт мешіттен (Харам, Нәбәуи, Акса, Куба) басқа діни орындарда намаз оқуға рұқсат етілмейді. Осындай қатаң және төзімсіз әрекеттерінің салдарынан көп жақтас таппаған. 1981 жылы үлкен соққы алып, мүшелерінің көбі Мысырдан қашуға мәжбүр болған. 2014 жылы 18 тамызда «Әт-Такфир уәл хижра» ұйымына Астана қаласы, Сарыарқа аудандық сотының шешімімен тыйым салынды.

Дәстүрлі емес діни ағымдар. «Салафи-жиһад» ағымы 1990-шы жылдары «араб ауғандықтарға» басшылық ету Абдалл Аззамнан («Братья-мусульмане»), Саудиялық салафит Усаме бин Ладеннің қолына өткен уақыттарында құрыла бастады. Бұл интернет сайттарындағы үндеулері негізінде қалыптасты. Такфир мен «салафи-жиһадшылардың» басқару құрылымдары ұқсас («Әмір», «шура», «шейх», «қазынашы», «жауынгер») екеуі де кәпірлерге қарсы «әлемдік жиһадқа» қатысуды міндет деп есептейді. Сонымен қатар, Қазақстанда билік органдары тарапынан таза мұсылмандар діни сенімдері үшін қудалануда деген ұйғарыммен «хижрат» жасауға шақырады.

Діни сипаттағы қауіп-қатері: Салафиттердің Абай, Шәкәрім және басқа да қазақ ойшылдары ұстанған Қазақстан мұсылмандарының дін ұстанымына негіз болған, Матуриди діни-сенім мектебін теріске шығару. «Кәпір» (құдайсыз) кінәратын өршітіп, мемлекеттің заңдарына бағынбауға, жиһадқа шақыру арқылы жергілікті ұстаным, дәстүрлерді мансұқтау, зайырлы ұстанымды тәркі ету, ғылым-білім, ұлттық мәдениет, салт-санадан бас тартқызу бағытындағы әрекеттер. Қарт кісілердің жастарға денсаулық, сәттілік және табыс тілеп беттерін сипап берген батасын теріске шығару. Сүннет бойынша бетті қолмен сипауға болмайды-мыс. Келіннің күйеуінің ата-анасына иіліп сәлем салғанын теріске шығару, бұл олардың пікірінше Алладан басқа тағы да біреуге табыну болады-мыс. Мұсылмандардың молаға зиярат етуін теріске шығарады, пұтқа табыну болады-мыс. Ақсақал қарияларға тұрып және екі қолды ұсынып сәлем беруді және қолды сүюді теріске шығарады. Сүннет бойынша тек бір қолды ғана беру керек және Пайғамбар (с.а.с.) тұруға тыйым салған-мыс. Құранды өлген адамдарға арнап оқуды теріске шығарады. Өнерді теріске шығарады. Балағы қысқа немесе кесілген шалбар киеді. Ұзын әрі күтілмеген сақал өсіру, бұл құдайдан қорыққандықтан деп өздері сенеді. Әйелдер тек қана қара түсті араб көйлегі мен жамылғысын киеді. Ата-аналары дайындаған тамақтан олар намаз оқымай дайындады деп бас тартады. Ата-аналарын Исламды өз ойларындағыдай тәртіппен ұстанбағаны үшін тыңдамайды, қарсы келеді, ренжітеді. Құпия үйлендіру. Ата-анасымен ақылдаспай олардың келісімінсіз некесін өзінің уәһабби ұстазсымағына қидырады. Оп-оңай ажырасады әрі бір-бірінің әйелдеріне және өз қауымындағы «қарындастарына» үйленеді. Басқа туыстарымен араласқан кезде өздерінің Ислам туралы жеке түсінігін тықпалайды. Өз нанымына мойынсұнбағандарды тәжікелеу, тәркі ету жолымен адасқандар, сопы деген сияқты терістейді. Үйлену тойлары, туған күн, мерекелер, еске алу, діни-рухани рәсімдердің бәрі шарифатқа қайшы

әрекет деп санайды. Қоғамда, мешіттерде, көшелерде, отбасыларында айтыстар мен қақтығыстарды шиеленістерге әдейілеп бағыттауды ойластырады. Ауылдар мен қалаларда діни жамағат ішінде жікке бөліну, олардың арасында бір-біріне деген жек көрушілік белең алуына себепкер болады. Кейбір адамдар ұлы имамадар мен дінтанушы ғалымдар жазған кітаптар мен түсіндірмелердің ақиқаттығына күмән келтіре бастайды.

Бүгінгі таңда әлемнің түкпір-түкпірінде уәһһабшылар жасап отырған қатігездіктердің кесірінен әлемдік қауымдастық уәһһабилік пен Ислам екеуі бір-біріне қарама-қайшы екі дүние екенін түсінбей Исламнан қорқып, одан қашқақтау үрдісі қанат жайып келеді. Сол себепті, әрбір адам өзінің қандай діни ұстанымда жүргеніне мұқият болып, отбасы мен ел ертеңі үшін де абай болғаны жөн.

Зікіршілер немесе «Исматуллашылар» Зікіршілер: бұларды «исматуллашылар», «ясауишылар» деп те атайды. Исматулла деген кім? Исматулла Мақсұм – қазақстандық зікіршілердің рухани ұстазы, пірі. Ауған-пәкістандық азамат. Оны «тақсыр» деп атайды, «қасиетті әке» санайды, жамағаттың әрбір мүшесі оған құлдық ұрып, қолынан сүйеді. Зікіршілердің негізгі мақсаты: Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін қасиетті Құранмен қатар ұстайды. Алқақотан отырып зікір салуды мұсылманның бес парызынан жоғары қояды. Зікіршілер өздерін «жамағат» деп, басқаларды «жамағат емес» деп бөліп қарайды. Соңғы кезде ясауишілер өздерін «Мәдінің сарбаздарымыз» деп, ақырет күнін жақындатуды да діни экстремизмге бейімдігін аңғартады. Осындай белгілеріне қарап, мұндай ұйымдарда діни-ахлақи насихаттан гөрі саяси пиғылдың басымдылығын көруге болады. Дінтанушылар пікірінше, жұрттың мұндай топтарға еруінің екі себебі бар. Біріншісі, діни сауаттылықтың жетіспеушілігі, екіншісі дүнияуи қажеттіліктерге бой ұрушылық жағдайлары. Зікір ұғымы Құранда бар. Зікір – күдіретті жаратушы Алланы еске алып жүру деген мағынаны білдіреді. Бірақ бұл ұғымның мағынасын кейіннен пайда болған мистикалық секталар өзгертіп, зікірді енді «шалыққа» (транс, экстаз) ендірудің техникасы мен әдісіне» айналдырады. Сөйтіп уақыт өте келе суфизмнің ең қатал, тоталитарлық ордендері зікірді «еске алудың медитациясы» деген ұғымға ұластырды. Кейіннен «жүректі тазалау» деген мистикалық ұғым пайда болған. Мұны елімізде «мазар» (мола) культін дәріптеуші «Аққу», «Сұңқар», «Ата жолы» сияқты ұйымдар бастап отыр. Сопылар үшін зікір адамның рахатты күйдегі трансқа түсуі болып есептелген. Тіпті, кейбір секталарда адамның жүйкесіне әсер ететін есірткі шөптер, кафе, наша, алкоголь секілді естен айыратын дүниелерді де пайдалана бастаған. Теология ғылымдарының докторы, дінтанушы Мұхиддин Исаұлының айтуынша, «ясауишілердің» «зікір» салу формасы дәстүрлі дінге жат. Ол «бұлайша соқыр сенімге берілуі діни фанатизмге ұрындыруы мүмкін екенін айтады». Бұл пікірмен толық келісуге болады. Екі-үш сағатқа созылатын «зікір» кезінде адамдар «Алла ху», «Алла хай!» деп айғайлап, трансқа жеткенше бастарын бұлғақтатып, селкілдеп билейді. Тіпті, кейбірінің аузынан ақ көбік жыны ағып, есінен танып, талып қалады. Исматулланың өзі «зікірге» тым елітпейді, залды,

кімнің қандай күйде екенін көзінің астымен жіті қадағалап, барлап отырады. Бұл топ зікірді мұсылманшылықтың негізгі шарты деп біледі.

«Діндар» деп аталатын санатқа келесі адамдарды жатқызуға болады, олар:

- Құдайдың бар екендігін мойындайтындар;

- өзін белгілі бір діни ілімге бағдарлайды;

- сәйкес діни дүниетанымы және дүниеге көзқарасы бар. Күнделікті өмірде діндар адам, өзі сенетін діни ілімнің догматикасына сәйкес әрекет етеді, оны жетекшілікке алады. Діндар адам үшін оның рухани өміріндегі негізгі күш дін болып табылады, яғни ол өзінен жоғары қойып мойындайтын жоғарғы құндылықтар, және оның осы құндылықтарға сәйкес қызметтері. Дінде сенушілердің бірнеше типін көрсету қалыптасқан: – бірінші тип: терең сенетіндер, діни сенім олардың өмірі мен әрекеттерінде айқындаушы рөл атқарады; – екінші тип: өмірінде діни сенім екінші кезекте тұрады және олардың әрекеттеріне мотивация болмайды. – үшінші тип: ауытқымалы, олардың нақты діни сенімі жоқ және олар дін мен атеизм арасындағы таңдауда тұрақсыздық танытады, бұл сәйкесінше, олардың мінез-құлқынан және қоршаған әлемге деген қатынасынан көрініс табады. Діндар адамға қарағанда тәжірибе алушы адам өзінің дін оқуының барлық талаптары мен салт-жоралғыларды толық көлемде орындайды, сондай-ақ діни ғұрыптар мен рухани дәстүрлердің барлық ережелерімен жүреді.

Қазіргі уақытта экстремизм мен терроризм мемлекеттер мен қоғамдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікке ерекше қауіп төндіруде, олар дінді өздерінің саяси мақсаттарында қолданады. Дін және оның құндылықтарымен бүркемеленген уағызшылар адамзат қауымдастықтары арасында алауыздық пен өшпенділік туғызып, бүкіл әлемде төзімсіздік пен зорлықты орнатады. «Діни экстремизм» астарында мынаны түсіну керек – діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдану. Діни экстремизм тар мағынасында діндегі шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерге берілгендік. Мұндай экстремизмнің негізін демагогиямен байланысқан зорлық, агрессия және шектен шыққан каталдық құрайды. Кең мағынасында бұл ұғым мемлекеттік құрылысты күштеп өзгерту немесе билікті басып алу, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған діни мотивацияланған немесе діни безендірілген әрекет және осы мақсатта діни алауыздық пен өшпенділікті қоздыру.

«Терроризм» терминіне келсек, латын тілінен аударғанда «қорқыныш, үрей» дегенді білдіреді, яғни экстремизм сипатының көрініс табуы. Терроризм зорлықтың аса қатыгез, үрейлі формалары мен әдістері арқылы саяси мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметті білдіреді. Бұл барған сайын түрлі формаларға еніп, қарқынды үрей туғызып келе жетқан қазіргі заманның ең қауіпті әрі болжамы күрделі құбылысы. Террористік актілер

адамдардың жаппай қырылуына әкеледі және бұқара халықтың басым бөлігіне психологиялық қысым көрсетеді, материалдық және рухани құндылықтардың бұзылуына, кейде мұндай зардаптардың салдары қалпына келтірілмейтіндей деңгейде орын алады, мемлекеттер арасында алауыздықтар туындату арқылы соғыстардың тұтануына ықпал етеді, әлеуметтік және ұлттық топтар арасында сенімсіздік пен өшпенділіктің пайда болуына әкеледі. Терроризм бұқаралық және саяси маңызды құбылыс ретінде қоғамда жекелеген топтардың мемлекеттің заңдылығы мен құқығына күмән келтіруімен және сол арқылы өздерінің мақсаттарына жету үшін террорды қолдануларын ақтайтын жаппай «идеологиясыздандырудың» нәтижесі болып табылады. Түрлі қылмыстық топтар өздерінің қылмыстық топтары үшін қолайлы жағдай жасау үшін мемлекеттік билікке ықпал ету, үрейлендіру мен жою мақсатында террорлық актілерді жүзеге асырады. Терроризм – қазіргі жаһанданушы заман қатерлерінің бірі, ол өзінің формалары мен көріністерінің ауқымдылығы және жиілігінен, адамзатқа қарсылығы мен қаталдығы тұрғысынан әлемдік қауымдастық алдындағы түйткілді мәселеге айналды. Діни экстремизм мен терроризмнің әлеуметке әкеліп жатқан зияны аса қауіпті, оның көрініс табуы келесідей: – қоғам мен мемлекетке психологиялық және материалды шығыннан бастап, жеке тұлғаның өмірін қиюға дейін; – азаматтық өшпенділік немесе алауыздықты тұтатудан бастап, өз алдарына мемлекеттің конституциялық құрылымының өзгеруін және оның аумақтық тұтастығының бұзылуын мақсат ететін бірқатар заңсыз қарулы құрылымдардың қызмет етуіне дейін. Діни экстремизмнің қылмыстық көріністерінің салдары сәйкесінше әрекеттерден кейін бірден көрінуі мүмкін немесе ұзақ мерзімдік зардаптар әкелуі де мүмкін.

Қазақстан Республикасы сотының шешіміне сәйкес, бірқатар радикалды ұйымдар тобы «террористік» болып табылады:

I. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылдың 15 қазанындағы шешімі негізінде:

1. «Аль-Каида»
2. «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс»
3. «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс»
4. «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»)

II. Жоғарғы Соттың 2005 жылдың 15 наурызындағы шешіміне сәйкес:

1. «Асбат аль-Ансар»
2. «Братья-мусульмане»
3. «Талибан» қозғалысы
4. «Боз гурд»
5. «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтер»
6. «Лашкар-е-Тайба»
7. «Әлеуметтік реформалар Қоғамы».

III. Астана қаласы сотының 2006 жылдың 17 қарашадағы шешіміне сәйкес:

1. «АУМ Синрикё»
2. «Шығыс Түркістан азат ету ұйымы»

IV. Астана қаласы сотының 2008 жылдың 5 наурызындағы шешіміне сәйкес:

1.«Түркістан ислам партиясы»

V. Атырау қаласы сотының 2011 жылдың 25 қарашадағы шешіміне сәйкес:

1. «Джунд-аль-Халифат» (Халифат сарбаздары).

Сонымен қатар, Қазақстанда «Хизб-ут-Тахрир» шетелдік ұйымы «экстремистік» деп танылып, қызметіне тыйым салынған

I. 2005 жылдың 28 наурызындағы Астана қалалық сотының шешімімен:

1. «Хизбут-Тахрир-аль-Ислами» ұйымы.

II. Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының

2012 жылдың 7 маусымындағы шешімімен: 1. «Сенім. Білім. Өмір» республикалық қоғамдық бірлестік.

III. Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылдың 26 ақпанындағы шешімімен:

2. «Таблиғи-Жамағат».

2011 жылдың 25 қазанында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді. Заңның негізгі ережелерін жүзеге асыру конфессионалдық кеңістікті құқықтық реттеуге мүмкіндік берді. Діни бірлестіктерді қайта тіркеуден өткізу дер кезінде атқарылған шара болды. Бұл үдерістің нәтижесінде діни бірлестіктер мен олардың діни сенімдері туралы жаңа мәліметтер алынды. 2011 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша елде 4551 діни бірлестіктер болған. Ал қазіргі уақытта олардың саны 3434 құрайды. Отандық сарапшылардың зерттеулерінің негізінде діни бірлестіктердің жаңа жіктемесі ұсынылып, конфессиялар мен деноминациялардың саны 46-дан 18-ге қысқарды. Мемлекеттік органдардың осындай ауқымды қызметтерінің нәтижесінде Қазақстанның діни көрінісі келесідей болды. Саны жағынан ең көп діни бірлестіктер елдегі барлық дінге сенушілердің үштен екі бөлігін құрайтын мұсылмандық болып табылады – 2382, және діни ғимараттары да саны жағынан ең көп – 2381. Қазақстандағы дін ізбасарларының саны жағынан екінші орын алатын Орыс Православие Шіркеуі (ОПШ), оның 289 діни бірлестіктері бар. Қазақстандағы келесі діни бағыт Рим-католиктік шіркеуі (РКШ) болып табылады. Оның 84 діни бірлестіктері бар. Сондай-ақ, Қазақстанның конфессиялық кеңістігінде 500-ден астам протестанттық діни бірлестіктер қызмет атқарады. Жоғарыда аталғандардан басқа 7 иудей қауымы, 2 буддистік діни бірлестіктер және өзге де бірқатар деноминациялар бар.

Әлемдік діни көріністі зерттеу оның бірегейлігі мен саналуандылығын көрсетеді. Pew зерттеу қорының дін және қоғамдық өмір бойынша жүргізілген зерттеулерінің нәтижелері әлем бойынша он адамның сегізі өзін қандай да бір діни топпен сәйкестендіреді. Қордың 230 елдер мен аумақтардың жай-күйіне жүргізген зерттеулері тек 2010 жылдың өзінде әлемнің 6,9 млрд. тұрғынының 84%-ын құрайтын 5,8 млрд. дінге қатысы бар ересектер мен балалар бар екенін анықтаған. 2500-ден астам халық санағы,



шолулар мен тіркеулерді талдау негізінде жүргізілген демографиялық зерттеулер барлық әлем бойынша келесі мәліметтерді ұсынады:

- 2,2 млрд христиан (32% халық тұрғыны),
- 1,6 млрд мұсылман (23%),
- 1 млрд индуизм өкілі (15%),
- 500 миллиондай буддистер (7%),
- 14 миллион иудаизм өкілі (0,2%),
- 400 миллионнан астам адам (6%) түрлі ұлттық немесе дәстүрлі діни

сенімдерді ұстанады, соның ішінде, африкалық дәстүрлі діндер, қытай халық діндері, түпкілікті америка діндері мен австралиялық аборигендердің діндері. Бағалаулар бойынша, 58 миллион адам – әлем халқының 1%-нан төмені – өзге діни сенімдерді ұстанады, олар – Бахаи сенімі, джайнизм, сикхизм, синтоизм, даосизм, тэнрикё, викки және зороастризм. Сондай-ақ, Pew Қорының соңғы зерттеулері әлем халқының алтыдан бірі (1,1 млрд немесе 16%) дін ұстанбайды. Адамдардың төрттен үшіне жуығы (73%) діни топ барлық тұрғындардың басым бөлігін қамтитын елдерде тұрады. Барлық адамдардың ширегіне жуығы (27%) діни азшылықтар ретінде өмір сүруде. Көп жағдайларда индуистер мен христиандар өздері тұрғындардың басым бөлігі болып табылатын елдерде өмір сүру тенденциясына ие. Мысалға, барлық индуистердің 97%-ы әлем бойынша индуистер көп шоғырланған елдерде (Үндістан, Маврикия және Непал) өмір сүрсе, он христианның тоғызына жуығы (87%) христиан діні басым болып табылатын әлемнің 157 елдерінде орналасқан. Мұсылмандардың басым бөлігі (73%) және діни таңдау жасамаған (71%) адамдар да өздері тұрғындардың ауқымды бөлігін қамтитын елдерде өмір сүреді. Мұсылмандар 49 елдерде, соның ішінде Таяу Шығыс пен солтүстік Африканың 20 елінің 19 елдерінде өмір сүреді. Діни таңдау жасамаған адамдардың басым бөлігі келесі алты мемлекеттерде өмір сүреді: Қытай, Чех Республикасы, Эстония, Гонконг, Жапония және Солтүстік Корея. Өзге негізгі діни топтардың мүшелері өздері азшылықты құрайтын елдерде орналасқан. Мысал ретінде, он буддистің жетеуі (72%) діни азшылық ретінде танылады. Сонымен бірге, онның үшеуі ғана (28%) буддистер көптеп орналасқан жеті мемлекеттерде өмір сүреді, олар: Бутан, Бирма (Мьянма), Камбоджа, Лаос, Монғолия, Шри-Ланка және Таиланд. Израиль иудаизм өкілдері көп саналатын жалғыз мемлекет саналады. Бахаи, джайна, синтоизм, сикхизм, даосизм діндерінің және тэнрикё, викки және зороастризм ұстанушылары халықтың басым бөлігін құрайтын мемлекеттер жоқ. Орташа алғанда кейбір діндердің өзгелеріне қарағанда жастарының көп екендігін атап өткен жөн. Әсіресе, жас ерекшеліктері діни топтардың географиялық таралу ерекшеліктеріне қатысты көрініс табады. Тез дамып, өркендеу үстіндегі мемлекеттерде көп дін ұстанушылары жас тұрғындар болып табылатын тенденциялар бар. Ал Қытай мен дамыған индустриалды мемлекеттерде, адам санының өсуінің төмен болуына сәйкес дін ұстанушылардың да жастары үлкен. Негізгі екі топтың – мұсылмандар (23 жас) және индуистердің (26 жас) – дін ұстанушылары әлем тұрғындарының орташа жасынан (28 жас) төмен, ал қалған топтарда орташа жастан жоғары.

Христиандар арасындағы орташа жас мөлшері 30 жас, одан кейін өзге діндерде (32 жас), халықтық және дәстүрлі діндерде (33 жас), діни таңдау жасамағандарда (34 жас) және буддистерде (34 жас). Иудаизм өкілдерінде ең жоғары орташа жас мөлшері (36 жас), олар мұсылмандардың ең төмен жас мөлшерінен он жасқа жоғары. Халықтық діндер нақты халықпен, этникалық топтар немесе тайпалармен тығыз байланысқан. Кейбір жағдайларда әлемдік діндердің кейбір элементтері жергілікті сенімдер мен дәстүрлермен байланысқан. Көп жағдайда мұндай діни сенімдердің ресми ілімдері мен қасиетті жазулары болмайды, олардың қатарына африкалық дәстүрлі діндер, қытай халық діндері, түпкілікті американдық діндер және австралиялық аборигендердің діндері жатады.

Ең ірі әлемдік діндердің – исламның, христиандықтың және буддизмнің арасындағы шынайы шекарасы тарихи болып табылатын біздің елімізді «өркениеттердің торабы» деп атауы заңды. Мұнда ғасырлар бойы түрлі этностар мен дін өкілдері бірге өмір сүріп, бірге еңбек етті. Сондықтан Қазақстанда ел халқының көпшілігінде ұқсас құндылықты бағдарларды қалыптастыруға, этникааралық және конфессияаралық келісім мен өзара құрметтің толерантты атмосферасын құруға ықпал ететін түрлі мәдениеттер мен 13 өркениеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің тарихи баға жетпес, бай тәжірибесі жинақталған. Мемлекетіміздің басшысы Қазақстанның этномәдени және конфессионалдық алуан түрлілігі – бұл қазақстандықтарға басқа халықтардың құнды мәдени жетістіктерімен алмасуға мүмкіндік беретін біздің бар қоғамымыздың ортақ игілігі, зор байлығы екенін әрдайым ерекше атап өтеді. Белгілі болғандай, тәуелсіздік алғаннан кейін біздің еліміздің алдында қоғамдық диалогты қалыптастыру мен конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету міндеті тұрды. Полиэтноконфессиялық қазақстандық қоғам жағдайында рухани бейбітшілік пен келісім жас мемлекетті құрудағы республиканың әлеуетін жұмылдыра отырып, халықты бір азаматтық қоғамдастыққа топтастырушы факторға айналды. Екі онжылдықтың ішінде құрылған конфессияаралық келісімнің тиімді үлгісі бүгінде Қазақстанның жедел жаңару үдерісінің және оның әлемнің ең бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына енуіне қажетті жағдай мен тірегі болуға қызмет етуде. Қазақстан этностардың ұлттық-мәдени алуан түрлілігін бір уақытта сақтаудағы этникалық ерекшелікті дамытуға бағытталған стратегиялық бағытты дәйекті және мақсатты түрде ұстанып келеді. Мемлекеттік саясаттың негізінде мәдени, діни және өркениеттік бірегейлікті одан әрі нығайтудың, мәдени қоғамдастыққа өтудің, сондай-ақ діндер диалогын бүкіләлемдік дамытудың негізгі қағидалары жатыр. Қазақстанда конфессиялардың құрылымды диалогы елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға қол жеткізудің ең басты жолдарының бірі болып табылады. Қазақстандағы көпконфессиялылық мемлекеттің қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтаумен байланысты баянды гуманистік құндылығы мен тәжірибелік маңызы бар толеранттылық пен өзара құрметтің қағидаларын бекітумен бірге жүреді. Республикадағы толеранттылық қағидасы саяси мәдениеттің нормасы ғана емес, сонымен бірге зайырлы мемлекетті құрудағы

ең негізгі принциптердің бірі болып табылады. Қазақстандық модель тұрақты, қатып қалған үлгі болып табылмайтындығы өнеге тұтарлық. Ол жаңа ағымдарға сәйкес жетіле отырып, елдегі және әлемдегі болып жатқан өзгерістерге ілтипатпен әрекет етеді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің жақсы дәстүрлерін құрметтеп және қолдай отырып Қазақстан заманауи зайырлы мемлекет құруда. Дін саяси-мемлекеттік үдерістерге араласпайды. Өз кезегінде, мемлекет діни қауымдастықтардың өміріне араласпайды, олардың әлеуметтік, салттық, ағартушылық және қоғамдық өмірге терең интеграцияланудың өзге де міндеттерін толыққанды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасайды. Конфессиялардың/діндердің ішкі өміріне араласпау саясатын ұстана отырып, олардың қызметтерінің толық 14 жүзеге асуына ықпалын тигізе отырып, мемлекет олардың арасындағы диалогтың дамуын ынталандырады. Тәуелсіздік жылдарында елімізде діни институттардың айтарлықтай сандық және сапалық өсімі байқалды. Тарихи-мәдени ескеркіштер мен мешіттер жаңғыртылып, қалпына келтірілді, жаңадан ғибадат ету ғимараттары бой көтерді. Қазақстандағы ресми мойындалған мерекелік/демалыс күндердің қатарына мұсылмандық Құрбан айт мерекесі мен Христос Рождествосы православиелік мейрамы енді. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі өзінің өкілеттігі шеңберінде жүзеге асырып келеді. Министрлік әр түрлі дінге сенушілер мен діни бірлестіктердің арасындағы өзара түсіністікті нығайту, дін тұту бостандығына азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты атқарып келеді, сондай-ақ заңнамаға сәйкес діни бірлестіктермен өзара әрекеттесу мен салааралық үйлестіруді жүзеге асыруда. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанынан құрылған діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңесі (әрі қарай – Кеңес) қызмет етеді. Кеңес консультативтік-кеңесушілік орган ретінде діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-әрекеттестік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру мен іске асыру, қоғамдағы рухани келісімді нығайту мен конфессияаралық қатынастарды үйлесімдеу мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді. Жетекші конфессиялардың басшыларынан, дінтанушы – ғалымдардан, мемлекеттік басқару органдарының жұмыскерлері мен ҚР қоғам қайраткерлерінен құралған Кеңес өзінің қызметін мемлекеттік органдармен, республиканың діни, өзге де қоғамдық бірлестіктерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесе отырып жүзеге асырады. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері жанынан діни бірлестіктердің қызметіне қатысты күн тәртібіндегі мәселелерді жүйелі әрі тұрақты түрде шешумен айналысатын діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңес қызмет атқарады. Отырыс барысында қарастырылатын мәселелер және оларға қатысты шешімдер мен сәйкесті қызметтер аймақтағы діни ахуал мен әлеуметтік-саяси жағдайдың жақсаруына оң ықпалын тигізеді. Қазақстандағы діни ахуал мәселелері жөніндегі консультациялық- сараптамалық кеңесі (әрі қарай - Кеңес) Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі

жанындағы үнемі қызмет атқаратын консультативтік-сараптамалық орган болып табылады және келесідей қызметтерді жүзеге асырады:

– діни қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіру мен діни қызметті мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

– діни ахуалды зерттеу саласында тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік сарапшылармен, халықаралық ұйымдармен өзара әрекет етеді. Кеңес құрамы дінтану, саясаттану, әлеуметтану, философия, мәдениеттану, құқықтану саласындағы жетекші мамандар мен ғалымдардан, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен тұрады. 2012 жылдан бері республикада өзінің қатарына 160-тан астам маманды біріктірген «Дінтанушылар конгресі» ҚБ қызмет етеді. Конгрестің жанында ислам дінінің мәселелерімен қызығушылар мен мұсылмандардың танымдық, рухани және діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылған «E-Islam» ақпараттық-ағартушылық Интернет-порталы жұмыс істейді. Интернет-порталда қазақстандық халықтың дәстүрлі рухани құндылықтары, ислам жайында объективті ақпараттар шоғырландырылған. Блоггер-мамандардың жұмысы ұйымдастырылған. Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі жанында дін және дін тұту еркіндігі саласындағы, сонымен қатар үйлесімді конфессияаралық қатынастарды, толерантты сананы, қоғамдық бейбітшілік пен келісімді дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға азаматтық қоғам институттары мен үкіметтік емес секторды біріктіретін Үкіметтік емес ұйымдармен өзара байланыстар жөніндегі Кеңес жұмыс істейді. Кеңес азаматтық секторды қамтитын 40-тан астам ҮЕҰ біріктіреді, соның ішінде 28-і діни қатынастар саласы бойынша түрлі қызметтер көрсетумен тікелей айналысатын үкіметтік емес ұйымдар. Жалпы алғанда, біздің елде әрбір азамат діни тиістілігіне қарамастан, Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтар мен бостандықтарға ие және оны толықтай пайдаланатын конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісі қалыптасқан. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-на төрағалық ету қызметіне өту жағдайына байланысты өзінің үндеуінде: «біздің этносаралық және дінаралық келісімнің моделі – ол әр түрлі конфессиялардың өзара әрекеттесуінің бүкіл әлемдік үдерісіне Қазақстанның қосқан шынайы үлесі» - деп ерекше атап өтеді.

**Нормативтік құқықтық актілер:** [1, 2, 3];

**Негізгі әдебиеттер:** [4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 19, 20];

**Қосымша әдебиеттер:** [21, 23, 29, 34, 35, 36];

**Ғаламтор көзі:** [49, 50, 51, 55, 56]

## **Дәріс тақырыбы 5. Қазақстандағы конфессияаралық келісім және діни толеранттылық.**

*Дәріс 1 сағат*

### **Дәріс жоспары (1 сағат)**

1. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі.
2. Дін саласына жауапты мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы орталық және өңірлік мемлекеттік органдардың құрылымы мен негізгі функциялары.
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясаттың діни қауіпсіздік саласындағы сараптамалық және ғылыми қоғамдастық қызметінің жаңа бағыттары.

Дәріс тезистері:

Қазіргі кезеңде әлемде этникалық және этносаралық үрдістер барысында айтулы өзгерістер орын алуда. Этникалық үрдістер - этникалық қауымдастықтардың өзгеруіне алып келеді. Қоғамда түрлі жағдайлар әсерінен қалыптасқан этникалық үрдістерді этноэволюциялық және этнотрансформациялық этникалық үрдістер деп бөлуге болады. Эволюциялық үрдіс бойынша этникалық қауымдастықтар әлеуметтік - экономикалық жағынан дамиды да көрші халықтармен байланысқа түсе отырып, ең алдымен мәдениет пен тұрмыстың өзгеруіне алып келеді. Трансформациялық үрдіс бойынша, этникалық қауымдастықтар немесе олардың жекелеген бөліктері басқаларға қосылады, этникалық санасы өзгеріске ұшырайды. Мұндай жағдайда көбінесе бір этнос жойылып басқасы қалыптасады. Орыстан басқа халықтардың этникалық ерекшеліктерін жойып, кеңестік халық деген бір қалыпқа салуды көздеген кеңестік билік тұсында КСРО территориясында бірқатар ұсақ халықтар өздерінің мәдениетін, тілін, ділін жоғалтып, бойына өзге ірі ұлттардың нышандарын сіңіре бастады. Осылайша, кеңестік шовинистік саясат бойынша қазақтар да өзінің ұлттық түп тамырынан бас тартып, жаңа қоғамды қалыптастырудың негізгі шарты бойынша ассимиляцияға түсуі керек еді.

Кеңес Одағында ұлт саясаты коммунистік идеологияның талаптарына сәйкес жүргізілгені мәлім. Оның негізгі принципі «ұлттардың гүлденуі және өзара жақындасуы» формуласына негізделді. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары ұлттық республикаларда ана тілдерінде іс - қағаздарын жүргізіп, мектептерде ана тілінде оқыту мүмкіндігі туды. Жаппай сауатсыздық келмеске кетіп, жұмысшы факультеттері, институттар мен техникумдар, қысқа мерзімді курстар ашылды. Мындаған қазақ жастары зиялылар мен мамандар қатарын толықтырды, ұлттық мамандар даярланды, білім, ғылым дамыды. Мұның барлығын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар ұлттық саясаттағы шешуші бағыт - ұлттардың бірігу үрдісі де қатарласа жүрді. Келешекте кеңес халықтары бір тілді, бір мәдениетті болуы заңдылық және объективті шындық деп насихатталды. Ортақ бір тіл рөлін орыс тілі атқарды. Синтезделген жалпыкеңестік «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» мәдениет кеңес халқының ортақ игілігіне айналады деп уағыздалды. Осының нәтижесінде ондаған аз санды этникалық топтар тілдерінен де, мәдениеттерінен де айрылып, басқа ұлттарға сіңіп кетті. Ондай халықтар өз ұлттық белгілерінен айрылып, кеңес халқының ортақ формуласын

кабылдауға мәжбүр болды. Сталиндік жүйе зиялы қауым қызметіне қатаң бақылау орнатып, үздіксіз қуғын-сүргін ұйыдастыруды дәстүрге айналдырды. Тұлғаның шығармашылық еркіндігін шектеу және мәдениеттегі жасампаздық әлеуетті кісендеу репрессиялық шаралармен жүзеге асқандықтан адамдар бойына үрей қоныстады, олардың өмір салтымен дүниетанымына бірізділік серік болды. Қазақстан бүкіл КСРО-дағы сияқты, әлемдік мәдени үрдістерден алшақтай берді.

Бірақ, кеңестік саясат өміршең болмады. Ұлтаралық қатынастардың шиеленісін жасырғанымен, «ауруын жасырған өледінің» кері келіп, кеңестік билік келмеске кетті. КСРО ыдыраған соң тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан Республикасының алдында да КСРО құрамындағы бөтен республикалар сияқты «ұлт» мәселесі, «ана тіл мәртебесі», «этносардың бірлігі», «этностардың татулығы» мәселесі күн тәртібіндегі мәселенің бірі болды. Бұл мәселені келесіммен шеше алмай, тығырыққа тіреліп жатқандарды да көріп отырмыз. Бұл жөнінде ресейлік саясатшы Павел Святенков «Президент Н.Ә. Назарбаев және Қазақстандық ұлт» деген мақаласында: Кеңес дәуірінен кейінгі мемлекеттердің, оның ішінде Ресейдің де түйткілді мәселелері оларда ұлттық автоматты түрде қалыптаспағанында жатыр. Бұл Грузия мен Молдавияда өткір көрініс тапты, олардың басшылары КСРО дан бөлініп шығысымен дереу өздеріндегі аз этностарды қысымға алуға ұмтылды. Қазіргі уақытта орыстар да қазақтар, ұйғырлар, корейлер басқалары сияқты жаңа Қазақстанның сондай адал да жауапты азаматтары. Ұлттық бірлікті қалыптастыру үшін Президент Назарбаев жеке өзі ойлап тауып, жүзеге асырған Қазақстан халқының Ассамблеясы іс жүзіндегі нақты құралға айналды. Әрине, тіпті, тыныш Қазақстанның өзінде этностық мәселелер кейде сынға ілініп отырды. Дегенмен, олардың өткірлігін Грузияда, Әзірбайжанда және Тәжікстанда болған құлдыраумен салыстыруға келмейді, - деп бағалайды.

Қазіргі мемлекеттер көп этносты болуына байланысты этносаралық қатынастардың әр алуандығымен ерекшеленеді. Қазақстан әлемдегі полиэтникалық мемлекеттердің бірі. Тәуелсіздікті жарияласымен осы мемлекетті құрушы негізгі ұлт болып табылатын қазақтардың тілін, мәдениетін қайта жаңғыртуға қол жеткіздік. Сонымен қатар Қазақстанды мекендейтін әрбір этностың мәдени, тілдік құндылықтарын қамтамасыз етуді мақсат етті. Алғашқы бес жылда мемлекет құрушы негізгі ұлт ретінде қазақ этносына біраз артықшылықтар берілген еді. 90-жылдардың ортасынан бастап, мемлекеттік ұлттық саясат ұлтаралық ынтымақтастық пен ішкі тұрақтылыққа басымдық беріп келеді. Қазақстан қоғамында да саяси үдерістердің дамуы, сөз бостандығы, адам құқы мәселелері өткір қойылып, билік пен оппозицияның, діндер мен этностардың, салт - дәстүр мен мәдениеттердің бәсекелестігі мен бейбіт өмір сүруі үнемі назарда болып келеді.

Қазақстан - толерантты қоғам. Толеранттылық, төзімділік - адамның әлеуметтік өмірдегі, тұрмыс тіршіліктегі әр түрлі процестерге, қоғамдағы әр түрлі қайшылықтарға барынша сабырлы және орнықты қарым - қатынасы.

Төзімсіздіктің ең жоғарғы көріністері нәсілшілдік, ұлтшылдық, діни фанатизм кең тараған әлеуметтік кеңістікте көбінесе көрініс береді. Кез келген қоғамдағы терең мағынадағы толеранттылық ішкі тұтастықты нығайта түсетін маңызды құбылыстардың қатарына жатады [3]. Қазақстанды осында өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері өздерінің шынайы Отаны деп біледі. Қазақстанға түрлі жағдайларда қоныс аударған әртүрлі этнос өкілдерінің тағдырлары ұқсас. Көпшілігі Қазақстанға өз еріктерімен қоныс аудармады. Қазақ халқы коммунистік идеологияның салқын ызғарымен елімізге келген ұлттарға бауырмалдық танытып, оларға қолдау көрсете білді. Дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діни мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақты тірлікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Керек десеңіз, Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермей отырған бірден бір ел. Бүгінгі күнгі полиэтникалық Қазақстандағы татулық пен келісімнің болуы да қазақ халқының дархан мінезінің арқасы. Толеранттылық елімізде кешелі – бүгінді пайда бола қойған жоқ. Біздің ұлы даламыз ғасырлар бойы толерантты болып келеді. Толеранттылықты қалыптастыру күрделі үрдіс. Әрине, мұнда отбасыдағы тәрбиенің маңызы орасан. Толеранттылықтың қалыптасуы бала дүниеге келгеннен бастап отбасындағы ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты. Әрбір ата - ана өз балаларының тұңғыш тәрбиешілері екені анық. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінен бірін - бірі қадірлеуінен, олардың өзара бірлігі мен түсінушілігінен, ата - ана мен балалар арасындағы мейірімді, қарым - қатынастың қатынасуынан, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді толып жатқан жазылмаған заңдылықтар арқылы көрініс табады. Баланы жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау етіп өсірумен бірге еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа, адалдыққа, баулып өсіру шарт.

Шындығында толеранттылықтың мәні қазақ тілінде терең: төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісімін табу деп жалғастыра беруге болады. Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. Ел халқы, қай этносқа жататынына қарамай, болашағымызға сенді. Бұл жерде өмір бойы төзімділікке тәрбиеленген қазақ халқының топтастырушылық рөлін, оның адал ниетіне қарай басқа этностардың Қазақстанды екінші отаным деп санауға құлықтылығын, елде экономиканың жедел қарқынмен дамуын, Елбасы Н.Назарбаев жүргізіп отырған көреген саясатты атап өткен жөн. Елдің басын қоса білдік, дау – жанжалдардың алдын алдық, жинақы болдық.

Дінаралық төзімділікке қатысты жастар арасында дұрыс түсінік қалыптастырудың қажеттілігі бүгінгі күні өзектілігі артып отыр. Діннің қоғамдағы рөлі ерекше болып отырған қазіргі кезеңде діннің халқымыз үшін қаншалықты пайдалы екендігін айтуымыз керек. Өйткені қандай да болмасын дін адамдарды ізгілікке, жақсылыққа, адамгершілікке шақырады. Өкінішке орай шет мемлекеттерден еркін келіп жатқан теріс діни

ағымдардың саны да, ықпалы аз болмай тұр. Ниеттері арам сондай ағымдардың негізгі құрбаны аңғал, алғыр жастар болып отыр.

Сондықтан, коммунистік атеистік идеологияның ығынан шығып үлгермеген діни сауатсыз халықты діни секталар өз ықпалына оңай түсіріп отыр. Әділін айтсақ, тәуелсіздікпен келген ар – ождан бостандығының жемісін теріс пиғылдағы діни секталар ұтымды пайдалануда. Олар үгіт – насихатқа өте бейімді, аңғал елдің отбасына, мәдениетіне жік салып жатыр. Оны күнделікті тұрмыста байқап жүрміз. Барлық діни секталар мейірбан, шапағат әкеледі деуге келмейді. Жаһандану еркін ақпарат көздері арқылы қазақ халқының мәдениетіне, көпғасырлық дәстүрге, халық даналығына еш кедергісіз еркін әсер етуде. Батыс дүниетанымына еліктеп жастардың санасын улайтын түнгі клубтар, жезөкшелік, нашақолық көріністерінің кең етек жаюын тоқтатуымыз керек. Мұндай қасіреттен қорғайтын да, құтқаратын да ұлттық құндылықтарымыз, мәдениетіміз, салт – дәстүріміз. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», - деген қанатты сөздер бүгінгі күні айрықша өзекті. Өз дінімізге, өз ұлтымызға, өз тілімізге, өз салтымызға берік болайық. Бүгінгі шетелдік діни бірлестіктердің басты мүддесі біздің жастарды игілікке емес, батыс құндылықтарын санаға сіңіру үшін қызмет жасап жатыр. Сондықтан дінаралық қатынастарда төзімділік пен қонақжайлылықтың да шегі бар демекпіз.

Конфессияаралық және ұлтаралық келісімді қалыптастыруда елеулі роль толеранттылық пен Қазақстанның қалыптасу институты ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясына лайықты түрде берілуде. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ұйытқы болуымен қолға алынған этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі – Қазақстан халқы Ассамблеясы – Президенттің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен құрылды. Содан бері өткен 20 жылдың ішінде Ассамблея Президент жанындағы консультативтік-кеңес органынан модернизацияланған Қазақстан қоғамының толыққанды саяси институтына айналды. Ассамблеяның басты мақсаты болып табылатын Қазақстандағы барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қатынас мәдениеті - Қазақстан халқы бірлігінің айқын көрінісі.

Қазақстанның елдегі бейбітшілікті, тұрақтылықты, конфессияаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған мақсатты саясаты әлемдік қауымдастық тарапынан мақұлданып, кеңінен қолдау тапты. 16 Қазақстан Шығыс пен Батыс арасындағы әмбебап «көпір» ретінде қызмет атқарады. Көптеген халықаралық ұйымдар, ең алдымен БҰҰ елдердің өзара қарым-қатынастарында көрінетін конфессияаралық және дінаралық диалогты нығайтуға бағытталған Қазақстанның күш-жігерін жан-жақты қолдайды. Исламның, христиандықтың, буддизмнің, иудаизмнің, индуизмнің көрнекті қайраткерлері Астанадағы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін әлемнің барлық діндеріне диалог жүргізуге болатын жаһандық алаң ретінде мойындады. Бұл Қазақстандағы конфессионалдық саясаттың бүкіл халықаралық қауымдастықты қызықтырушы бірегей, ерекше рецептілер жасауға мүмкіндік бергендігінің ең айқын көрінісі. Бұл жерде Ұлт



көшбасшысы – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанның астанасы Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін өткізу туралы жаһандық бастамасы туралы сөз болып отыр. Белгілі болғандай, I Съезд 2003 жылдың 23-24 қыркүйегінде, II Съезд – 2006 жылдың 12-13 қыркүйегінде, III Съезд – 2009 жылдың 1-2 шілдесінде, IV Съезд – 2012 жылдың 30-31 мамырында өткізілді. Дінаралық форумдардың қатысушылары әлемнің ең ірі конфессияларының басшылары, атақты саясаткерлер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері болды. Қазақстан басшысының шақыртуын исламның, православиенің, католицизмнің, протестантизмнің, буддизмнің, индуизмнің, конфуцийшілдіктің, иудаизмнің және басқа да діндердің уәкілдері қабыл алды. Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съездерінің өткізілуі – бұл жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті қолдау тетіктерінің бірі ретіндегі Қазақстанның мәдениеттер мен өркениеттердің диалогын дамытуға қосқан нақты үлесі. Конфессияаралық диалог идеясы осы жылдар ішінде кеңінен даму мен қолдауға ие болды. Егер 2003 жылы I Съезге 17 делегация келсе, ал 2006 жылы форумның қатысушылары 20 елден келген 43 делегация болды, 2009 жылы – әлемнің 35 елінен 77 делегация болса, 2012 жылы съезге әлемнің 40 елінен 85 делегация қатысты. Съездердің маңызды ерекшелігі, олардың жұмысында әлемнің барлық ең ірі конфессияларының өкілдерінен басқа көрнекті саясаткерлер, мемлекеттер мен ықпалды халықаралық ұйымдардың басшылары қатысты.

Бұл әлемдегі қауіпсіздікті күшейтуге, мәдениеттер мен өркениеттердің жақындасуына тікелей ықпал ете алатын пәрменді шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Форумға келуші ықпалды халықаралық ұйымдардың аясы кеңеюде. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКҰҰ), БҰҰ білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы, Ислам ынтымақтастық ұйымы (ИЫҰ), Өркениеттер Альянсы. Съездің жұмысына бұрын-соңды қатыспаған Индонезияның, Пәкістанның, Палестинаның, Бразилияның жаңа діни конфессияларының өкілдері мен дінбасылары қосылды. Съездің қызметі діни негізде туындаған өткір мәселелерді бірлесе талқылауға және шешуге, түрлі халықтардың діндері мен мәдениеттерінің диалогына, діни толеранттылық рухын нығайтуға және тәжірибе алмасуға, бейбіт діндердің оң имиджін қалыптастыруға мүмкіндіктер береді. Бұдан басқа, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің кездесуі зорлық-зомбылықтың, діни фанатизмнің, экстремизм мен терроризмнің алдын-алу үшін болашаққа кеңінен жол ашады. Олар адамдарға діни экстремизм мен терроризмде діни негіздер жоқ екенін көрсетеді. Әлемдік діндердің дін оқулары фанатизмді, зорлық-зомбылық пен төзімсіздікті жоққа шығарады, ал өзінің адамзатқа қарсы қызметінде діни ұрандармен жамылғандар дінге қарсы қылмыс жасайды. Түрлі діндердің бейбіт қатар өмір сүруін ұйымдастыру Қазақстандағы рухани лидерлер форумының басты тақырыбына айналды. I Съезд жұмысының барысында діни саяси экстремизм мен терроризм, діни негіздегі шиеленістер мен кемсітушілік, заңсыздық пен зорлық-зомбылық мәселелері қозғалды. Форумның қорытындысы бойынша рухани лидерлер дінаралық

үйлесімділікті жетілдіру, өзара түсіністік, өшпенділіктің, дұшпандықтың, төзімсіздік пен ксенофобияның алдын алудың, діндер мен мәдениеттерге дұрыс тәсілдерді ұсыну үшін әлеуметтік қатынасу құралдары мен білім беру бағдарламаларын жасау қажеттіліктері жайында ортақ пікірге келді. Съездің нәтижесінде бейбітшілікті сақтау, болашақта адамзат үшін тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-әрекет туралы Декларацияны қабылданды. I Съезд барлық әлем адамдарының бейбіт және лайықты өмір сүруі үшін түрлі діндер өкілдерінің ынтымақтасуы мен бірлесу идеяларын іске асырудың өз уақыттылығы мен қажеттілігін әлемге көрсеткен бірегей және есте қаларлық оқиға болды. Съезд идеясы К. Аннан, Дж. Буш, М.Тэтчер, Цзянь Цзэминь, Н.Мандела, Ж.д'Эстен және басқа да көрнекті қайраткерлер мен саясаткерлердің қолдауына ие болды. II Съезд «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» жалпы тақырыбында өтті. Съезде қатысушылар ұстанған «Дінаралық диалог қағидалары» қабылданды. Екінші Съездің қорытынды құжатында «қарсылық идеологиясын» «бейбітшілік мәдениетіне» ауыстыруға деген жаһандық қажеттілік кеңінен көрініс алды. III Съезд БҰҰ-ның қатысуымен және оның техникалық қолдауымен «Өзара құрмет пен ынтымақтастық және толеранттылық негізіндегі әлемді құрудағы діни көшбасшылардың рөлі» тақырыбында өтті. Съезд барысында «Моральдық және діни құндылықтар», «Сұхбат 18 және ынтымақтастық», «Пікірлестік әсіресе, дағдарыс кезіндегі пікірлестік» сияқты маңызды мәселелер талқыланды. IV Съезд «Бейбітшілік пен келісім – адамзат таңдауы» тақырыбында өтті. Форумның мазмұнды ерекшелігі «Тұрақты дамуға қол жеткізудегі дін лидерлерінің рөлі», «Дін және мультикультурализм», «Дін және әйел: рухани құндылықтар мен қазіргі заманғы сын-тегеуріндер», «Дін және жастар» сияқты бүгінгі қоғам үшін көкейтесті тақырыптарда төрт секциялық отырыстың өткізілуі, сондай-ақ Съездің діни лидерлерінің Кеңесі құрылуы болды. Съездің халықаралық қауымдастыққа тәжірибесін беруде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші Съезінің шақыртылуына 10 жыл толуына орай 2013 жылы ұйымдастырылған іс-шаралар қомақты үлесін қосты. Әлемнің 10 мемлекетінде Съездің тәжірибесіне арналған тұсаукесерлік іс-шаралар өтті. Жалпы алғанда, жаһандық дінаралық диалогты дамытуға қосқан үлес Қазақстанның ұлттар қауымдастығында беделін көтерді. Астана Съездің тұрақты диалог алаңына айнала отырып, жалпыәлемдік дінаралық диалог саласында өзінің орнын тапты. Халықаралық құрылымдарда Қазақстан өзінің интеграциялық бастамаларымен, сондай-ақ түрлі діндер мен этностар адамдарының өзара түсіністігі мен құрметі негізінде біріккен серпінді дамушы экономикасы мен қоғамы бар ел ретінде танылды. Қазақстан өзінің тәуелсіз дамуының 22 жылы ішінде БҰҰ Жарғысының Принциптерін мүлтіксіз қадағалай отырып, әлемдік саясатта беделге, құрмет пен сенімге ие болды, бүкіл әлемдік қауымдастықтың сенімді әріптесіне айналды.

Тәуелсіздік алғаннан соң Қазақстан Республикасы БҰҰ сияқты, сондай-ақ, ЕҚЫҰ, ИКҰ (ИЫҰ), ТМД, ШЫҰ, ҰҚКҰ және басқа да бірнеше халықаралық ұйымдардың қатарына өтті. 1992 жылғы 2 наурызда Біріккен

Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 46-сессиясының қорытындысы бойынша 46/224- Резолюциясымен Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның мүшелігіне бірауыздан қабылданды. 2012 жылдың 12 қарашасында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 67- сессиясы шеңберінде Қазақстан Республикасы алғашқы рет БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Кеңесіне 2013-2015 жылдар аралығына алғашқы рет мүшелікке сайланды. Бүгінгі күні Қазақстандағы тіршілік әрекетінің түрлі салаларында БҰҰ-ның 15 өкілдігі нәтижелі қызмет жасап отыр. Тұрғындардың көпэтникалық және көпконфессиялық құрамын есепке ала отырып, Қазақстан бірқатар сындарлы халықаралық бастамаларды ұсынды, сондай-ақ бейбітшілік пен тұрақтылықты, ел ішіндегі, халықаралық кеңістіктегі мәдениет пен дін арасындағы диалогты нығайтуға бағытталған әлемнің басқа мемлекеттері басшыларының озық идеяларын қолдады. Төзімділік пен бейбітшілік, өркениеттер ынтымақтастығы идеялары Қазақстан Республикасының ірі сыртқы саяси бастамаларының өзегіне айналды және Орталық Азия мен Еуразия құрлығында бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін үлкен мәнге ие болды. ЕҚЫҰ мен ИЫҰ сияқты Еуропа мен мұсылман әлемінің ең ірі халықаралық ұйымдарын басқаруды Қазақстанға сеніп тапсыру әлемдік қауымдастықтың этносаралық және конфессияаралық келісімді қолдаудың қазақстандық үлгісіне жоғары баға беруінің айғағы болып табылады.

Қазақстан және ЕҚЫҰ Қазақстан Республикасы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (әрі қарай – ЕҚЫҰ) 1992 жылдың қаңтарында кірді. ЕҚЫҰ сияқты беделді халықаралық ұйымға мүшелікке өту Қазақстанның тек Еуропалық аймақта ғана емес, әлемнің басқа түкпірлерінде де бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін күресуге деген ұмтылысын дәлелдейді. ЕҚЫҰ мүшелері болатын көптеген елдердің басшылары ядролық қару мен басқа да жаппай қырып-жою құралдарын таратпау ісіндегі Қазақстанның рөлі мен қосқан үлесіне жоғары баға берді, осы саладағы елдің саясатын одан әрі қолдайтындықтары жайлы айтты. ЕҚЫҰ-мен өзара ынтымақтасу бағытында Қазақстан, ең алдымен, Орталық Азияда бейбітшілікті сақтауға және ЕҚЫҰ-мен бірге күш сала отырып аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тырысады. Қазақстан үшін әлемдік аренада ең маңызды оқиғалардың бірі еліміздің 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі болды. Қазақстан төрағалық еткен кезде бірқатар жоғары нәтижелерге қол жеткізді, олардың ішінде ең бастысы 11-жылдық үзілістен кейін ЕҚЫҰ Саммитінің Қазақстанның астанасы Астана қаласында өткізілуі болды. Әлемнің көптеген мемлекеттері мен үкімет басшылары адамзат дамуының барлық салаларындағы Қазақстанның жетістіктерін өз көздерімен көрді. Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етудегі ұраны төрт «Т»: trust (сенім); tradition (дәстүр); transparency (транспаренттілік); tolerance (толеранттылық) болды. Сонымен қатар Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төраға болуының маңызды компоненттерінің бірі мәдениеттердің, діндер мен өркениеттердің арасындағы диалогты нығайту мәселесіндегі Қазақстан үшін үлкен мәнге ие «Толеранттылық» болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «ЕҚЫҰ тағдыры мен келешегі» мақаласында

айтқандай: «Қазақстан мәдениетаралық және өркениетаралық үнқатысу идеясын ұстанған көп ұлтты және поликонфессионалды мемлекет ретінде ұлтшылдық, діни төзімсіздік, нәсілшілдік, ксенофобия және антисемитизмнің тиімді алдын алу үшін ұйымның мықты әлеуетін пайдалануға ұмтылады».

Қазақстан және ИЫҰ Қазақстан әлемнің араб елдерімен ынтымақтастығын дамыта отырып, 1995 жылы қатарында көбісі зайырлы мемлекеттер болып табылатын, 57 мұсылман елдерін өзінің құрамына біріктіруші Ислам конференциясы Ұйымына мүше болды. Қазақстан өзінің табысты дамуы арқасында 2011 жылы ИКҰ-на төраға болу құқығына ие болса, осы жылдың 28 шілдесінде Қазақстанда Сыртқы істер министрлігі кеңесі мен Ислам ынтымақтастық ұйымының 38-сессиясы өтті. ИКҰ-на төрағалық ете отырып, Қазақстан саяси және гуманитарлық ынтымақтастық, терроризмге, діни төзімсіздікке және гендерлік теңсіздікке қарсы күрес сияқты маңызды мәселелерді ұйымның күн тәртібіне қосу үшін бар күшін салды. Тек Қазақстанда ғана ИКҰ СІМК сессиясында ИКҰ атауын Ислам ынтымақтастығы ұйымына (ИЫҰ) ауыстыру шешімі қабылданды, сондай-ақ Ұйымның жаңа белгісі бекітілді. Қазақстанның басқа ірі өңірлік және әлемдік ұйымдармен қатар ИЫҰ қызметіне белсенді түрде қатысуы конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету мәселелерін талқылау және олар бойынша шешім қабылдау, сонымен қатар халықаралық сахнадағы мәдениет пен дін диалогы үшін жағдай туғызады. Қазақстан және Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 47- сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақырту бастамасын ұсынды. Қазақстан көшбасшысының ұсынысы азиялық, сондай-ақ еуропалық мемлекеттер тарапынан кеңінен қолдау тауып, оны жүзеге асырудың жоғары деңгейін анықтады. Сол кезде Азияның жоғарыда көрсетілген мәселелерді қарастыру және бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылық идеясын ілгерілету үшін қандай да бір жалпықұрлықтық құрылымы болмады. Қазақстан өңірдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азиялық мемлекеттердің өзара іс-әрекет етуін және ынтымақтастығын нығайтуды міндет ететін азиялық құрлықтағы мемлекеттерді біріктіретін халықаралық форумды құруды ұсынды. Бүгінгі күні АӨСШК құрамында 24 мемлекетті қамти отырып, заманауи халықаралық қатынастардың маңызды факторына айналды және ынтымақтастықтың кең шеңбердегі мәселелері бойынша жалпы азиялық тиімді диалог құру алаңына айналды. АӨСШК БҰҰ жанындағы бақылаушы мәртебесіне ие болды (2007 жылғы 12 қарашада), бұл АӨСШК-тің елдер мен мәдениеттер арасындағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету ісіндегі жоғары мәнге ие екендігінің дәлелі болды. Қазіргі күні Қазақстан жаһандық деңгейдегі діндер мен өркениеттер диалогы ұстанымын бекіту туралы мәселені көтере отырып, Шығыс пен Батыс арасындағы «көпірге» айналып отыр. Елде қалыптасқан этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісі әлемдік бағаға ие болды. Қазақстан және Өркениеттер Альянсы. Өркениеттер Альянсы (әрі қарай - Альянс) Батыс пен

мұсылман елдері арасында бөлінушілікті болдырмау, діни түсініспеушілік пен өркениеттер арасында поляризацияны еңсеру, сонымен қатар жаһандық деңгейде тыныштық орнату үшін мемлекеттерді ынталандыру мақсатында құрылды. Бүгінгі күні Альянс Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында өз қызметін жүзеге асырып отыр және әлемдегі мәдениетаралық диалогты ұйымдастыру үшін жетекші алаңдардың бірі болып табылады. Қазақстан мен Альянс өркениеттер арасындағы диалогты жүргізудің бейбіт бастамасын ілгерілету мәселелерінде серіктес болып табылады. Қазақстан Республикасының Өркениеттер Альянсымен ынтымақтастығы 2005 жылғы 16 қарашада Қазақстанның Альянс достары тобына қосылуынан бастау алады. Өз кезегінде Өркениеттер Альянсы үшін поликонфессионалды елдегі дінаралық келісім мен төзімділікті сақтау бойынша Қазақстанның және Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің тәжірибесі өте пайдалы.

Кез келген мемлекет өзінің дін саласындағы саясатын тарихи, мәдени, экономикалық және басқа да факторларын ескере отырып белгілейді. Мемлекеттік саясатты орнықтырудың нысандары - белгілі бір діндерге мемлекеттік мәртебе беру түрі, белгілі бір конфессиялармен келіссөздер жасау түрі, діни бірлестіктердің мәртебесіне байланысты заңнамада арнайы нормалардың бекітілуінен бастап, барлық діни бірлестіктерге либеральды көзқараспен қарауды формалды түрде жариялау түріне дейін әр түрлі болуы мүмкін.

Шетелдердің дін саласындағы мемлекеттік саясатын талдайтын болсақ, олар заңдарды қабылдаумен ғана шектеліп қоймайды. Оларда бірнеше конфессиялармен конкордат немесе келісім-шарттардың жасалуы секілді дінге идеологиялық тұрғыда қарауды жүзеге асырудың арнайы технологиялары бар. 1998 жылы АҚШ-та «Religious Persecution Act» заңының қабылдануын да осындай жайттар қатарына жатқызуға болады.

Зайырлы режимдегі шет елдер заңнамаларын талдайтын болсақ, олардың діни бірлестіктермен қарым-қатынас мәселесінде қатаң түрде бір жақты ретке салудан бастап (Франция), тек таңдаулы конфессияларға ғана ерекше құқықтардың берілуіне дейін (Италия, Бельгия, Австрия) әрқайсысының өзіндік моделі бар екендігін көруге болады.

Адам құқықтарын қорғау саласында өзара іс-қимыл тұрғысынан алып қарағанда Еуропа елдері мен АҚШ тәжірибесі тартымдырақ болып көрінеді. Қазақстандағы тарихи, мәдени, экономикалық және басқа да факторлар тек өзіне тән діни ахуалды қалыптастыратындығына байланысты, оның басқа елдермен, халықаралық ұйымдармен үн қатысуды жүзеге асыруы тек мемлекеттерге өз елінің мәдени, тарихи мұрасына сәйкес заңдар қабылдап, саясат ұстануына белгілі дәрежеде мүмкіндік беретін ұстаным ескерілгенде ғана мүмкін болады. Бұл ұстаным Халықаралық құқықта қолданылып, ОБСЕ мен басқа да құрылымдар тарапынан ескеріліп жүр (атап айтқанда, 2004 жылы ОБСЕ-нің Венеция комиссиясы бекітілген «Діндер немесе сенімдер туралы заңнамаға талдау жасау нұсқамаларында» осыған сілтеме жасалады).

Еуропада дәстүрлі конфессиялар, атап айтқанда, католиктік, лютерандық, православие, протестантизм сенімдері кеңінен таралған.

Сонымен қатар, «жана» деп атауға боларлық (яғни соңғы кездері пайда болған) американдық протестанттық ұйымдар, дәстүрлі емес сенімдер және ислам белсенділік танытып келеді.

Дін саласындағы Еуропа елдерінің мемлекеттік саясатын талдайтын болсақ, олардың жаңадан пайда болған діндермен бәсекелестік күресте өздерінің дәстүрлі христиан конфессияларына қолдау білдіретіні байқалады.

Еуропа елдерін шартты түрде зайырлы және ресми дінге ие елдер деп бөлуге болады. Ресми дінге ие елдерде шіркеулерге мемлекеттік қолдау, ал бірқатар елдерде қаржылай қолдау көрсетіледі. Мұндай мемлекеттерге Ұлыбритания, Дания, Греция, Болгария жатады.

Алайда, зайырлы сипаттағы елдер де (Германия, Франция, Испания, Австрия, Италия) дәстүрлі конфессияларды қолдау мақсатында әр түрлі конфессиялардың ережелерін қатаң түрде регламенттейді және жіктейді. Бұл үшін төменде көрсетілген жолдар таңдалған:

I. Діни қауымдарды шіркеулер мен азаматтардың қоғамдық бірлестіктеріне (қауымдастықтар) бөлу (бұл базалық деңгей деп аталады). Азаматтардың бірлестіктері өздерінің бастамалары бойынша тіркелуі мүмкін, міндетті түрде тіркелудің қажеті жоқ. Мұндай бірлестіктер ешқандай жеңілдік алмайды. Мысалы, Германияда, Австрияда және Ұлыбританияда саентологтар діни ұйым ретінде тіркелмеген және сол елдердегі жеңілдіктерді пайдалану, бюджеттік қаржыландыру мүмкіншіліктері жоқ. Бұл жағдайда тек белгілі бір конфессиялар ғана шіркеу мәртебесін алады (діни бірлестіктер деп танылады) және олардың өздерін қауымдастықтардан өзгешелейтін төмендегідей артықшылықтары болады:

1. Жұмыстарын қаржыландыру (Германия, Румыния, Бельгия, Чехия);
2. Мектептерде діни білім беру (Бельгия, Германия);
3. Христиандық-демократиялық партиялардың жұмыстары (Италия, Бельгия, Нидерландия, Австрия);
4. Әскерде дін қызметкерлерінің болуы (Германия, Греция, Польша, Италия);
5. Ғибадатханаларда қиылған некелердің заңды күшінің болуы (Испания, Чехия, Словакия);
6. Діни қоғам мүшелері үшін жылжымайтын мүлік салығын төлеуге байланысты жеңілдіктер, салық шегерімдері (Испания).

Осылайша, Еуропа елдерінің басым бөлігінде саясатта конфессия мүдделерінің жақталуы, жастар мен әскери қызметкерлерге діни тәрбие берілуі саласында дәстүрлі діндердің ықпалы сезіледі. Бұл іс-шаралар жаңа діни ұйымдармен, әсіресе американдық ұйымдармен болып жатқан қиын бәсекелестік шарттарында дәстүрлі діни құрылымды ұстап тұруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда шіркеулердің қаржыландырылуы маңызды роль ойнайды.

(Тіркеуден өту арқылы) Шіркеу мәртебесін алу үшін мемлекет арнайы талаптар қояды:

1. Мүшелерінің саны (Бельгия – ондаған мың; Австрия – 16 мың адам; Румыния – 20 мың адам; Чехия – 10 мың адам).

2. Сенімді дәстүрлі ұғымда қабылдау (Германия – аталмыш мәртебеге талапкер ұйымның евангелиялық/інжілдік немесе католиктік шіркеумен салыстырылуы).

3. Жұмыс жүргізген уақыты – (Бельгия – ондаған жыл, Румыния – 12 жыл).

4. Қоғамға әлеуметтік пайдасы (деструктивті секта болып саналмауы және жұмыстары арқылы жалпыға бірдей мораль нормаларына қайшы келмеуі тиіс – Бельгия).

II. Ынтымақтастық немесе қандай да бір жеңілдіктердің берілуі турасында конкордаттардың (римдік католик шіркеуімен Италия, Австрия және тағы басқаларының) және белгілі бір конфессиялармен арнайы келісімдердің жасалуы (Италия – 6 конфессия, Бельгия – 6 конфессия). Конфессиялармен конкордаттардың немесе келісімдердің жасалуы діни рәсімдерді (тіпті түрмелер мен ауруханаларда) еркін өткізу құқын, сондай-ақ өздерінің жеке балабақша, мектеп және ЖОО-ларына, медициналық және әлеуметтік мекемелеріне ие болу құқын береді (осы секілді конкордат 1998 жылы Қазақстан мен Ватикан арасында жасалған). Сондай-ақ балабақшалар мен мектептерде мемлекет есебінен дінді оқыту мәселесі, шіркеу некесі мен мемлекеттік (ресми) некені тең деп санау мәселесі орнықтырылады.

III. Табынушылықпен күрес жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссияның (Бельгия), Сектанттық ағымдарды бақылау және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі министрлік аралық миссияның құрылуы (Франция). Бұл жағдайда арнайы комиссиялар «жаңа» ұйымдардың, дәстүрлі емес сенімдер мен секталардың жұмыстарын қарайды, жалпы ахуал туралы талдау жасап, ұсыныстар дайындайды. Бельгияда комиссияның ұсыныстары негізінде заңнама қатаңдандырылған. Франция Республикасының мемлекеттік қызметкерлері үшін деструктивті діни секталарға қатысты әдістемелік түсіндірме анықтамалары дайындалған. Францияның ІІМ-нің мемлекеттік қауіпсіздіктің ең маңызды мәселелерімен, атап айтқанда секталарды бақылаумен айналысатын арнайы қызмет бөлімі «Рансенъеман Женеро» тоталитарлық немесе деструктивтік ұйымға тән он критерийді белгілеген:

- сананың тұрақсыздануы;
- шамадан тыс қаржылық талаптар (алым-салықтар);
- бұрынғы ортасынан бөліну пікірін тықпалау;
- физикалық денсаулығына қастандық;
- балаларды өздеріне тарту;
- қоғамға қарсы пікірлер білдіру;
- қоғамдық тәртіпті бұзу;
- маңызды айыптаулармен сотқа немесе тергеуге тартылу;
- экономикалық жұмыстарында нормаларды бұзу (қаржыларын жасыру);
- билік құрылымдарының ішіне ену әрекеттері.

IV. Қоғамда діни дәстүрлерді қолдау. Бұл елдерде діни дәстүрлерге отбасындағы тәрбие арқылы қоғамдық қолдау көрсетіледі. Бұл бағытта Бельгия үлгісін атап айтуға болады. Бұл елде келешекте басқа дінге өтіп

кетудің алдын-алу шарасы ретінде мектепте балаларға өз ата-аналарының діні оқытылады. Екіншіден, Еуропада белді діни дәстүрлерге оларға байланысты салтанатты діни мерекелерді өткізу арқылы да қолдау көрсетіледі.

Дін туралы заңнама. Еуропада діни бірлестіктерге арналған жеке заңдар бар. Мысалы, Францияның «Зайырлылық туралы» Заңы. Сондай-ақ 2001 жылы Францияда деструктивті ұйымдардың жұмыстарына қарсы бағытталған заңның қабылданғанын да ескере кеткен жөн.

Еуросоттың дін саласындағы құқық қорғау жұмыстары негізінен дін ұстанушы қауымдардың жеке мүшелерінің емес, жалпы осы қауымдардың мүддесіне құрылады.

Дәстүрлі емес конфессияларға көзқарас. Жаңа секталардың арандатуымен болған көптеген қақтығыстар мен қайғылы оқиғалар (соның ішінде 1995 жылы Веркордағы сектанттардың өлімі) мемлекеттік деңгейдегі шаралармен қатар (арнайы министрліктер аралық комиссиялар), Еуропадағы халықаралық ұйымдар деңгейінде де шаралардың қолға алынуына себеп болды. Мәселен, Еуропарламент 1996 жылғы ақпанның 12 жұлдызында Еуропадағы секталар туралы Қаулы қабылдады. Бұл қаулыда ол (Еуропарламент) мүше-мемлекеттерді өздерінің қолданыстағы салық, қылмыстық және соттық-процессуальдық заңдарының осындай топтардың заңға қайшы әрекеттерінің алдын-алуға жеткілікті ме, жеткіліксіз бе тексеруге шақырады; мүше-елдердің үкіметтерін діни ұйым мәртебесін бірден бере салмауға; ал заңсыз немесе қылмыстық істерге араласқан секталарды салық жеңілдіктері мен белгілі бір дәрежеде құқықтық қорғауды қамтамасыз ететін діни ұйым мәртебесінен айыру мәселелерін ойластыруға шақырады.

Бұдан, дәстүрлі конфессияларға қолдау көрсету мен тоталитарлық секталармен күрестің еуропалық тәжірибесі оны қолдану қажеттілігі туған жағдайда жете зерттеп барып, қолдануды керек екендігін көрсетеді деген қорытынды шығаруға болады.

Қазақстандағы діни ахуал. Қазақстан үшін дәстүрлі әрі мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылатын едәуір ірі конфессиялар – исламның суниттік ағымына жататын ханафи мазхабы мен орыс православие сенімі болып табылады (оларды бірінші кезекте тарихи фактор айқындаған). Ислам Қазақстан территориясында 10-ғасырдың өзінде-ақ (Қарахандықтар кезеңінде), ал православие болса, 18-ғасырда (Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейін) ресми дін болып танылған.

Сонымен қатар Қазақстан территориясында бірнеше топқа бөліп қарауға болатын басқа конфессиялар да бар. Бірінші топқа иудаизм, буддизм, лютерандық және тб. ұлттық белгілерімен сипатталатын конфессияларды жатқызуға болады. Ал екінші топқа «жаңа», дәстүрлі емес деп атауға болатын діни бірлестіктерді жатқызуға болады. Ал оларды өз кезегінде екі топқа бөлуге болады. Бұлар – 19-20-ғасырларда негізінен АҚШ-та пайда болған діни бірлестіктер (Жетінші күн адвентистері, Иегова куәгерлері,



мормондар, саентологтар және тб) және Қазақстанда тәуелсіздіктен кейін пайда болғандары (Аллы Аят, Ата жол тб).

Діни ахуалды айқындайтын екі басты фактор – Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын ханафи масхабын күшейту есебінен діни деңгейдің күннен күнге көтеріліп келе жатқаны және «жаңа» протестанттық бірлестіктер тарапынан белсенді түрде жүргізіліп жатқан інжілдендіру әрекеттері болып табылады. Исламдандыру табиғи себептердің ықпалымен жүзеге асуда. Бұл ең алдымен, қазақтар мен басқа түркі халықтарының исламмен тығыз байланысты ұлттық мәдениет бастауына қайта бет бұрулары болып табылады. БАҚ-тардың исламның рухани құндылықтарын насихаттауға байланысты Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасымен бірге жүргізетін жұмыстары белсенді сипат алды. Сонымен қатар, аталмыш бағыт мемлекет пен исламдық діни бірлестіктердің (бәрінен бұрын Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының) Қазақстанда исламның рухани күшін нығайтуға арналған серіктестік қарым-қатынастарының әлі қолданылмаған күшіне ие. Мұнымен қоса исламдандыру процесінің жаңа басталғанын, әлі аяқтауға алыс екендігі факторын ескергенде, бұл мәселеге мемлекеттің тұрақты өсу тұрғысынан ықпал етуі тиіс.

Қазақстанда жүргізіліп жатқан інжілдендіру ісі нақты жоспарланған және жақсы ұйымдастырылған сипатқа ие. Бұл тұрғыда дінді өзіне жат жерге орнықтырудың әлемдік (мысалы, Оңтүстік Кореядағы секілді) тәжірибесі қолданылуда. Барлық протестанттық ұйымдардың шетелдік орталықтары бар және дәл солар адептердің қажетті санын белгілейді. Мысалы, Сунн Бок Ым шіркеуінің алдына қойған міндеті – 2010 жылға дейін Қазақстан Республикасында 700 шіркеу ашу болып табылды. Қазақстанның інжілдендірілуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Мәселен, жақсы қаржыландыру, діни әдебиеттің көп мөлшерде әкелінуі мәселелері жолға қойылған, миссиологияның әдіс-тәсілдері дайындалып, дамытылуда, халықаралық және құқық қорғау ұйымдары, елшіліктер тарапынан қолдау көрсетілуде. «Жаңа» шіркеулердің өзіне келушілерді немесе өздерінің жолын ұстанушыларды айқын белгілеп, бөліп алуына (мәселен, олардың басым бөлігі кәсіпкерлер, орта мектеп мұғалімдері, ЖОО оқытушылары, мемлекеттік шенеуніктер, үй шаруасындағы әйелдер, ғылыми қоғамдастықтар, әлеуметтік қорғансыздар секілді тб. нақты әлеуметтік топтармен жұмыс істейді) және бір-біріне қарсы прозелитизм жұмыстарын жүргізбеу сияқты жарияланбаған ережелерге бағынуына қатысты дәйектер Қазақстанды інжілдендірудің біртұтас жоспары бар екендігін көрсетеді. Протестанттық ұйымдар алдында міндет секілді тұрған Қазақстанды інжілдендіру мәселесі ауқымды талдауды қажет етеді, сонымен қоса бұл мәселеде шетелдік барлау қызметтерімен, сыртқы саясат ведомстволарымен байланыс жасау мүмкіндіктері де қарастырылуы керек. Бұл бірлестіктердің шетелдегі жұмыстарына да, соның ішінде олардың тарихы, догмалары, тұрған еліндегі мемлекетпен қарым-қатынасы секілді мәселелерге жете талдау жасалынуы керек. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдарға мұндай

ұйымдардың жағымсыз әсерін шектеуге бағытталған ықпалды технологияларды қолдану мүмкіндігін береді.

Аталмыш факторлар ашық және жабық сипаттағы діни бірлестіктер туралы мәліметтер қорын (банкасын) құруды қажет етеді. Мәліметтер қорымен тиімді жұмыс атқару үшін қазіргі кезде де, келешекте де идеология тұрғысымен қатар, әр түрлі жағдайларда әрекет ету мүмкіндіктерін қарастырып, болжау тұрғысынан да діни бірлестіктерге баға беру критерийлері жүйесінің жасалынуы керек.

Сарапшылардың пікірінше, тәуелсіздіктен кейінгі алғашқы жылдармен салыстырғанда қоғамдағы діни дәстүрлердің тұрақты бола бастауына қарамастан, бұдан бұрынғы атеистік кезеңнің ықпалы салдарынан көптеген қазақстандықтардың дінге қатысты ой-санасы тұрақтанбаған. Ал бұл жайт халықтың дінтанушылық деңгейінің көтерілуі мен тіпті теологиялық тұрғыда хабардар болуы мәселесіне қатысты ойластырылған, болжанылған жоспары жасалынуы керектігін көрсетеді.

Сонымен қатар, діни ахуалды қалыптастырудың маңызды факторларының бірі ретінде жастардың дәстүрлі және дәстүрлі емес діндерге деген қызығушылығының күн санап артып келе жатқандығын мойындау керек. Бірінші жағдайда, яғни, дәстүрлі діндерге деген қызығушылық мәселесінде жастарға отбасындағы тәрбие әсер етеді (өз халқының дәстүрлеріне деген құрмет), ал екінші жағдайда бәрінен бұрын жаңа ұйымдардың өз ілімдерін әсіресе жастарға арналған арнайы әдістермен (шет тілдірді үйретудің тегін курстары, түрлі салаларға қызығушыларға байланысты клубтар тб.) агрессивті түрде жаюы болып табылады.

Қазақстанда дау-жанжал туғызуға жақын факторлар да кездеседі. Оларға дәстүрлі емес жаңа ағымдардың жұмыстарын (Иегова куәгерлері, харизматикалық шіркеулер, елуіншілер ең алдымен дәстүрлі түрде қалыптасқан қоғамға да, мемлекетке де оппозиция болып табылады), дәстүрлі емес конфессиялардың мемлекетке қарсы тұруы, олардың ислам мен православиенің ролін мүлдем қабылдамауы, жалпы алғанда бәсекелес ұйымдар ретінде конфессиялар арасындағы қарым-қатынастар, сондай-ақ конфессия ішіндегі бәсекелестік жайттарын жатқызуға болады.

Қазақстандағы діни ахуалдың дамуына шетелдерде болып жатқан процестер де үлкен әсер етеді. Мәселен, исламның қазір толықтай антагонистік болып табылатын әр түрлі ағымдарға бөлінуіне байланысты, біздің елімізде де ұқсас ағымдар жұмыс істей бастады. Дінді жаюдың шетелде дайындалған барлық жаңа әдістері Қазақстанға да ауысып келуде. Діндерге де байланысты жалпы әлемдік тенденциялардың ықпал ету саласы егжей-тегжейлі талдауды қажет етеді. Ал бұл болса, белгілі бір уақыт бұрын ҚР-дағы ахуалдың даму болжамын жасау мүмкіндігін береді.

Мемлекеттік саясаттың принциптері. Қазақстанда бірегей дінаралық келісімді қалыптастыруға бағытталған белсенді мемлекеттік саясатпен ерекшеленетін зайырлы мемлекеттік құрылымның өзіндік моделі құрылған. Бұл тәжірибені Қазақстан әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерін өткізу арқылы әлемдік қоғамдастыққа көрсетуде. Қазақстан

тәуелсіздік алған уақыттан бері дін саласындағы мемлекеттік саясат дінді терістеу мен онымен күресуден бастап, ірі конфессиялармен серіктестік байланыстарға дейін апаратын өзгерістерді бастан өткерді.

Біріншіден, діни бірлестіктер азаматтық қоғамның институттары ретінде қоғамның рухани өмірін дамыту мәселесінде мемлекеттің серіктестері болып табылады (бұл Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасында көрініс тапқан). Сонымен қатар мемлекет пен діни бірлестіктер әу бастан тең емес дәрежеде тұрғандықтан бұл серіктестік тек әлеуметтік-рухани салада ғана көрініс тапқан. Өйткені мемлекет дін ұстанушылардың белгілі бір қауымдарын ғана емес, бүкіл азаматтарды өз ішіне қамтиды; мемлекет шығарған заңдар барлығы үшін міндетті болады; ал діни бірлестіктер бекіткен қағидалар тек олардың мүшелері үшін ғана және олардың қалауы бойынша міндетті болады. Қазақстандағы діни бірлестіктер қоғамдағы азаматтық тыныштық пен рухани келісімді беркітуге бағытталған мәдени-әлеуметтік іс-шараларға белсене араласады. Ірі діни орталықтар мен бірлестіктердің басшылары Қазақстан халықтарының республикалық және кіші Ассамблеясының құрамына кіреді.

Орталық және аймақтық деңгейлерде ҚР Үкіметі жанындағы кеңес беру-ақылдасу органдары ретінде діни бірлестіктермен байланыс кеңестері, аймақ басшыларының кеңестері, дамудың мемлекеттік, салалық (секторлық) және аймақтық даму бағдарламаларын құруға қатысатын комиссиялар мен жұмыс топтары түріндегі ықпалды ынтымақтастық механизмдері күннен-күнге дамып келеді.

Екіншіден, діни дәстүрлердің белсенді түрде қайта өрлеу процесі жүруде, діни ағарту орталықтары пайда болуда.

Үшіншіден, мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы өзара іс-қимыл проблемаларын шешуге, өзара іс-қимыл мен серіктестік артықшылықтарын белгілеуге арналған жалпы ұлттық тиімді үн қатысу алаңына айналған азаматтық форумдар жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Дін саласындағы басты мемлекеттік саясат – конфессияның рухани роліне құрмет көрсету болып табылады. Дәстүрлі Исламның суниттік ағымындағы ханафи масхабы мен орыс православиесінің мәдениет құраушы ролі басқаларынан гөрі көбірек мойындалады. Осы себепті оларды мемлекеттің конфессиялық саясатының екі қанаты деп белгілеуге болады. Бұл мұсылмандар мен православие сеніміндегілерді Елбасы атынан құттықтау дәстүрге айналған Құрбан айттың 1-күні мен Рождество мерекесін ҚР Президентінің демалыс күндері деп жариялауында айқын көрінді.

Жалпы алғанда Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты төмендегі құқықтық ұстанымдарға негізделеді:

Біріншіден, барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында тең дәрежеде, заңнама олар үшін бірдей құқықтар мен міндеттіліктер бекітеді.

Екіншіден, діни бірлестіктер қандай да бір мемлекеттік функцияларды атқармайды және мемлекет те егер заңға қайшы келмесе, діни бірлестіктердің жұмыстарына араласпайды.

Үшіншіден, діни бірлестіктер мемлекеттік билік пен басқару органдарының сайлауларына қатыспайды.

Төртіншіден, Діни сипаттағы партиялар мен басқа да саяси құрылымдардың құрылуына, сондай-ақ діни бірлестіктердің саяси партиялар жұмысына араласуына немесе оларға қаржылық қолдау көрсетуіне жол берілмейді.

Бесіншіден, мемлекет дінді ұстанушы азаматтар мен дінді ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ түрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен сыйластық қарым-қатынастарын орнатуға бағытталған белсенді саясат жүргізеді.

Алтыншыдан, мақсаттары мен әрекеттері мемлекетте бір діннің үстем болуын орнықтыруға, діни араздық пен алауыздықты өршітуге, соның ішінде діни зорлықшылдық пен зорлық-зомбылыққа шақыратын істерге бағытталған діни бірлестіктердің құрылуы мен жұмыс жасауына тиым салынады. Діни экстремизмді насихаттауға, сондай-ақ конфессиялар арасындағы айырмашылықтарды саяси мақсаттарда қолдануға бағытталған әрекеттерге рұқсат берілмейді.

Сонымен бірге, мемлекеттің мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар саласындағы саясатында басты артықшылықтар ең алдымен Қазақстан Ата заңы кепілдік беретін әрбір адам мен азаматтың ар-ұждан бостандығы және еліміздің ұлттық заңнамасы мен халықаралық міндеттіліктерінен туындайтын дін ұстану еркіндігі болып табылады.

Қазақстан құқық қолдану тәжірибесінде Адам құқықтарының жалпы декларациясы, Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы пакт, Дін немесе сенімдер негізінде төзімсіздік пен кемсітушіліктің (дискриминация) барлық түрлерін жою декларациясы, Еуропа адам құқықтары мен басты бостандықтарды қорғау конвенциясы, Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы Кеңесіне мүше-мемлекеттердің 1989 жылғы Вена кездесуінің қорытынды құжаты секілді халықаралық адам құқықтары және ар-ұждан бостандығы актілеріне сүйенеді.

Елдегі мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастардың қазіргі жағдайына баға берген кезде Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан бері діни бірлестіктердің жұмыстары үшін құқықтық, идеологиялық және қоғамдық жағдайдың жасалғанын айтуға толықтай негіз бар. Азаматтардың дін ұстану бостандығы құқы бұрынғы кездердегідей тек қана мәлімделіп қоймайды, сонымен қатар іс жүзінде жүзеге асуда.

Қазіргі уақытта діни бірлестіктер мен зайырлы мемлекеттің серіктестігі серпінді түрде дамуда. Қазақстанның мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынасында адам құқықтары мен бостандығын құрметтеудің демократиялық ұстанымдарына, қоғамдық және діни мүдделердің теңгеріміне негізделген өзіндік моделі бар.

Дін саласындағы мемлекет саясатын өз өкілеттіктері шеңберінде бір қатар органдар жүзеге асырады. 2006 жылдан бастап бұл мәселедегі құзырлы орган - Әділет министрлігінің Дін істері Комитеті жұмыс істесе, 2011 жылынан бастап ҚР Дін істері агенттігі, 2016 жылғы Қазақстан

Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі құрылды. Сондай-ақ 2000 жылдан бері Үкімет жанындағы кеңес беру-ақылдасу органы болып табылатын Діни бірлестіктермен байланыс кеңесі жұмыс істеп келеді.

Сонымен қатар, ОБСЕ-нің белсенді түрде қолдауымен бірқатар үкіметтік емес ұйымдар (Халықаралық адам құқықтары мен заңдылықты сақтау бюросы, Алматы Хельсинки Комитеті), ғалымдар (з.ғ.д. Р.А.Подопригора, ф.ғ.д. А.И.Артемьев, п.ғ.к. И.Б.Цепкова) тарапынан ҚР-да діни бірлестіктердің жұмыстарын реттеуді тоқтату және бұл саладағы барлық шектеулердің алынып тасталуы үшін мемлекеттік саясатты өзгертуге бағытталған белсенді әрекеттер жасалуда. 2007 жылғы мамырдың 27-жұлдызында ОБСЕ-нің қамқорлығы аясында Алматы Хельсинки Комитетінің тапсырысымен Р.А.Подопригора және А.И.Артемьев тарапынан дайындалған дін саласындағы «Мемлекеттік саясат тұжырымдамасының» тұсау кесері өткен. Мұнда мемлекетке аталмыш саланы реттеуде «кеңестік» әдістерден бас тартып, дінге «бет бұру» ұсынысы жасалған. Ислам экстремизм діни ретінде, ал православие ҚР территориясында жойылып бара жатқан конфессия ретінде көрсетілген. Аталмыш сарапшылардың пікірінше, осы себепті ислам мен православие арасында «православтардың жаны» үшін бәсекелестік жүруде. Сонымен қоса протестанттық мүлдем жанжалсыз, бейбіт, проблемасыз конфессия ретінде көрсетілген. Әділет министрлігінің Дін істері комитетінің белсенді араласуымен бұл тұжырымдаманы келешекте де талқылау іс-шараларын өткізудің алды алынды.

ОБСЕ-нің бұл мәселедегі белсенді ұстанымы протестанттық ұйымдардың мүдделерін жақтауды және дәстүрлі ислам мен православие шептерінің күшеюіне жол бермеуді көздейтін «екі жақты стандарт» сипатында. Сондай-ақ Еуропа елдерінде бұрын да айтылып өтілгендей, тек дәстүрлі конфессияларды қолдау, солармен ғана ынтымақтасу саясаты байқалады. Бұл жайт тек соларды ғана заңнамада (қаржылық және басқалай жеңілдіктер беретін) ерекше мәртебедегі діни конфессия деп тану, келісімдер мен конкордаттар жасасу, теледидарда эфирлік уақыт беру, мектептерде, әскер арасында жұмыс жүргізуге рұқсат беру секілді тб. жайттар арқылы көрініс тапқан.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қандай да бір тұрғыдан қайта қарау стратегиялық маңызға ие. Құқық қорғау ұйымдары мен жоғарыда аталған сарапшылардың жұмыстарының астарында Қазақстанда дін саласындағы мемлекеттік саясаттың америкалық моделін қалыптастыру мақсаты байқалады. Ал бұл моделде саясатта, соның ішінде мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты мәселелерінде өз көзқарастырының жақталуына бағытталған істермен белсенді түрде айналысатын протестанттық шіркеулер айқындаушы роль атқарады.

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың өзі үш құрамдас бөліктен тұратынын атап айту керек: бұл идеология, заңнама және арнайы әдіс-тәсілдердің/технологиялардың құрылуын керек ететін идеология мен заңнаманы жүзеге асыру тәжірибесі. Діни ахуалды талдау нәтижелері діни жағдайға қолдау көрсету үшін халықтың тұрақтылығы мен бірлігін әрі қарай

сақтауға мүмкіндік беретін толық іс-шаралар кешенін дайындау қажеттілігін көрсетеді. Мұндай іс-шараларға прозелитизмге қарсы көзқарасты қалыптастыруға қатысты жұмыстар кешенін жатқызуға болады. Өйткені протестанттардың миссионерлік жұмыстары осы істермен ерекшеленеді (дәстүрлі конфессияларды ұстанушыларды өз діни сенімдеріне тарту).

Қазақстанның халықаралық имиджі. Ел Президентінің бастамасымен 1992 жылғы қазан айында әлемнің түрлі конфессиялары лидерлерінің басын қосқан Бірінші бүкіләлемдік рухани келісім конгресі өтті. Сол кезден бері Қазақстанда жыл сайын елдің басты діндерінің өкілдері қатысатын Халықаралық рухани келісім конгресі өтеді. 2012 жылғы қазан айының 18 жұлдызында аталмыш іс-шара өзінің жиырма жылдық мерейтойын атап өтті.

Бұл Қазақстанның мәдениеттераралық және дінаралық үн қатысудың маңызды халықаралық орталықтарының бірі ретінде жұмыс жүргізуге тырысып жатқанын тағы бір рет көрсетті.

Дінаралық үн қатысудың қазақстандық тәжірибесін әлемдік діндер лидерлері де мойындады және қолдау көрсетті. Астанада 2003, 2006, 2009 және 2012 жылдары әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің төрт съезі өтті. Бұл іс-шараарға діни конфессиялар лидерлері ғана емес, Еуропа мен Азия елдерінің саяси қайраткерлері, ғалымдары мен сарапшылары, БҰҰ, ОБСЕ, ЮНЕСКО секілді халықаралық жетекші ұйымдардың лидердерлері мен өкілдері келді. Съездердің мақсаты – адамзат баласының рухани, саяси, әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан өзекті проблемаларының шешімі үшін әлемдік діндердің қолындағы үлкен мүмкіншіліктер мен қорларды қолдану қажеттілігін көрсету. Осы себепті Қазақстан Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің жақындасуында, діндер үн қатысуында маңызды роль ойнайды. Ұлтаралық және дінаралық келісімнің моделі Қазақстанның кемсітушілікпен күрес, өзара құрмет пен түсіністікті ынталандырудың жалпы әлемдік процесіне үлесі ретінде тек республика территориясында ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемдік қоғамдастыққа таралуда.

Сондай-ақ Инжілдік христиан-баптистер кеңесі, Кришна санасының қоғамы, Иегова куәгерлері тб діни бірлестіктердің және Халықаралық адам құқықтары мен заңдылықты сақтау бюросы, Алматы Хельсинки Комитетінің, Сараптама қоғамдастығының кейбір өкілдерінің жұмыстарында Қазақстанның имиджін дискредиттеу менсінбеу әрекеттері көрініп қалады. Қазақстанның дінаралық келісім тұрғысынан жағымды үлгі болуын жою әрекеттеріне және әлемдік қоғамдастық алдында Қазақстан туралы жағымсыз имидж қалыптастыруға жол бермеу үшін Сыртқы Істер министрлігімен, Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірге шет елдерде ақпараттық-үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу керек. Осындай бағытта жұмыс істеуге ҚР Президентінің бастамасымен құрылған Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы да шақырылған.

Қазақстанның мемлекеттік-конфессиялық саясаты дәстүрлі конфессияларға қолдау көрсетудің еуропалық тәжірибесін қолдануды ескере отырып, дамытуды қажет етеді. Діни бірлестіктермен байланыстар кеңесінің

барлық атқару органдарының жұмыстарын үйлестірудегі ролі ескеріле отырып, оның (кеңестің) жұмыстары үшін ұзақ мерзімді стратегияның дайындалуы тиіс. Сонымен қатар, тоталитарлық діни бірлестіктер жұмыстарын зерттейтін ведомстволар аралық арнайы комиссия құрылуы керек. Олардың жұмыстарының нәтижесі - тоталитарлық немесе деструктивті ұйымдардың критерийларын айқындау, мұндай ұйымдардың жұмыстарының алдын алу іс-шаралары, діни ахуалдың келешегі туралы болжам жасау болуы тиіс.

**Нормативтік құқықтық актілер:** [1, 2, 3];

**Негізгі әдебиеттер:** [4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 19, 20];

**Қосымша әдебиеттер:** [21, 22, 23, 29, 34, 35];

**Ғаламтор көзі:** [42, 50, 51, 55, 56]

## СЕМИНАР САБАҚТАРДЫҢ ЖОСПАРЫ.

### 1-Тақырып. Дінтану ғылым ретінде. Қазіргі дінтанудың ұғымы және санаттары.

*Семинар 2 сағат*

#### Семинар жоспары №1 (1 сағат)

##### Сұрақтары:

1. Діннің құрылымы және функциялары.
2. Діни наным – сенімдер.
3. Діни көңіл – күй мен сезім.

**Тапсырмалары:** Дін тарихын зерттеудің ғылыми тәсілінің принциптерін жазыңыздар. Дінге ғылыми және теологиялық көзқарастарды салыстырыңыз.

